өндіріс пен өнеркәсіп технологиялары тозған жағдайда біз егемен мемлекет тарих сахнасына ендік. Республика аумағында жұмыс істейтін барлық мекемелер мен кәсіпорындарда жалақы мен мемлекеттік әлеуметтік төлемдерді өтеуге қаржы тапшы. Мемлекеттік басқару жүйесі жан-жақтан қаумалаған проблемаларды жедел шешуге қауқарсыз. Дүкен сөрелерінде халыққа күнделікті қажетті тауарлар мен азық-түлік жеткіліксіз. Өңірлерде жеке мүдде мен популистік ұпай жинауға тырысқан кейбір топтар ахуалды ушықтыруға тырысты. Әлеуметтік толқулар мен митингтер орын алып жатты. 1993 жылғы қабылданған Конституция мемлекеттік билік тармақтарының өзара тепе-теңдігі мен қарым-қатынасын реттеуге қауқарсыздық танытты. 1994 жылы он үшінші шақырылған Жоғары Кеңес саяси дағдарыс нәтижесінде өзін-өзі тарату жөнінде шешім қабылдады. Осы саяси күрделі кезеңде ел халқының басын біріктіретін, этностық, нәсілдік ерекшеліктеріне қарамастан қоғамның барлық өкілін ортақ мақсатқа жұмылдыратын беделді ұйым құру тарихи қажеттілік еді.

1995 жылғы 1 наурызда Мемлекет Басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы Жарлыққа қолды. Жарлыққа қол қойылған сәттен бастап, Ассамблея қоғамдық маңызды саяси іс-шаралардың бел ортасынан көрініп, қоғамдық маңызды істердің қозғаушы күшіне айнала білді. 1995 жылғы 24 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясының бірінші сессиясы шақырылды. Сессия жұмысына мемлекеттік құрылымдардың басшыларынан бөлек шығармашылық интелгенция, қоғам мен мемлекет қайраткерлері және еліміздегі саналуан ұлыс өкілдері қатысты. Аталған сессияда Ассамблея мүшелері Мемлекет Басшысының өкілеттілігін кеңейту туралы ұсыныс жасады. Сессияда баяндама жасаған Президент Н. Ә. Назарбаев «Мен, еліміздің Президенті ретінде қоғамдық тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуді өзімнің басты міндетім деп санаймын», - деп нақты атады. Осы жиында Елбасы ұлттық саясат мәселелерін қорытындылай отырып, оның алдағы уақытта да айқын және әділетті принциптер негізінде жұмыс істейтінін айтты. Аталған принциптерді берік ұстанудың арқасында Қазақстан тек этностық, діни негіздегі қақтығыстардың алдын алып қана қоймай, мемлекеттік ұлттық саясат саласындағы реформаларды жүзеге асыра отырып, қарқынды даму жолына түсті. 1995 жылы 29 маусымда өткізілген Қазақстан халқы Ассамблеясының екінші сессиясында Елбасы Н. Ә. Назарбаев тұңғыш рет Негізгі заңның басты басымдықтарын айқындап, Ата заңның жобасын алғаш рет

қоғамдық талқылауға ұсынды. 30 тамыз күні жалпыхалықтық референдумда республика халқы елдің жаңа Конституциясын қолдап дауыс беріп, құқықтық және демократиялық мемлекет құру бағытында тарихи таңдау жасады. Бұл елде өтпелі ауыр кезеңнен кейінгі күрделі саяси-экономикалық, конституциялық реформаларды бел шеше іске асыруға бетбұрыс жасалған сәт еді. 1996 жылы өткен Ассамблеяның үшінші сессиясында мемлекетаралық ықпалдасуды жетілдіру, егемендікті нығайту және қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мәселелері талқыға салынды. Қазақстан азаматтарының ұлттық идея айналасында ұйысуы маңызды екендігі айтылды. Ассамблеяның төртінші сессиясы ерекше жағдайда өтті. Өйткені, сессия бірінші рет жаңа астанамызда өткізілген болатын. Келелі басқосу Астанада өткен тұңғыш жалпыұлттық шара болатын. Сессияда сөз алған Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев еліміздің өткен тарихына баға беріп, қоғамдық келісім біздің тарихи таңдауымыз екендігіне ерекше тоқталды. Алғашқы баламалы Президент сайлауында жеңіске жеткен Елбасыны ресми ұлықтау салтанаты өткен күннің ертесі 1999 жылғы 21 қаңтарда - Ассамблеяның бесінші сессиясы шақырылып, ол «Ұлттық келісім - Қазақстанның тұрақтылығы мен дамуының негізі» тақырыбына арналды. Сессияда Елбасы Қазақстан дамудың даңғыл жолына түскенін айтып, қиын-қыстау кезеңде елден қоныс аударған азаматтарды ата қонысқа оралуға шақырды. Ассамблеяның алтыншы сессиясы жаңа мыңжылдықтағы елдің мемлекеттік ұлттық саясатындағы басым бағыттарды айқындауға арналды. Еліміздің сындарлы дамуы үшін әрбір азаматтың ұстанымы мен отансүйгіштігінің маңызды екендігі сөз болды. Ассамблеяның кезекті жетінші сессиясы Мәдениетті қолдау жылы ретінде белгіленген 2000 жылғы 15 желтоқсанда өтті. Сессия барысында ұлт саясатында жаңа кезең - азаматтық біртұтастықтан мәдени ортақтастыққа қадам басу туралы бастама көтерілді. Президент Н. Ә. Назарбаев өз сөзінде «қазақ мәдениеті объективті тұрғыдан күллі Қазақстан халқының мәдени ортақтастығын бойына сіңіріп әкетпейтін, қайта төңірегіне топтастыратын ұйытқы болуға тиіс» деп көрсетті. Аталған сессия жұмысы этносаралық қарым-қатынастың қазақстандық үлгісін жетілдіруге елеулі үлес қосты.

Тәуелсіздіктің он жылдығы қарсаңында өткен Ассамблеяның сегізінші сессиясында қазақстандық қоғамды терроризм мен экстремизмге қарсы топтастыру, экономика және әлеуметтік мазмұндағы этностық саясат ауқымын кеңейту, жастарды

патриоттық рухта тәрбиелеуді күшейту, жалпы қазақстандық мәдениеттің одан әрі дамуына ықпал ету, мемлекеттің ұлт саясатын іске асыруда Ассамблея жұмысының тиімділігін арттыру мақсаттары айқындалды. 2002 жылғы 15 қарашада өткен Ассамблеяның тоғызыншы сессиясында Қазақстанның ерекшелігін ескере отырып, ұлттық қауіпсіздік және ұлттық саясатты жүргізу мәселелері көтерілді. Өз сөзінде Президент Н. Ә. Назарбаев «Елімізде орнаған этносаралық келісім үлгісі әлем мемлекеттеріне көпұлтты қоғамдағы азаматтық бейбітшілік тәжірибесі ретінде ұсынылды» деп атап өтті. Ал, Ассамблеяның оныншы сессиясы еліміздің экономикалық жүйелі даму жолына түскен 2003 жылғы 20 тамызда шақырылды. Сессия барысында мемлекеттік ұлттық саясат тетіктеріне оң баға берілді. Сессияда Президент Н. Ә. Назарбаев «Біздегі ұлттық келісім - бүкіл осынау жылдар бойында азаматтық қоғам институттарының қолдауы жағдайындағы мемлекеттің тынымсыз жүргізілген жұмысының нәтижесі» деп көрсетті. Сондай-ақ Елбасы діни мерекелер Құрбан-айт пен Рождествоны мерекелік демалыс күндері деп белгіледі ұсынды. 2005 жылғы 22 қарашада өткен Ассамблеяның кезекті он екінші сессиясында Президент Н. Ә. Назарбаев бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыру мәселесін алға қойып, сауатты ұлттық саясаттың, қазақстандық патриотизм мен тіл саясатының маңызды екендігін атады. Мемлекеттік тілді дамыту бірінші кезектегі басымдық ретінде айқындалды. Ассамблеяның он үшінші сессиясында: «Біз қоғамды басты ұлттық басымдықтар төңірегінде топтастыруға тиіспіз: олар - тыныштық, тұрақтылық және келісім» тақырыбы күн тәртібіне көтерілді. Сессия барысында Парламент Мәжілісіне Ассамблея атынан 9 депутат сайлау туралы шешім қабылданды. Ассамблея консультативті-кеңесші орган деңгейінен конституциялық орган мәртебесіне ие болды. Демократиялық үрдістерді одан әрі ырықтандыруға бағытталған конституциялық реформалар нәтижесінде Ассамблеяның саяси мәртебесі жаңа деңгейге көтерілді. Алдымен Ассамблея атауындағы бұрынғы «халықтары» сөзі «халқы» сөзімен алмастырылды. Бұл өзгеріс елдегі ұлттық бірлік сипатын конституциялық деңгейде сәйкестендіру бағытындағы бетбұрыс кезең еді. 2008 жылғы 23 қазанда өткен он төртінші сессия Ассамблеяның жаңа кезеңге қадам басқанын айқындап берді. Бұл тұрғысында Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «Бүгінде біздің алдымызда келесі стратегиялық мақсат тұр, Ассамблея қызметінің жаңа сапалық кезеңі басталды. Қазақстан халқы Ассамблеясы кез-келген дағдарысты, кез-келген

қатерлер мен қауіптерді жеңе алатын біртұтас және ұйымдасқан Қазақстан халқын қалыптастыру процесін жалғастыруы тиіс» деп көрсетті. 2009 жылғы 26 қазанда өткен Ассамблея сессиясында Қазақстанның Ел бірлігі доктринасы талқыланды. Елбасы Н. Ә. Назарбаев Ел бірлігі доктринасының басты бағыттарын және маңызын айқындады. Елбасы «Доктрина әрбір қазақстандық саясаткердің «үстел кітабы», әрбір депутат, басқарушы, ғалым және журналистің іс әрекетінде жетекші құрал болы тиіс» деп көрсетті. Осы жылдар ішінде Ассамблея қабырғасында елдің даму жолын айқындайтын Ассамблея стратегиясы, Қазақстан Республикасының тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, «Қоғамның идеялық ұйысуы - Қазақстанның дамуының басты шарты» тұжырымдамасы, Қазақстанның Ел бірлігі доктринасы сынды іргелі құжаттар қабылданды.

Қазақстан Елбасының сауатты саясатының арқасында халықаралық нормаларға сәйкес Қазақстан шекарасын айқындау, оны көршілер тарапынан мойындату және нығайту бағытында орасан зор міндеттерді жүзеге асырды. Солтүстік көршіміз - Ресей Федерациясымен шекара сызығы айқындалып, қос ел арасындағы әлемдегі ең ұзын шекара шектері заңды құжаттармен бекітілді. Ата тарихымыздан бері нақты ресми шегі белгіленбей келген Қазақстан - Қытай шекарасы айқындалып, беделді сарапшылар тарапынан Қазақстан үшін өте нәтижелі келісім деп бағаланды. Елбасы Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында Семей ядролық полигонын жабу, қуаты жөнінен әлемдегі төртінші зымырандық-ядролық арсеналдан бас тарту және оның инфрақұрылымын толықтай жою жөнінде тек еліміз ғана емес, әлемдік қауіпсіздік бағытында маңызы ерен тарихи шешім қабылдады. Қазақстан барша әлемге өзінің бейбіт ниетін паш етті, халықаралық қауымдастықтың сеніміне ие болды. Үстіміздегі жылы Қазақстанның бастамасымен БҰҰ Бас Ассамблеясы 29 тамызды Ядролық сынақтарға қарсы әрекеттің халықаралық күні ретінде жариялау туралы қарар қабылдады. Жаппай қырып жою қаруына қатысты Қазақстан негізге алған ұстаным бүкіл әлемге үлгі болып отыр. Шетелдік әріптестер Қазақстанды аймақтық қауіпсіздіктің көшбасшысы ретінде мойындап, ел экономикасына батыл инвестиция сала бастады, шетелдік тұрақты өкілдіктер ашылды. Қазақстан этносаралық татулық пен ауызбіршілік бағытында әлем елдерін таң қалдырған жетістікке қалай жетті? Әлемнің дамыған елдері тарапынан ұлтаралық түсіністік саясаты бойынша Қазақстан

тәжірибесін енгізуге мүдделілік қалай пайда болды? Қазақстан ең алдымен елімізді мекендейтін барлық тұрғынды этностық, нәсілдік ерекшеліктеріне қарамастан, біртұтас, унитарлы мемлекеттің азаматы ретінде қарастырып, тең мүмкіндіктер бере білді. Этностық топтардың өз тілі мен дәстүрін, әдет-ғұрыптарын дамытуға толықтай мүмкіндіктер жасалды. «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заң арқылы этностық-мәдени орталықтар құру жүйелі жолмен іске асырылды. Қазір Қазақстанда қазақ, орыс тетарларымен қатар көріс, неміс, ұйғыр, өзбек театрлары жұмыс істеп, этностық топтардың газет-журналдары жарық көруде. Аталған істердің ұйытқысы, этносаралық түсіністіктің өзегі - Қазақстан халқы Ассамблеясы. Ел Конституциясын сақтау, әрбір қазақстандық азаматқа тең мүмкіндіктер беру, олардың құқықтарын құрметтеуге негізделген Ассамблея идеясы адамзат тарихында адами -рухани өлшем тұрғысынан асқақ идея. Оның жұмысы қазақ халқының бауырмалдығы мен кеңпейілділік қасиетіне негізделі отырып, елімізде тұратын барлық ұлыс өкілінің ықпалын ел дамуына, өркендеуіне бағыттауға, үйлестіруге бағытталған. Ел бірлігін қамтамасыз ету - кез-келген демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың айнымас негізгі шарты. Мемлекеттің экономикалық өсіп-өркендеуі, әлеуметтік ілгерілеуі, демократиялық дамуы қоғам бірлігі ұйысқан жағдайда ғана жүзеге асуы мүмкін. Ал қалған міндеттерді шешу жолында әлем мойындаған Қазақстанға қажетті экономикалық, саяси және әлеуметтік ресурстар жеткілікті.

«Бақ та тақ та таласқанға бұйырмайды, халықтық істе жарасқанға бұйырады», деген дана бабаларымыз. Сондықтан да атқаратын игілікті істеріміз халқымыздың болашағын бірлігімізбен берік етсін.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев Н.А. Идейная консолидация казахстанского общества – как условие прогресса Казахстана. Алматы, 1993.
2. Конституция Республики Казахстан. Алматы, 2007.
- 3 Назарбаев Н.А. Выступление на III сессии Ассамблеи народа Казахстана //Казахстанская правда, 1996, 30 апреля.
- 4 Назарбаев Н.А. Выступление на IV сессии Ассамблеи народа Казахстана //Казахстанская правда, 1997, 6 июня.

## ЭТНОСАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ – САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

ҚАЛДЫБАЙ Б. О.  
математика пәні мұғалімі, Қ. Күлетов атындағы №92 орта мектебі,  
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

Полиэтникалық Қазақстан Республикасында этносаралық қарым-қатынастар ерекше көңіл аударуды қажет ететін өзекті мәселелер қатарына жатады. Елімізді мекендейтін барша 140 этнос өкілдерін біріктіретін ортақ тарихи тағдыр, достық, туысқандық бірдейлік қазіргі таңда бір мақсатқа, бір мүддеге, бір болашаққа жетелейтін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру бағытында күш біріктіруге.

Кеңес Одағының ыдырауы мен тәуелсіздіктің ақ таңы атқан алғашқы жылдары елімізде этностық толқулар күшейді. Бұл аумалы-төкпелі уақыт туралы Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында: «Ең қауіптісі – олар таза ұлттық сипат ала бастады. Ұлт мәселесінің соншалық асқындауы әуелі теориялық дәрменсіздіктен етек алды», - деп жазған еді. XX ғасырдың соңында еліміздегі бұл үдерістер тек Кеңес мемлекетінде ғана емес, сонымен қатар, бүкіл әлемде орын алған ауқымды ұлттық оянудың көріністері болатын. Осы ретте, Елбасы ел бірлігін басты назарда ұстай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясын құруды қолға алды. Мемлекет басшысының көреген бұл идеясы 1995 жылы жүзеге асып, ұлт пен ұлысты бір арнаға тоғыстырған саяси ұйым дүниеге келді.

Кеңес өкіметінің ыдырауымен ұлт саясатындағы келеңсіз жағдайлар, мәселен, бір ұлтты жоғары қою арқылы басқаларын төмендетуге, екінші қатарға ысырып тастауға, империялық көңіл күйге тосқауыл қойылды. Ұлт мәселесі ақылды, парасатты шешімдері қажет ететіндігі мойындалды.

Әрбір қазақстандықтың өзін, ең алдымен, қазақстандық екендігін, сонан кейін өз ұлтының перзенті екендігін сезінгенде ғана этносаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениеті қалыптасады. Сонда ғана ұлттық келісім мен шынайы саяси және қоғамдық тұрақтылыққа қол жеткізуге болады. Ол жаңа қазақстандық патриотизмге негізделуі қажет. Этностық топтар арасындағы келісім – барша азаматтардың нәсіліне, ұлтына, діни сеніміне қарамастан қашанда бір-біріне қол ұшын созуға деген психологиялық тұрғыдан дайындығы, достық қарым-қатынасын бейнелейді.

Қазақстанның дамуы, өсу, өркендеу жолындағы басым бағыттарының бірі- қоғамдық келісім, этносаралық қарам-қатынас мәдениетінің жоғары деңгейі екені даусыз. Әрине, ұлттық келісімге келгенде, әрбір адамның азаматтық құқы сақталуы шарт екендігі түсінікті. Сонымен қатар елдегі саяси тұрақтылықтың кепілі ретінде этносаралық келісіммен бірге халықтың әл-ауқатының жақсаруы да өз септігін тигізетіні сөзсіз.

Бүгінгі күні, Қазақстан Республикасы Конституциясы еліміздің қоғамдық келісімді қамтамасыз етіп, оның саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани салаларда қарыштап дамуына негіз болып отыр. Бұл туралы Президентіміз Н. Назарбаев «1995 жылы қабылданған Конституция Қазақстанда реформаны жүргізудің аса қуатты серпіні болғанан мақтанышпен айта аламын. Көп жағдайда, оның ережелерінің арқасында, аздаған мерзімдердің ішінде ғана жас мемлекеттің экономикасы мен саясатында ұлтаралық тұрақтылықта аса үлкен жағымды нәтижеге жеттік» - деп жазды.

Ата өаңымыздағы «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы...»деп басталатын конституциялық идея Қазақстан халқын біртұтас мемлекеттің тең құқылы, ерікті азаматтарының саяси қауымдастығы ретінде танып, олардың этникалық, мәдени ерекшеліктеріне қарамастан бір елдің азаматы ретінде сезінуіне, жақындасуына, әрі бүгінгідей ұлттық бірліктің қалыптасуына жол ашты.

Конституциямыздың 1-бабында әлем елдері конституцияларының ешбірінде де кездеспейтін ерекше норма бекітілген. Яғни, Қазақстан Республикасы Конституциясы 1-бабының 2 тармағында «Республика қызметінің қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық», – деп атап көрсетілуі де осы ойымызды бекемдеп, нықтай түседі.

Еліміздің қазіргі даму белесіндегі этникааралық татулық пен этносаралық қарым-қатынастардың негізгі дінгеі ретінде Елбасымыз қазақстандық табыстың үш кілтін көрсеткен болатын. Олар:

Бірінші. 140 этностың басын құрайтын барлық қазақстандықтардың бірлігі- бұл ғаламат құндылық.

Екінші. Біздің барлығымызға және әрқайсысымызға тән тағаттылық.

Біздің әралуандығымыз біздерді бөлмейді, қайта біріктіруші факторға айналуы керек.

Үшінші. Бұл тарихи тағдырымыздың ортақтығы.

Президент Н. Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI – сессиясында сөйлеген сөзінде: «Қазақстан

халқының этностық және мәдени саналуандығы мен төлтумалығын сақтауға байланысты жаңа қадамдар іздеген жөн», - деген ұйғарым жасаған еді. Сол себепті, этникааралық қатынастарды жетілдірудің өзекті мәселелерінің бірі ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және дамыту, оған тәрбиелеу мәселесі болып табылады. Осы орайда, мына бір ойды ескерген жөн деп білеміз. Біріншіден «Әкімшілік кодексі» мен «Қылмыстық кодексте» этносаралық жағдайды ушықтыратын қылмысқа деген жазаны қатайту керек. Әрине, Конституция бойынша, барлық қылмыс және оны жасаған адамдар тең болуы шарт. Бірақ этносаралық қақтығысқа себеп болған қылмыстың орны да, деңгейі де түрі де ерекше, сондықтан оған берілетін жаза да артық болуы керек. Сонымен қатар, ұлттың намысына тиетін, ұлтты қорлау немесе оның тіліне, әдет-ғұрпына, дініне мазақ ретінде бағытталған сөздер мен сөйлемдерге, мақалаларға да жаза тағайындау шарт. Бұл турасында Елбасымыз «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты лекциясында да айтып өткен. Екіншіден, мемлекеттік тұрғыда этносаралық қақтығыстарды болдырмауға бағытталған тәрбие жұмыстарын кеңінен жүргізу керек. Жастарды тарихпен тәрбиелеу назардан тыс қалып бара жатқандай. Мектеп оқулығында қазақ жеріне диаспора өкілдерінің қалай, қашан келгендігі туралы мәлімет жоқтың қасы. Қазақ жеріне Сталиннің бұйрығымен зорлықпен көшірілген сан түрлі халық өкілдерінің трагедиясы, оны қазақ халқының қалай қарсы алғаны туралы деректі, көркемсуретті фильмдер өте аз. Осынау олқылықтың орнын толтыру кезек күттірмейтін істердің бірі. Үшіншіден, түрлі этнос өкілдерінің жастарын жақындастырудың жолдарын табу керек. Бұл спорттық ойындар болар, мысалы: Лондон Олимпиадасының жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің этностық ерекшеліктеріне қарамастан, Қазақстан халқы олардың жеңістеріне қуанды және олармен мақтанады. Сонымен қатар бірге өткізетін іс-шаралар орны ерекше, себебі бір жерде тұрған этностардың арасында түсінушілік бірге өткізетін іс-шаралардан тұрады. Және бұндай жұмыстардың барлығы тек қана мемлекеттік тілде жүргізілуі керек деп білеміз.

Жалпы Қазақстан Республикасындағы ұлт саясатының бағдарламасы саяси тұрақтылықтың кепілі болып қала бермек. Күллі қазақстандықтардың теңдігін қамтамасыз ету үшін әділеттік принципі мен этносаралық татулық мәселелері негізін қалыптастыру және оны дамыта білу өте маңызды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы жүздеген ұлттың басын қосып, арман-тілегін бір арнаға тоғыстырғын толеранттылықтың өзге елде жоқ ерекше үлгісі. Аумалы-төкпелі заманда жерімізге қоныс тепкен түрлі этностардың тағдыры бүгінде қазақ елімен бір. Олардың бүгінгі күні бір ғана Отаны бар. Ол – елдігін биік ұстаған Қазақ елі.

Бүгінгі күні ел іргесін нығайту, халықтар бірлігін сақтау, бейбітшілік деген қасиетті ұғымды баянды ету жолындағы ауқымды шаралар мен нақты қадамдар Елбасы Н.Назарбаевтың көрген саясатының арқасында жүзеге асуда. Сондай іргелі де игі бастаманың бірі Президент Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы еді. 1995 жылы 1 наурызда Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган ретінде құрылған ұйымының ел тарихында алар орны зор.

Елбасы Н. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылына арналған Қазақстан халқының бірінші форумында жариялаған болатын. Десе де, 20 жылдың ішінде ҚХА қарқынды дамып, этносаралық қатынасты дамыту мен қоғамдық келісімінің нығаюы жолында ауқымды жұмыстар жасап, елеулі өзгерістерді бастан кешіріп келеді. Оның дамуы барысында этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімінің қазақстандық үлгісі қалыптасты. Сондай-ақ, Ассамблеясының институционалдық құрылымы нығайып, қоғамды ұйыстырушы әлеуеті толысты, ол халық дипломатиясының маңызды күретамырына айналды. Оған қоса, еліміздегі барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстыра отырып, республикадағы тұрақтылықты сақтау мен ел дамуының мақсатына айтулы үлес қосып келеді. Қазіргі сәтте Ассамблеяның негізгі міндеттері болып этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету мен қоғамда этносаралық келісімді және толеранттылық одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау; халық бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негіз қалаушы құндылықтары мен бостандықтарына қысым жасауға бағытталған әрекеттерге қарсы тұруда мемлекеттік органдарға жәрдемдесу; азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениет қалыптастыру; Ассамблеяның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін этномәдениет және өзге де қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіруді қамтамасыз ету; Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін өркендету, сақтау және дамыту саналады.

Көпұлтты қазақ елі Ассамблеяны құру арқылы этностық немесе діни ерекшеліктеріне қарамастан барлық ұлттың мәдениеті мен тілдерін, олардың дәстүрлерінің дамуына қажетті жағдай жасауды. Жыл сайынға халықтық мерекелер Наурыз, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі, Масленица, Сабантой, Рождество мерекелерін бір халық болып тойлау Қазақстанда дәстүрге айналды. Себебі, өзгелерді өзектен теппей, өз бауырларынан кем көрмеген қазақ жұртының оларға деген құрметі ерекше. Осындай татулықтың негізінде елімізде барлық ұлт пен ұлыстың теңдігі, еркіндігі тұрақты сақталып отыр. Егер мемлекеттің қалыптасу кезеңінде басты міндет этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісім негізінде қоғамды ұйыстыру болса, ел дамуының жаңа кезеңінде Қазақстан бұл үдеден шыға білді. Мұның дәлелі ретінде 2010 жылы қабылданған азаматтық қоғам мен мемлекеттік институттардың, азаматтардың сындарлы ұсыныстарын жинақтаған Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасын айтуымызға болады. Сонымен қатар, 2008 жылы 20 қазанда қабылданған «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңы да ел ішіндегі бірлікті одан әрі бекемдей түсуге берік негіз қалады. Бүгінде бұл заң еліміздегі ұлттық саясатты іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету мен мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындап отыр.

Осындай ел бірлігі мен ынтымағын арттыру жолында жұмыс жасап келе жатқан ҚХА қазір аясын кеңейтті. Ассамблеяның жұмысын жандандыруда сан ұлттың баласына саялы мекен болған Сыр өңірінің алар орны ерекше. Себебі, облыста 35-тен астам ұлт пен ұлыс тату-тәтті өмір сүруде. Сондай-ақ, олардан құрылған 11 этномәдени бірлестік жұмыс жасап, өздерінің мәдениетін, салтын, ұлттық құндылықтарын дәріптеп келеді. Сонымен бірге өткен жылы облыс әкімінің қаулысы негізінде 27 штаттық бірлігі бар қоғамдық келісім орталығы ашылып, өз жұмысын бастады. Мамандар тек облыс орталығында ғана емес, аудандарды да қамтып отыр. Яғни, 7 ауданда экспорт мамандар жұмыс жасауда. ҚХА облыстық филиалы хатшылығының өңірдегі тыныс-тіршілігі мұнымен шектелмейді. Аймақта этномәдени бірлестіктер жанынан жастар қанатын құру, көпұлтты оқушылары бар мектептерде толеранттылық клубтарын ашу, Аналар кеңесінің жұмыс жасауы, жоғары оқу ордасында Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының ашылуы жүйелі

де нәтижелі жұмыстың атқарылып жатқандығынан хабар береді. Биылғы жылдың өзінде мерейтой аясында ҚХА–ның облыстық филиалы хатшылығы 80-дей шара өткізуді жоспарлауда.

Жалпы алғанда, негізінен Ассамблея жұмысының арқасында біздің елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімінің бірегей моделі, әрбір азамат этникалық және діни ерекшелігіне қарамастан, Конституцияда кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалана алатындай ерекше сенім, ынтымақ, өзара түсініктік ахуалы қалыптасты деп айта аламыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2007, Астана, 2008. Б. 672

2 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995. – 30 тамыз. 10 Б.

3 Назарбаев Н.А. «Шынайы конституционализмсіз ашық өркениетті қоғам жоқ». //Қазақстан Республикасы Конституциясының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Жеті Жарғы, 1996. 14 Б.

### ЫРЫС АЛДЫ ҰНТЫМАҚ

МЕРКЕЕВА А. Т.

информатика пәні мұғалімі, Қ. Күлетов атындағы №92 орта мектебі,  
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

Әр халықтың тілі – қайнар судың тұнбасындай мөлдір, ал дәстүрі саф алтындай бағалы, ән-жыры үн болған шалқар дариясы. Сондықтан бейбітшілік пен татулықтың тоғысында елдің болашағы жастар болып, бұл мерекені тойламақпыз, өйткені бұл беріктігіміздің айнасы, татулығымыздың тұтқасы. Баршамызды бір шаңыраққа біріктірген Отанымыз тұрғанда біз Достыққа сенеміз!» – деп өздерінің еліміздің жарқын болашағына деген сенімдерін білдіріп, білім мен өнерді, жанашылдық пен ізгілікті, достық пен бірлікті өздеріне үлгі тұта біліндер.

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні. 1995 жылдың наурызында дүние жүзіне үлгі болып отырған, ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың феномені – Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылды. Бұл ешбір елде болмаған ерекше, саяси маңызы зор құрылым.

Ассамблея 365 мүшесі, 471-ден астам республикалық, өңірлік, облыстық, қалалық ұлттық-мәдени бірлестіктері 500-ге жуық

кіші ассамблея мүшелерінің бастарын біріктіріп, біздің ортақ үйіміз – Қазақстанда шынайы достықты қамтамасыз етіп келеді. Бүгінде әрбір ұлтқа салт-дәстүрлерін жаңғыртуға, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, тілінің жетілуіне қамқорлық көрсетілуде. Осының бәрі Елбасының қоғамдағы азаматтық ынтымақтастық пен ішкі саяси тұрақтылықты сақтау стратегиясын дұрыс тандап, ұлтаралық қатынастарды реттеудің тиімді тетіктерін жасай білуінің арқасында мүмкін болуда. Өзара түсіністік, ұстамдылық, әр түрлі ұлттар өкілдерінің рухани және мәдени құндылықтарына құрметпен қарау әдеби барлық этностарға ортақ жалпы халықтық идеалдар мен қасиеттерді қалыптастыруға әсер етті. Нәтижесінде әрбір ұлт конституциялық-құқықтық заңнама негізінде өзіне тән этностық ерекшелігін сақтай отырып, Қазақстанның қоғамдық құрылымына үйлесті сіңісе білді.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында айтылған мәселелер қатарында ерекше көрсетіліп кеткен бағыттың бірі — Қазақстан халықтары Ассамблеясының рөлін нығайтуға байланысты «Қоғамдық келісімді және тұрақтылықты әрі қарай нығайту үшін Қазақстан халықтары Ассамблеясының рөлін арттыру» мәселесі. Бағыттың бұлай аталуының өзі өзіндік этносаралық және конфессияаралық келісімнің жетілдірілген моделі қалыптасқан Ассамблеяның ұлтаралық қарым-қатынасты нығайтудағы ерекше орган болып табылатындығын көрсетеді.

Қазақстанның саяси жүйесінде маңызды тұтқа болып табылатын Ассамблея бүгінгі таңда барлық этностардың мүддесін ортақ қазақстандық мүддеге айналдыруды, ұлттық ерекшеліктеріне қарамастан барлық азаматтардың құқығы мен еркіндігін сақтауды қамтамасыз ететін қоғамдық институт ретінде толығымен қалыптасты. Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен этностар қалыптастырған ел бірлігі мен тұрақтылықты сақтауға бағытталған қазіргі мол тәжірибе этносаралық проблемаларды шешудің әлемдік тәжірибесіне енуде.

Жолдауда атап көрсетілгендей, «қоғамдық келісімді әрі қарай нығайту еліміздің қалыпты дамуы мен әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру тәрізді үстеме міндеттерді шешудің негізі болып табылады».

Жолдауда «Қазақстан халықтары Ассамблеясының практикалық қызметі мен жауапкершілігі аясын кеңейтіп, оның беделін барынша арттыра беру, әсіресе, заңнамалық деңгейде арттыру қажет» деп көрсетілген. Осыған орай Ассамблея жұмысы

маңыздылығын арттыру мақсатында оның ғылыми және құқықтық базасын жетілдіру қажеттілігі тәрізді өзекті мәселе күн тәртібіне қойылып отыр.

Жалпы, Елбасы келешекте Ассамблеяның республикамыздың алдағы даму уақытының жаңа кезеңінде келесі төрт міндетті дәйекті түрде шешу керектігін атап көрсетті. Олар: Қазақстандағы ұлтаралық тұрақтылықтың кепілі бола алатын, елдегі бейбітшілікті қамтамасыз етудің негізі болып табылатын халықтардың бірлігін нығайту және Қазақстан қоғамын жаңартудың саяси идеология мен ағымдағы «сұраныстан» биік тұратын негіз қалаушы құндылықтары бойынша арнайы қоғамдық келісімді қолдау мен дамыта беру, біртұтас қазақстандық қоғам құрудың негізі болып табылатын Қазақстанның барлық азаматтары үшін олардың ұлттық, әлеуметтік шығу тегіне қарамастан, тең мүмкіндіктерге негізделген біртұтас азаматтығын нығайту, қоғамдағы этносаралық және конфессияаралық келісім мен ықыластылықты одан әрі нығайтуға қажетті қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені, сондай-ақ келеңсіз оқиғаларды болдырмау және әрбір азаматтың конституциялық мүддесін қорғауға бағытталып отырған қоғамдағы экстремизм мен радикализмнің кез келген көріністеріне және біздің азаматтарымыздың конституциялық құқықтарына қысым жасауды көздейтін әрекеттерге қатаң, әрі дәйекті түру міндеттері болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстан халықтарының Ассамблеясы – ұйымдық құрылым ғана емес, ол біздің өміріміздің ажырамас бөлігі, біздің тыныштығымыз бен бірлігіміздің белгісі. Өткен уақыт ішінде Қазақстан халықтары Ассамблеясы ұйымдық жағынан нығайып, өз іс-қимылдарының тиімді бағытын тапты, мемлекеттік құрылыс процестеріне, трансформациялық әлеуметтік-экономикалық жаңғырту, саяси тәуелсіздік және егемендік жағдайында принципті жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастыруға оңды, жан-жақты және тиімді ықпал етуде. Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрылымы аясында біз саяси тұрақтылықты, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді сақтай алдық. Қазақстан халықтары Ассамблеясының стратегиясы арқылы тұрақтылықты сақтап, кең ауқымды әлеуметтік және саяси жаңартуларды бастадық. Ассамблея шеңберіндегі біздің жұмысымыз – Қазақстанның өркендеуінің кепілі.

Мемлекетіміздің ұстанған ұлттық саясатын насихаттау мақсатында Қазақстан халықтары Ассамблеясы шетелдік

ұйымдармен қарым-қатынасты нығайта түсуде. Осы мақсатпен өткен жылы Германия, Бельгия, Нидерланды, АҚШ, Украина, Ресейге арнайы сапарлар ұйымдастырылды. Аталған елдерде делегация мүшелері Бундестаг, Еуропарламент депутаттары, Тең мүмкіндіктер орталығы, БҰҰ, америкалық сыртқы саясат ұлттық комитеті басшылары және саяси қайраткерлермен кездесулер, дөңгелек үстелдер өткізді. Конференциялар ұйымдастырылып, тәжірибе алмасулар жүзеге асырылды. Қазақстан халықтары Ассамблеясының аларынан берері көп екенін мойындаған шетелдік әріптестер оның 12 жылдық тәжірибесіне қызығушылық танытып жатты. Бельгиядағы Тең мүмкіндіктер және нәсілшілдікке қарсы күрес орталығының директоры Йозеф де Витто дәл осындай ассамблеяны өз елінде құруды орынды деп атаса, Фордхэм университетінің профессоры П.Мордвидж «Қазақстан көп ұлтты мемлекеттердің ішінде жоғары жетістікке жеткен алғашқы ел, сондықтан ұлтаралық келісімнің қазақстандық моделін әлемдік тәжірибеде қолдану керек» дей отырып, еліміздегі бүгінгі жағдайға жоғары баға берді. Ал Ресейде біздің Ассамблеяның үлгісімен Ресей халықтарының Ассамблеясының құрылуы қазақстандық тәжірибенің маңыздылығының айқын дәлелі болып табылады.

Жетекші сарапшылардың пікіріне сүйенсек, қазақстандық қоғамдағы қалыптасқан толеранттылықтың негізінде бірнеше фактор жатыр.

Бірінші фактор – адамдардың елдің болашағына сеніммен қарауы. Қазақстанның 2030 жылға дейін даму Стратегиясы нақ өмірлік болашаққа деген сенімділікті, түсінушілікті арттырған құжатқа айналып, қоғамымыздың қарқынды түрде дамуын алға жетелеудің болжамды жоспарын ұсынды. Ал Стратегияда айтылған жоспарларды сатылай жүзеге асыру ел азаматтарының әлеуетін жүзеге асыруға зор мүмкіндіктер береді.

Екінші фактор – еліміздің өткен тарихы. Халқымыз бірде кең байтақ елінің ен даласынан көз алартқан сырт дұшпанға ұлтарактай да жерін қимай, жауымен қасық қаны қалғанша шайқасатын қаһарлы қазақ болса, енді бірде табалдырығын аттаған қонағын құдайдай күтіп, оған дастархан боп жайылуға, төсек боп төселуге дайын дархан қазақ. Толеранттылық сөзінің бір синонимі «қазақы мінез» болар, сірә.

Үшінші фактор – мемлекет құраушы жергілікті халықтың өзіндік ерекшелігі. Қазақтар мыңдаған жылдар бойы сыртқы жағдайлардың өзгеріп тұруында өзіндік бейімделу мүмкіндіктерін



көрсете алған ұлы көшпенділер мәдениетінің мұрагерлері. Қазақ жері арқылы өткен Ұлы Жібек жолы Батыс пен Шығыс өркениетін байланыстырушы алтын көпір іспеттес қызмет атқарып, керуен жолдары мәдениет және біліммен екі бағытты да сусындатты. Көне қазақ жеріне өзіндік зор ықпалын тигізді. Жалпы, Жібек жолының қазақ жерінен өтуінің өзі мәдениет әртүрлілігін, басқалар мәдениетіне, тіліне және діни көзқарасына деген түсінушілігін қалыптастырғаны белгілі.

Төртінші фактор – қазақтың ұрпағын кек сақтамайтын етіп тәрбиелей алу қасиеті. Қазақ басынан тағдырдың талай қатал сынын кешірді. Беріден қайырғанның өзінде, XVII-XVIII ғасырлардағы Жоңғар шапқыншылығы, Ресей империясының езгісі мен кешегі Кеңес өкіметі заманындағы зобалаң аштықты басынан кешіріп, саяси қуғын-сүргіннің де құрбаны болған халық. Алайда, қылышынан қан тамған замандарда тандары азаппен атса да, басқадан кек алу мақсатында қылышын қайрамаған, тағдырдың ауыртпалығына қайсарлық танытқан халық. Өткенге бой ұсынбай, келешекті аңсап ел бірлігі мен молшылығын бата тілегіне қосып ұрпағына аманат ретінде қалдырып отырған халық.

Бесіншіден, жазба әдебиеті кешірек дамығанмен, ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа аманат ретінде жеткен, сарқылмас мол қазына болып табылатын ауыз әдебиеті, батырлар жырлары, Қазтуған, Шалкиіз толғаулары мен Доспамбет, Бұқар жырау, Дулат, Махамбет сынды жауынгер ақын-жыраулардың отаншыл шығармашылығы арқылы бүгінгі ұрпағына Отанға деген сүйіспеншілікті дәріптеп, қазақ болып туғанын мақтанышпен ауыз толтыра айтуға мүмкіндік беріп отыр. Тарихы бар халық қана – ұлы халық.

Алтыншы – халықтың ұлылығын танытатын тағы бір белгі – оның тілі. Сонау XIX ғасырда қазақ мәдениеті мен тілін зерттеген Еуропа ғалымдары түркітанушылар В.Радлов, П.Мелиоранскийлер «түркі тілдерінің ішінде ең таза тіл – қазақ тілі» екенін атап кетеді. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А.Байтұрсынов қазақ тілін былай деп бағалайды: «түркі тілін XX ғасырға дейін аздырмай, қаз-қалпында сақтап келген алғыс пен абырой қазаққа тиіс». Тілге деген бұдан асқан баға болмаса керек. Қандай қиын кезеңдерді бастан кешірсе де, қиыннан қиыстыра алатын тілінің байлығын, оның тазалығын кейінгі ұрпағына жеткізе алған халық ұлы халық емес пе?!

Жетінші – жаугершілік замандарды басынан кешіріп, халық ретінде жойылудың аз-ақ алдында болған қазақ «қой үстіне

бозторғай жұмыртқалаған» заманды аңсап, бейбіт өмірді қалаған халық екенін танытып, бауырына сан ұлттың баласын басып, дастарқанын бөлісіп, талайға баспана беріп отыр. Бүгінгі көп этносты Қазақстандағы татулық пен келісімнің болуы да, ең алдымен қазақтың ұлылығын танытса керек.

Мемлекет құраушы халық ретінде қазақ халқы елдегі этносаралық бірлік пен келісімнің сақталуына қалай жауапты болса, басқа этностар да мемлекеттің алдында өз жауапкершілігін соншалықты сезінуі қажет деп ойлаймыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Камалбекова, А. Тілі басқа, тілегі бір / А.Камалбекова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2011. - №4. - Б. 17-20.
- 2 Құлманова, Злиха. Тыныштық, туыстық, ұғыстық / З.Құлманова // Сыныптағы тәрбие. - 2009. - №3. - Б. 16-18.
- 3 <http://45minut.kz/?p=2875>
- 4 <http://infust.kz/2012/01/yntymaq-dostyq-kepili-tarbie-sagaty/>
- 5 <http://www.kuttybolsyn.kz/663-1-mamyr-azastan-halytaryny-brlg-knne-tlekter.html>

### ГОСУДАРСТВЕННОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ТРУДОВОЙ МИГРАЦИИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

НАУКЕНОВА А. Г.

докторант, Академия государственного управления  
при Президенте Республики Казахстан, г. Астана

САРТОВА Р. Б.

к.э.н., зав. кафедрой «Менеджмент»,  
ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Казахстан находится в центре различных миграционных потоков, являясь страной иммиграции, эмиграции и транзитной миграции. Согласно данным Migration and Remittances Factbook 2011, Казахстан является пятнадцатой крупнейшей страной иммиграции и двенадцатой крупнейшей страной эмиграции в мире.

Рост экономики Казахстана в 2000-х гг. превратил его в привлекательное место для поиска работы для граждан ближнего и дальнего зарубежья. Правительство защищает рынок труда, устанавливая квоту на привлечение иностранной рабочей силы (ИРС). Квота устанавливается ежегодно как доля ИРС в процентном

отношении к численности экономически активного населения и (или) устанавливается в абсолютном выражении по приоритетным проектам и (или) странам исхода в соответствии с прогнозом рынка труда на предстоящий год.

Однако большая часть трудовой миграции осуществляется по неформальным каналам. В основном мигранты прибывают в Казахстан из соседних стран Центральной Азии, а также других стран СНГ.

Для управления трудовой миграцией государству необходимо иметь соответствующий институциональный потенциал, ясное выделение приоритетов во внешней и внутренней политике.

В Казахстане трудовая миграция регулируется Трудовым кодексом РК, Законами РК «О занятости населения», «О миграции населения», Правилами установления квоты на привлечение иностранной рабочей силы в Республику Казахстан и Правилами и условиями выдачи разрешений иностранному работнику на трудоустройство и работодателям на привлечение иностранной рабочей силы.

В 1997 г. для систематизации миграционных процессов было создано Агентство по миграции и демографии РК, в областях, городах Алматы и Астане образованы управления по миграции и демографии, в районах - отделы миграции. В том же году был принят Закон «О миграции».

Несмотря на то, что законодательно были предусмотрены мониторинг спроса и предложения на рабочую силу на основе создания единой информационной базы рынка труда, анализ и прогнозирование миграционных процессов не реализовались в полной мере.

Отраслевая программа миграционной политики Республики Казахстан на 2001–2010 гг. декларировала цель: формирование миграционной политики, направленной на создание необходимых условий устойчивого демографического и социально-экономического развития, создание всех необходимых условий по реализации прав мигрантов, а также укрепление государственной безопасности страны.

В 2007 г. была принята Концепция миграционной политики Республики Казахстан на 2007-2015 годы.

В Казахстане миграционный процесс курировался в последние годы разными государственными органами. Текущий административный учет осуществляли МВД, МТСЗН,

МЮ, МИД, МОН, пограничная служба КНБ. МВД вело учет, регистрацию и документирование иммигрантов, принимало меры по противодействию незаконной миграции, МТСЗН – осуществляло квотирование привлечения ИРС, Министерство иностранных дел осуществляло содействие развитию связей и контактов с соотечественниками, проживающими за рубежом. В Комитете по делам сельских территорий Министерства сельского хозяйства работал отдел внутренней миграции и оптимального расселения сельского населения. Пограничная служба КНБ осуществляла контроль на границе.

Отсутствие должной координации между государственными органами приводит к тому, что нет единой системы мониторинга миграции, которая позволяла бы отслеживать все миграционные потоки и прогнозировать их развитие.

В соответствии с Указом Президента РК № 466 от 16 января 2013 г. «О дальнейшем совершенствовании системы государственного управления РК» в результате реорганизации Министерству экономики и бюджетного планирования передано формирование государственной политики в сфере миграции. Институциональное регулирование трудовой миграции возложено на Министерство труда и социальной защиты населения, в составе которого вновь создан Комитет по миграции.

Вопросы мониторинга трудовой миграции, особенно нелегальной миграции, остаются сложными с точки зрения определения методологических подходов и методов учета этих лиц по месту трудоустройства. Существует практика сокрытия данной информации работодателями, а также высокая мобильность и кратковременность занятости этой категории работников, несмотря на их возможную регистрацию по месту пребывания на территории страны.

Действующая система квотирования ИРС принята в 2001 г.

Учет международных трудовых мигрантов осуществляется Министерством здравоохранения и социального развития населения (МЗСР), которое осуществляет выдачу разрешений на привлечение иностранной рабочей силы работодателям. Работодатели, привлекающие ИРС, предоставляют информацию в областные уполномоченные органы по вопросам занятости (управления труда и социальной защиты населения), они передают ее в Информационно-аналитический центр МЗСР. Затем эти данные передаются МЗСР в Агентство по статистике РК для формирования статистики. В соответствии с Законом РК «О государственной статистике»

формируется «Отчет по ввозу иностранной рабочей силы в РК и вывозу рабочей силы из РК за границу» форма №1-ИР.

С 1 января 2012 г. вступили в силу Соглашение о сотрудничестве по противодействию нелегальной трудовой миграции из третьих государств и Соглашение о правовом статусе трудящихся мигрантов и членов их семей, подписанные Правительствами Казахстана, России и Беларуси. В этой связи, для привлечения на работу граждан России и Беларуси работодателям нет необходимости получать разрешения.

Кроме того, Правила предусматривают перечень профессий (специальностей) для самостоятельного трудоустройства иностранных работников в РК.

Согласно последним изменениям в Правила, выдача разрешений работодателям на привлечение иностранной рабочей силы осуществляется при соблюдении следующих соотношений:

- с 1 января 2012 года количество граждан РК должно быть не менее 70 % списочной численности работников относящихся к первой и второй категориям;

- с первого января 2012 года количество граждан Республики Казахстан должно быть не менее 90 % списочной численности работников относящихся к третьей и четвертой категориям.

Эти ограничения не распространяются на субъекты малого предпринимательства; государственные учреждения и предприятия; на разрешения, выдаваемые в рамках квот по приоритетным проектам и странам исхода, на территорию специальной экономической зоны, а также иностранному работнику на трудоустройство; а также представителям иностранных юридических лиц.

Ограничение численности иностранных работников будет действовать до вступления Казахстана во Всемирную Торговую Организацию.

На 4 квартал 2012 г. экономически активное население Казахстана составило 8 974,7 тыс. чел. (из них самостоятельно занятых – 2652,7 тыс. чел.) Квота, установленная на 2013 г. в размере 1,2% предполагает, что 107696 трудовых мигрантов могут быть привлечены в Казахстан в этом году. На основании разрешений выданных работодателям, МТСЗН распределяет по областям квоту в 42136 единицы: 2521 – 1 категория, 8204 – 2 категория, 16052 – третья категория, 7556 – 4 категория, 2762- сезонные работники, 385 – для самостоятельного трудоустройства и 4656 – по приоритетным проектам.

В 2008 г. 47% разрешений было выдано на приглашение квалифицированных рабочих, в 2010 г. 72% разрешений были предназначены для второй категории - на привлечение руководителей и специалистов. С 2012 г. изменились подходы к категоризации ИРС, поэтому 43% разрешений предназначены для привлечения специалистов, разрешения на квалифицированных рабочих снизились до 20%.

Также ежегодно снижалось количество выданных разрешений на сезонных рабочих. Незначительное число привлекаемых сезонных мигрантов не отвечает реалиям рынка труда и, скорее всего, свидетельствует об их уходе в неформальный сектор экономики.

Размеры квоты ежегодно увеличивались в период роста экономики и достигли пика в 1,6 % в 2008 г., но под воздействием экономического кризиса начался обратный процесс - квота сократилась. При этом устанавливаемая квота фактически никогда не выбирается полностью. Согласно официальным данным, за 10 лет масштабы привлечения ИРС в Казахстане выросли от 12326 чел. до 23978 чел.

Проблемы в регулировании трудовой миграции:

- система определения квот негибкая, так как экономическая ситуация быстро меняется от времени подачи заявки до фактического привлечения ИРС;

- уполномоченные органы на местах не имеют возможности проводить анализ и прогноз трудовых ресурсов;

- привлечение иностранной рабочей силы происходит при наличии безработицы среди местного населения;

- ставка квоты устанавливается как доля экономически активного населения, из которых треть составляют самозанятые;

- кроме того, есть длинный перечень исключений – тех, которые не подпадают под квоты;

- фактически в настоящее время нет полной информации о количестве трудовых мигрантов в Казахстане.

Анализ распределения трудовых мигрантов по отраслям экономики показывает, что наиболее заинтересовано в привлечении трудовых мигрантов строительство.

Эта тенденция сохраняется в последнее десятилетие, правда с 2012 г. в связи с изменением формы отчетности по ИРС нет возможности отслеживать сектора экономики, привлекающие трудовых мигрантов.

Кроме того, согласно данным МВД по легализации в 2006 г., 70% нелегальных трудовых мигрантов работали тоже в секторе строительства.

На 1 января 2011 г. 3004 работодателя, имели разрешения на привлечение трудовых мигрантов, у них работали 29274 чел. В 2011 г. также большая часть ИРС привлекалась в строительство – 51,3%, в операции с недвижимым имуществом (геологоразведочные работы) – 14,1% и горнодобывающую промышленность – 15,9%.

В 2012 г. больше всего трудовых мигрантов работало в Атырауской области (6383 чел.), г. Алматы (5315 чел.), г. Астана (2997 чел.) и Мангистауской области (2915 чел.). Наблюдается резкое сокращение трудовых мигрантов в гг. Астана, Алматы и Алматинской области из-за стагнации в строительной отрасли.

Казахстан привлекает ИРС из более, чем ста стран мира, в основном из стран дальнего зарубежья, в 2012 г. на них приходится 91,4% ИРС. Больше всего трудовых мигрантов из Китая – 19,5%, Турция еще недавно лидировавшая отошла на второе место – 11,5%, на третьем месте Италия – 6,3%, которая вытеснила Великобританию.

На долю стран ближнего зарубежья приходилось лишь 8,6% от общего количества трудовых мигрантов. В 2012 г. численность трудовых мигрантов из стран ближнего зарубежья сократилась в 2 раза по сравнению с 2008 г. Из 8,6% доли стран СНГ более трети привлекаемой ИРС приходится на Россию (37,5%), затем следуют Украина (18,6% - рост доли в 2 раза по сравнению с 2010 г.), Азербайджан (14,5%). Заметно сдали позиции Узбекистан – снижение доли среди стран СНГ от 18,8% до 6,3% и Кыргызстан – снижение соответствующей доли от 15,1% до 2,3%.

Между официальными данными по привлечению ИРС и реальными масштабами трудовой миграции существует огромная разница. Большинство мигрантов – это граждане стран СНГ, которые имеют полное право приехать в Казахстан без визы, но затем они устраиваются здесь на работу. Многие из них живут в Казахстане на протяжении нескольких лет, либо периодически возвращаются домой.

Первая и последняя амнистия нелегальных мигрантов из стран СНГ была проведена в Казахстане с 1 августа по 31 декабря 2006 г. По итогам кампании были зарегистрированы 164586 мигрантов. Большинство из них, 117133 (71,1%) являются выходцами из Узбекистана, 23 856 (14,5%) – из Кыргызстана,

10 760 (6,5%) – из России, 4 673 (2,8%) – из Таджикистана, 8 164 (4,9%) – из других стран (данные пресс-релиза Министерства внутренних дел, 2007 г.). Большинство зарегистрированных мигрантов (115072 или 70%) работают в строительстве, 22998 (14%) – в сфере услуг, 13258 (8%) – в сельском хозяйстве, 7406 (4,5%) работают домашними работниками в домохозяйствах. Очевидно, что с тех пор прошли существенные изменения на рынке труда и необходимо оценить текущий уровень нелегальных трудовых мигрантов. Продолжения подобных акций не было, хотя для Казахстана является очень актуальной проблема определения точного числа пребывающих в стране трудовых мигрантов.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 World Bank (2011), Migration and Remittances Factbook // <http://data.worldbank.org/data-catalog> (по состоянию на 14.01.2014 г.).

2 Закон Республики Казахстан от 22 июля 2011 года № 477-IV ЗРК «О миграции населения» // Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан. Официальный Интернет-ресурс – <http://www.enbek.gov.kz> (по состоянию на 14.01.2014 г.).

3 Закон Республики Казахстан от 23 января 2001 года N 149 «О занятости населения» // Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан. Официальный Интернет-ресурс – <http://www.enbek.gov.kz> (по состоянию на 14.01.2014 г.).

4 Трудовой кодекс Республики Казахстан от 15 мая 2007 года № 252-III // Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан. Официальный Интернет-ресурс – <http://www.enbek.gov.kz> (по состоянию на 14.01.2014 г.).

5 Постановление Правительства Республики Казахстан от 13 января 2012 года № 45 «Об утверждении Правил установления квоты на привлечение иностранной рабочей силы в Республику Казахстан, Правил и условий выдачи разрешений иностранному работнику на трудоустройство и работодателям на привлечение иностранной рабочей силы и о внесении изменения в постановление Правительства Республики Казахстан от 19 июня 2001 года № 836 «О мерах по реализации Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О занятости населения» // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200000045> (по состоянию на 14.01.2014 г.).

6 Указ Президента Республики Казахстан от 28 августа 2007 года № 399. Утратил силу Указом Президента Республики Казахстан от 23 мая 2011 года № 88. «О Концепции миграционной политики

Республики Казахстан на 2007-2015 годы» // [http://adilet.zan.kz/rus/docs/U070000399\\_links](http://adilet.zan.kz/rus/docs/U070000399_links) (по состоянию на 14.01.2014 г.).

7 Постановление Правительства Республики Казахстан от 29 октября 2001 года N 1371. Утратило силу постановлением Правительства Республики Казахстан от 1 декабря 2008 года N 1122. «Об утверждении отраслевой Программы миграционной политики Республики Казахстан на 2001-2010 годы» // [http://adilet.zan.kz/rus/docs/P060000925\\_](http://adilet.zan.kz/rus/docs/P060000925_) (по состоянию на 14.01.2014 г.).

8 Указ Президента Республики Казахстан от 16 января 2013 года № 466 «О дальнейшем совершенствовании системы государственного управления Республики Казахстан» // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1300000466> (по состоянию на 14.01.2014 г.).

9 Материалы Агентства Республики Казахстан по статистике – официальный сайт Агентства Республики Казахстан по статистике <http://www.stat.kz> (по состоянию на 14.01.2014 г.).

10 Данные Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан, отчеты (по состоянию на 14.01.2014 г.).

11 Трансграничные миграции и принимающее общество: механизмы и практики взаимной адаптации: монография / науч. ред. проф. В. И. Дятлов. – Екатеринбург: Изд-во Уральского университета, 2009. – 396 с.

12 Нурмагамбетова С.Б. Политико-правовые аспекты миграционных процессов в суверенном Казахстане // Право и государство. – 2006. - № 4 (33). - С. 33-38.

13 Нурмагамбетова С.Б. Миграционное право: отрасль права или законодательства? // Право и государство. – 2008. - № 1 (38). - С. 15-19.

14 Қаирбайұлы А. Международно-правовые аспекты миграции в Европейском Союзе // Право и государство. – 2009. - № 1 (42). - С. 159-167.

## ИНИЦИАТИВЫ ПРЕЗИДЕНТА РК Н. А. НАЗАРБАЕВА В ВОПРОСЕ ИНТЕГРАЦИИ

ТЕРЕНЧЕНКО И. С.

ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

ПРЯХИН В. П.

ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Многие авторитетные политики современности связывают успехи Казахстана с именем Первого Президента страны Нурсултана Абишевича Назарбаева, его политической волей, мудрой прозорливостью, огромным желанием сделать Казахстан экономически сильным, демократическим государством.

Благодаря уникальным способностям Лидера Нации Республика Казахстан служит моделью развития для постсоветских стран. Бесспорны успехи Главы государства в превращении Казахстана в регионального лидера по масштабам и эффективности реформирования общества, укрепления региональной и глобальной стабильности, интеграции государства в мировое сообщество. Именно он был одним из инициаторов создания Евразийского экономического сообщества (ЕврАзЭС), Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА), Шанхайской организации сотрудничества (ШОС).

Если сравнить развитие бывших советских республик, имевших одинаковые условия при старте, то можно понять, какую роль играет при выборе и реализации того или иного пути развития страны личностный фактор. Здесь, наряду с известными теориями лидерства, на ум приходит теория пассионарности известного историка и мыслителя Л. Н. Гумилева. Конечно, определенные условия, объективные и субъективные факторы способствуют укреплению или ослаблению позиций лидера. Но удачлив тот народ, у которого родилась пассионарная личность, которая может повести за собой социум к достижению более высокого уровня организованности и единения. По мнению многих авторитетов нашего времени, Н. Назарбаев обладает всеми качествами, необходимыми для главы государства, Лидера нации [1].

На заре независимости перед страной и ее Президентом стояла нелегкая задача поиска международной идентичности в окружающем мире. Политика США в тот момент была направлена на обеспечение влияния Турции как модели для центральноазиатских государств. И американцы, и сами турки были вдохновлены тем, что Турция

будет лидером новых тюркских государств. Казахстан должен был проникнуться идеями пантюркизма, т.е. идеей великой Турции, которая сплотит весь тюркский мир. Но Н. А. Назарбаев, активно привлекая турецкие инвестиции в Казахстан, вовсе не намеревался идти по этому пути, хотя в казахстанском общественном мнении упорно ходили подобные слухи. Он был убежден, что это значит – «отказаться от только что обретенной независимости, разорвать традиционные отношения с соседями, вместо одного «старшего брата» посадить себе на шею другого» [2].

На первом Стамбульском саммите глав тюркских государств Назарбаев отказался подписывать совместное заявление, подготовленное турками, в котором говорилось, что государства Центральной Азии берут курс на интеграцию с Турцией в силу общих исторических корней, языковой и культурной общности, единой ментальности. Доводы Президента были простыми: Казахстан стал современным государством в других исторических условиях, утраченные связи надо восстанавливать цивилизованно, уважая только что обретенную независимость, сотрудничать как равноправные партнеры.

На Западе опасались, что Казахстан может сблизиться с мусульманскими странами, идентифицировав себя по принадлежности традиционно к исламскому миру. Но соприкосновение с исламским «южным поясом» через Афганистан, который уже в то время показал весь негатив религиозного экстремизма, изначально сдерживало не только РК, но и другие государства ЦАР от такого шага. В таких непростых условиях Президенту предстоял выбор международно-политической структуры, которая устраивала бы РК по экономическим параметрам и в которой страна чувствовала бы себя комфортно.

В выборе любым государством объекта или субъекта идентификации и принадлежности большое значение имеет пространственный фактор, т.е. близость той или иной международной системы. Так, как на внешних границах бывших постсоветских государств в начале 90- годов не было (особенно, на западе и на юге) притягивающей к себе (в силу гомогенности и устойчивости) международной политической структуры, тем постсоветским странам, кто стремился к малой толике самодостаточности, было необходимо создать новую.

Роль такой системы, дающей своим элементам возможность найти себя в сложном мире переплетений интересов и политик,

должно было играть Содружество независимых государств, построенное на принципах равноправия, коллегиальности. Именно этот аспект проливает свет на последовательную политику Президента РК как в отношении СНГ, так России, играющей лидирующую роль в этой организации. Только интегрируясь в рамках СНГ Казахстан и другие страны-участницы могли приобрести самодостаточность и создать свою, автономную от глобальной, систему международных отношений. Благодаря Президенту в Казахстане это поняли в начале 90-годов XX века, а в России понимание приоритетности политики в отношении СНГ пришло только к концу века [1].

Как показывает опыт развития интеграционных процессов в мире, в результате которых удалось найти адекватные ответы на многие важные проблемы, именно коллективное осуществление суверенитета является в современном взаимосвязанном мире наиболее оптимальным путем обеспечения национальных интересов и реальной самостоятельности. Участие меньших по размеру, менее развитых и мощных в военном отношении государств в региональных интеграционных объединениях дает им дополнительную гарантию и реальную возможность более эффективно противостоять политике диктата, давления и насилия.

С первых дней независимости Казахстан продемонстрировал миролюбивый характер своей внешней политики, основной целью которой явилось формирование и дальнейшее развитие концепции «многовекторной дипломатии», согласно которой Казахстан развивает равноправные и диверсифицированные отношения по всем важным для страны направлениям: СНГ, Центральная Азия, Восток и Запад, Европа и Азия, мусульманский мир, АТР, индустриальные державы [3]. Казахстан успешно осуществил вхождение в мировое сообщество и различные международные структуры глобального, регионального и субрегионального уровня. На сегодняшний день Казахстан является членом авторитетных как европейских, так и азиатских международных организаций.

Стабильный уровень экономического развития, который страна поддерживает и в период мирового экономического кризиса благодаря взвешенному курсу, внешней и внутренней политики, проводимой Главой Государства, позволяет быть Казахстану не только так называемым «островком стабильности, но и безопасности» в регионе Центральной Азии. Сохраняя баланс между крупными игроками в данном регионе – Москвой,

Пекином, Вашингтоном республика более нацелена на реализацию собственной многовекторной политики, чем на развитие целостных взаимоотношений Центральной Азии с другими странами.

Республика Казахстан занимает уникальное место в интеграционных процессах ЦАР. Это связано с тем, что Казахстан занимает выгодное положение в системе международных отношений, т.к. относится одновременно к тюркоязычному миру и имеет религиозную общность с исламскими государствами, исторические корни и психологические особенности национального духа, обуславливающие его принадлежность к Востоку. Однако Казахстан относится и к Западу, т.к. евро-принадлежность Казахстана обусловлена факторами демографического и политического свойства, характером построения светского государства.

Свидетельством того, что приоритетным вектором развития нашей страны является интеграция, являются слова из Послания Президента страны народу Казахстана от 19 февраля 2005 года «Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации», где отмечено, что «Казахстан был инициатором и активным участником интеграционных процессов на евразийском пространстве. Без преувеличения можно сказать, что имя нашей страны на международной арене непосредственно связано с предложением о созыве Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии. Последняя встреча министров иностранных дел в Алматы, принявших уникальный документ — Каталог мер доверия, является свидетельством успешной реализации инициативы, которая была высказана мной еще в 1992 г. на 47-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН. Наша дальнейшая интеграция – это путь к стабильности, прогрессу региона, экономической и военно-политической независимости. Только в этом случае регион будут уважать в мире. Только так мы обеспечим безопасность и будем эффективно бороться с терроризмом и экстремизмом. Предлагаю создать Союз центральноазиатских государств. Такое объединение, наконец, отвечает интересам простых людей, живущих в нашем регионе. Договор о вечной дружбе между Казахстаном, Узбекистаном, Кыргызстаном может послужить прочной базой для такого объединения. Я не исключаю и другие страны региона. У нас общие экономические интересы, культурно-исторические корни, язык, религия, экологические проблемы, внешняя угроза. О таких предпосылках архитектуры строительства Европейского союза могли только мечтать. Нам надо перейти к тесной экономической интеграции, двигаться к общему рынку и общей валюте» [4].

Интеграционное направление сохраняет преемственность и актуальность, которая прослеживается в Послании Президента народу Казахстана от 1 марта 2006 года: «Стратегия вхождения Казахстана в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира», где первым приоритетом обозначена «Успешная интеграция Казахстана в мировую экономику – основа качественного прорыва в экономическом развитии страны». «Казахстан может и должен активно участвовать в многосторонних международных экономических проектах, что будет способствовать нашей интеграции в глобальную экономику и поддержит наших экспортеров», – из Послания Президента народу страны от 1 марта 2006 года. «Мы должны укреплять сотрудничество государств центрально-азиатского региона для противостояния этим вызовам современности, в том числе, участвуя в проведении совместных учений в рамках ОДКБ и ШОС» [5].

Одним из логических шагов по развитию интеграционных процессов в Центральной Азии стала идея со стороны Казахстана в лице Н. А. Назарбаева о создании нового объединения из стран-участниц СНГ – так называемого Евразийского Союза (ЕАС), впервые озвученная им 29 марта 1994г. на лекции перед преподавателями и студентами МГУ. «Как вы помните, проект Евразийского Союза не был адекватно воспринят. Но в то же время он не был и категорически отвергнут. Я по-прежнему остаюсь сторонником интеграции постсоветского пространства. Мною двигали два соображения. Первое – обобщить в единое целое наиболее реалистические предложения по дальнейшему развитию интеграции постсоветского пространства. Второе – прервать уже неприлично затянувшуюся паузу в деятельности институтов СНГ. Проект был включен в повестку дня октябрьского саммита 1994 г. глав государств СНГ. Если смотреть на вещи непредвзято, нельзя не отметить, что предложенный нами евразийский проект значительно ускорил все эти процессы» [6].

С целью создания единого экономического пространства предлагалось формирование ряда наднациональных координирующих структур, в их числе – Комиссия по экономике при Совете глав государств, Комиссия по сырьевым ресурсам стран-экспортеров ЕАС, Комиссия по межгосударственным финансово-промышленным группам и совместным предприятиям, Комиссия по вводу расчетной денежной единицы. В сфере обороны предлагалось заключить договоры о совместных действиях по укреплению

национальных Вооруженных сил стран-членов ЕАС и охране внешних границ, созданию единого оборонного пространства, о формировании коллективных миротворческих сил ЕАС, о создании межгосударственного совета по проблемам ядерного оружия.

По сути, речь идет о стратегическом курсе взаимоотношений государств Центральной Азии с Россией и другими бывшими советскими республиками, о будущем взаимоотношений азиатской и европейской части постсоветского пространства. Сама идея создания ЕАС во многом аналогична успешно действующей интеграционной организации – Европейского Сообщества.

Говоря об интеграционных инициативах Президента РК Н. А. Назарбаева в Центральной Азии, нельзя обойти тему формирования механизма коллективной безопасности в континентальном масштабе, что стало возможным благодаря реализации казахстанской инициативы о созыве Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии, обнародованной в 1992 году. Идея созыва Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии впервые была представлена Президентом Республики Казахстан Н. Назарбаевым на 47-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН в октябре 1992 г. Идея о созыве СВМДА была поддержана 16 азиатскими государствами, суть ее заключается в идее создания всеобъемлющей и универсальной системы азиатской безопасности. Одним из пунктов условий членства в СВМДА является наличие части территории государства на Азиатском континенте. В настоящее время двадцать стран состоят в членстве в СВМДА, шесть государств и три организации, такие как ООН, ОБСЕ и ЛАГ, имеют статус наблюдателя. Вступление в СВМДА таких перспективных государств, как Таиланд (2004 год), Республика Корея (2006 год), Объединенные Арабские Эмираты и Хашимитское Королевство Иордания (2008 год), стало очевидным доказательством того, что оно становится все более востребованным и значимым форумом на Азиатском континенте.

Это является свидетельством того, что цели и деятельность СВМДА получили широкое признание мирового сообщества. А это подтверждает то, что актуальность и дальновидность интеграционных инициатив Президента РК Н. Назарбаева очевидна.

Укреплению занимаемых позиций Казахстана в системе мировой интеграции способствовало и четвертое совещание министров иностранных дел Азиатского диалога сотрудничества (АДС) в Исламабаде, состоявшееся в апреле 2005 г. На нем министр иностранных

дел РК К. Токаев сфокусировал внимание лидеров Азиатского региона на том, что в условиях растущего мирового энергодефицита Казахстан способен удовлетворить спрос Азии на энергоносители и готов на равных участвовать в важных проектах в этой области. Показательным является то обстоятельство, что Казахстан является единственным государством в ЦАР, представленным в столь авторитетном форуме, каким является АДС. В состав этой организации входит 28 государств, сосредоточивающих несколько миллиардов населения с динамично растущими экономиками.

Говоря об интеграции, нельзя не отметить вклад Президента Казахстана в развитие Шанхайской организации сотрудничества. ШОС сегодня является одной из действенных площадок построения диалога на Евразийском пространстве. Н. А. Назарбаев является одним из идеологов этого объединения, кроме того, именно с трибуны ШОС он озвучил ряд своих выдающихся миротворческих инициатив. Так, выступая на десятом саммите Шанхайской организации сотрудничества в Астане, Нурсултан Назарбаев предложил создать при ШОС Совещание по урегулированию территориальных и региональных конфликтов для того, чтобы принимать в его рамках превентивные меры в потенциальных «горячих точках» в зоне ответственности организации.

В заключение отметим, что стратегические интеграционные инициативы, озвученные Президентом Казахстана Н. А. Назарбаевым доказали свою востребованность и дальновидность. Республика Казахстан была и остается не только наиболее активным участником интеграционных процессов в регионе, но и инициатором и сторонником реализации идей региональной интеграции. Однако на сегодняшний день более эффективному процессу интеграции в регионе препятствует ряд неурегулированных вопросов, которые затрудняют дальнейшее динамичное развитие интеграции в странах региона, преодоление которых возможно лишь совместными усилиями. В целях более эффективного интеграционного сотрудничества стран региона необходимо решить вышеназванные проблемы путем консолидации усилий самих участников процесса интеграции в регионе Центральной Азии.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Медеубаева Ж. М. // Роль Президента РК Н. Назарбаева в построении основ внешнеполитической доктрины (1991-2010 годы). – Астана, 2012 – 290 с.



2 Назарбаев Н. А. На пороге XXI века. – Алматы, 1996. – С. 220.

3 Токаев К. К. Внешняя политика в эпоху глобализации. – Алматы, 2000. – С. 123.

4 Назарбаев Н. А. Послание Президента РК народу Казахстана. Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации // Казахстанская правда. – 2005. – 19 февраля.

5 Назарбаев Н. А. Стратегия вхождения Казахстана в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира. Послание Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева народу Казахстана // Казахстанская правда. – 2006. – 1 марта

6 Президент Н. А. Назарбаев и современный Казахстан. Сборник документов и материалов в трех томах. – Алматы, 2010. Том III. – С. 210.

## **ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ – ЕЛ БІРЛІГІ МЕН БЕЙБІТШІЛІК ПЕН КЕЛІСІМІНІҢ НАЗАРБАЕВ МОДЕЛІ**

УСТАЕВА А. С., МУСЛИМОВА Р. С.

география пән мұғалімдері, жалпы орта білім беретін мектебі, Көктобе қ.

*«Ассамблея Қазақстанның саяси жүйесінің маңызды бір белгісіне айналды, ол барлық этностардың мүдделерін бірарнаға тоғыстырады, ұлттың тегіне қарамастан барлық азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерінің бұлжытпай сақталуын қамтамасыз етеді»*

Тәуелсіздік – қай халық үшін де киелі, қастерлі ұғым. Ол халқымызға оңайлықпен келген жоқ. Тәуелсіздіктің жолында ата-бабаның қаны, аналарымыз бен ақ жаулықты әжелеріміздің көз жасы төгілді. Өз Тәуелсіздік хақында Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ, басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынта-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттілігін қалпына келтіре алды», дегені ойға оралады. Бүгінде Қазақстан мемлекеті тәуелсіздік тамырын

тереңге салып, ұлы көшке ілесті. Осы елдің азаматтары ретінде ел тәуелсіздігін баянды етуге, Отанымыздың қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдастықтағы беделінің өсе түсуіне қызмет етуге міндеттіміз. «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы байырғы қазақ жерінде мемлекет құра отырып» деп басталатын басты құжатта Қазақстанның тұрақты дамуы мен өркендеуінің берік негізі салынды. «Демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет» құру - Елдік мұраттың басты бағыттары болып бекітілді. Конституцияда этностық азшылық құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық өлшемдерге жауап беретін қоғамдық келісім мен этносаралық толеранттылықтың қазақстандық үлгісінің құқықтық негізі қаланды. Осының негізінде, Қазақстанның мемлекеттік ұлттық саясаты қоғамдық келісім конституциялық қағидасына негізделі отырып, жалпы адамзаттық тұжырымдарға сәйкес халықтың біртұтастығын қалыптастыруға бағытталды. 1995 жылдың 1 наурызында тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту жолында Қазақстан халқы ассамблеясы құрылды. Себебі саяси тұрғыдан да ұлт пен ұлысты ұйыта тәуелсіздікті ту ету жолында аталған институтты құру ауадай қажет еді. Қазақстан халқы ассамблеясы ауызбіршіліктің күре тамыры деп танылды десек, XXI сессия осының айғағы болса керек. Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан Республикасының Президенті: - Қымбатты отандастар, қадірменді қауым! Қазақстан халқы ассамблеясының XXI сессиясының ашылуымен баршаңызды шын жүрегіммен құттықтаймын. Ұлы Жамбыл ақынның «Жігерлі болса, ер болар, бірлікті болса, ел болар» деген сөзі бар. Бүгінгі сессияның өзегі – бейбітшілік. Руханият және келісім мәдениеті – бірлігі жарасқан елдің кепілі. Мәдениет – тіршіліктің тірегі. Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы ассамблеясының XXI сессиясы барысында XX ғасырдың 5 айнымас ақиқатын атады. Бәріміз білетіндей, ассамблея, ең әуелі, құтты мекенге сызат түспеуді көздейді. Бұл тұрғыда бірінші - тұрақты экономика тұрақты қоғам. Бізде экономиканың дамуы, біріншіден, «Қазақстан-2050» стратегиясының басты міндеті екендігі айтты Президент. Екіншіден, мемлекеттің тәуелсіздігі тек Конституция мен заңдарды, ең алдымен, еліміздің өз азаматтары барынша сақтаған кезде ғана мызғымайды. Үшіншіден, этносаралық қатынастар, азаматтық теңдік мәселелері, тіл саясаты. Төртінші ақиқат – интеграция. Бесіншіден, әлем үлкен өзгерістер жолағына қадам басты. Қазақстандық толеранттылық үлгісі [1].

Толеранттылық – бұл жергілікті халықтың басқа ұлт өкілдеріне және басқа діндегі адамдарға түсіністікпен қарап, оларды қудаламауының белгісі. Жалпы толеранттылық өркениетті қоғамға тән құбылыс. Мұндай қасиет тұтас ұлттың басына бір күнде орнай салмайтыны белгілі. Бұл – халықтың сана-сезімінің, дәстүрінің, рухани байлығының кемелденгенінің айқын көрінісі. Осы тұрғыдан алып қарасақ, Қазақстандағы қоғамдық қарым-қатынастардың белгілі бір дәрежеге көтерілгенін байқаймыз [2].

Елімізде ұлтаралық татулықтың салтанат құруы – біз мемлекеттің негізін құрайтын қазақ халқының саяси мәдениетінің биік деңгейге көтерілгенінің белгісі. Біле білсек, толеранттылық – үлкен құндылық. Мұны тәуелсіздікке қол жеткізген 20 жылдағы маңызды жетістігіміз десек артық айтқандық болмас еді. Қазақстандағы полиэтникалық қоғамда негізінен екі мәдениеттің үстемдік құрып отырғаны белгілі. Біріншісі, сөз жоқ қазақ мәдениеті. Бұдан кейінгі орында орыс мәдениеті тұр. Дәл қазір өзге ұлт өкілдерінің діні мен салт-дәстүрін жаңғыртуға барынша жағдай жасалған. Осындай ынтымақты тіршілікке дүниежүзінің көптеген елдері қол жеткізе алмауда. Керек десеніз, Қазақстан – Орталық Азияда ұлтаралық татулықты сақтап, алауыздыққа жол бермеген жалғыз ел. 2015 жылды Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жариялағаны белгілі. Айтулы жыл мызғымас бірлігі мен бұлжымас татулығын ту еткен еліміздегі ең белді институттардың бірі – Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 20 жыл. Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің өшпес құндылығы – Тәуелсіздікке тірек болған Ел бірлігінің ең басты тұтқасы. Қоғамды біртұтас ағзаға баласақ, оған қан жүгіртетін алуан түрлі қантамырлар іспетті барлық салаларды біріктіретін, бәрінің жолын бір арнаға тоғыстырып, бір ағысқа бағыттайтын бір жүрек бар. Ол жүректің аты – Ел бірлігі. Бірлік болмаса, бейбітшілік пен келісім болмаса өлшеусіз термен, қыруар қажыр – қайратпен жасалып жатқан елімізді өркендету жолындағы еңбектің бәрі де бекер. Яғни, ресми түрде Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияланған 2015 жыл Ассамблея институтының мерейтойы емес, құнды қазынамыз – Ел бірлігі жылы, бейбітшілік пен келісімнің Назарбаев моделінің жылы. Қазіргі таңда өзге ұлт өкілдері Қазақстан халқы Ассамблеясының маңайына топтасып, өзінің салт-дәстүрі мен мәдениеттерін дамытуда. Бүгінде бұл аталған достық шаңырағы қазақ жерінде тіршілік ететін ұлттық-мәдени орталықтардың

басын қосатын және аз ұлттардың мүддесін қорғайтын мекеме есебінде нәтижелі жұмыс жасауда [3].

Қазақстандағы аз ұлттардың өкілдерінің мұқтажының өтеуіне, ұлтаралық қарым-қатынас аясында үйлесім орнатуға барынша жағдай жасалған. Барша ұлттардың азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтарын қорғауға байланысты жүзеге асырылатын шаралар халықаралық стандарттарға сай және осы орайда өзге мемлекеттерге үлгі бола алатынын айта еткен жөн. Сонымен бірге Қазақстанда жүзеге асырылып отырған ішкі саясаттың тағы бір ұтымды тұсы қазақстандықтарды түрлі діни конфессияларға деген толеранттылыққа тәрбиелеумен сабақтас. Соңғы жылдарда Республиканың түпкір-түпкірінде бой көтерген түрлі діни мекемелердің (мешіт, православие приходы, католиктердің костелы, ғибадатханалар және т.б.) жанданған құрылысы мемлекеттің өзара үйлесімді қоғамдық дамуға тиімді жағдай жасағандығын дәлелдей түседі. Өзара сыйластық пен төзімділікке, бейбітшілік пен келісімге негізделген қоғамдық қатынастар әлем сахнасында Қазақстанның шынайы имиджін қалыптастыруға игі ықпал жасауда.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Біздің баға жетпес байлығымыз - бірлігіміз. Татулық – тұрақтылықтың ең басты тұғыры. Ал тұрақтылық - ұдайы дамудың бірден – бір кепілі», деп қоғамдық келісім бақуатты тұрмысқа апаратын баламасыз жол екенін айта отырып, елдегі бейбітшіліктің барлық мүдделерін биік екенін барша халыққа ұғындырған еді. Содан бері елін ерен биіктерге бастаған Елбасы азаматтардың санасында түбегейлі төңкеріс жасады. Тәуелсіз Қазақ елін өз қолдарымен құрған бүгінгі буынды ғана емес, осы тәуелсіздікті ғасырлар бойы аңсап, армандаған, арман жолында аянбай арпалысқан, ақыры азаттық атты аялы арманын қанымызға сіңіріп, жадымызға түйіп бізге аманаттаған батыр бабаларды және жасампаз елдің жарқын істерін лайықты жалғастыратын, ұлы бастамаларды ұрпақ сабақтастығымен мыңжылдықтарға ұластыратын болашақ қазақстандықтарды, яғни кешені бүгінгімен және ертеңімен біріктіріп, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясына ұйыстырды.

Уақыт өлшемі бір оқиғаға тұтас ғасырды, бір кезеңге тұтас дәуірді сыйғызардай сығымдаған қазіргі Мәңгілік Ел болуды мақсат еткен Қазақ Елі - бүгінгі мен ертеңін ғана емес, көз жетпес көкжиектен арғысын ойлаған ел. Ешқашан мызғымайтын тұғыры мықты,

ешқашан үзілмейтін өмірі ұзақ Мәңгілік Еліміздің кемел келешегі үшін атқарылып жатқан қыруар шаруа мен жасалып жасалып жатқан ұшы-қиырсыз еңбекті баянды ететін бір ғана ұйытқы – Ел бірлігі. Бірлік болмаса, қандай қуатты империяның да күлі көкке ұшатынын тағлымы мол тарих талай мәрте адамзат баласына көрсеткен. Сондықтан, ешбір байлықпен салыстыру мүмкін емес, құн жетпес қазынамыз – бірлігімізді сақтай отырып, Елбасы айқындап берген «Нұрлы Жолмен» келешекке нық қадам басып, «Қазақстан -2050» Стратегиясында көздеген биік мақсаттарға сеніммен қол созамыз.

1995 жылдан бастап Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясын әрбір сессиясында сөйлеген сөзі мен көтерген бастамалары сол кездегі ел дамуының ең өзекті мәселелерін қамтып отырды. Сондықтан, Ассамблеяның тарихы – соңғы 20 жылдағы Қазақстан тарихы. Тиісінше, дербес институт ретінде Ассамблеяның жүрген жолы, оның жеткен жетістіктері мен шыққан биіктері еліміздің даму даңғылындағы айтулы оқиғалармен тығыз астасып жатыр.

Өткен 20 жылда Қазақстан қоғамының ішкі ықпалдасуының, қоғамдық келісім мен ел бірлігін нығайтудың біртұтас мемлекеттік және қоғамдық жүйесі толығымен қалыптасты. Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекеттің этностық саясатын қоғамдық келісім саясаты деңгейіне көтерген бүкілхалықтық институтқа айналды. Этносаралық қатынастарды реттеудің толық заңнамалық базасы құрылды. Ассамблеяға конституциялық орган мәртебесі беріліп, ол Қазақстан Республикасы парламентінің мәжілісіне 9 депутат сайлау құқығын иеленді. «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заң қабылданып, Ассамблеяның құрылымы мен қызметінің, еліміздің қоғамдық-саяси жүйесінде алатын орны мен рөлінің нормативтік-құқықтық реттелуі заңнамалық негізде қамтамасыз етілді. Ассамблеяның негізгі стратегиялық және бағдарламалық құжаттары өмірге келді [4].

Ел ішінде мұқият талқыланып, Елбасы мақұлдаған «Ел бірлігі доктринасы» бейбітшілік пен қоғамдық келісімді нығайтудың «Бір ел – Бір тағдыр», «Тегі басқа - теңдігі бір», «Ұлт рухының дамуы» сияқты басты қағидаларын айқындап берді. Елбасының өкімімен бекітілген Қазақстан Халқы Ассамблеясы туралы ережелер оның мәртебесі мен құзыреттерін, сондай-ақ, ел бірлігі саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асыруға қатысу тәртібін бекітті. «Қазақстан Халқы Ассамблеясының 2020 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы» ел бірлігін нығайту және қоғамдық келісім

саласын дамытудың орта мерзімдік стратегиялық бағытын нақтылай түсті. Ассамблеяның жыл сайынғы кезекті сессиясы бұл саланың қысқа мерзімдік мақсат міндеттерін айқындап отыратын бірегей сұхбаттастық алаңына айналған.

Мемлекеттік этностық саясатты жүзеге асырудың жаңа институционалды тетіктері толығымен қалыптасты. Өткен жылы Елбасының өкімімен Президент жанындағы «Қоғамдық келісім» Республикалық мемлекеттік мекемесі құрылды. «Облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалар мен Елордадағы Қазақстан Халқы Ассамблеяларының қызметтерін қамтамасыз ету» атты жаңа бюджеттік бағдарлама қабылданды. Аймақтарда он бір мамандандырылған облыстық «Достық үйі» жұмыс істеп тұр. Тағы төрт облыста Ассамблея жылы барысында ашылатын болады. Елбасының тапсырмасы бойынша Достық үйлерін дамыту тұжырымдамасы бекітіліп, достық үйлері директорларының әдістемелік кеңесі құрылды. Күнделікті өмірде туындайтын нақты мәселелер жергілікті жерлерде пайда болады, тиісінше түйткілдердің түйінін таркату да сонда жүзеге асырылады. Бұл ретте, Ассамблеяның аймақтық құрылымдарының маңызы ерекше екенің ескеріп, оның жергілікті жерлердегі жұмысын қолдау үшін аймақтық Ассамблея хатшылықтары менгерушілердің лауазымы көтерілді [5].

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Үдемелі индустриялық – инновациялық даму бағдарламасының табысты жүзеге асуына Ассамблеяның қосар үлесі зор деп атап өткен. Елбасы «табыстың кілті - бірлік» екенін үнемі айтып келеді. Еліміздің өркендеп дамуы жолында жасалып жатқан қыруар еңбек Ел бірлігі мен үндескенде ғана баянды болатынын әрбір азамат жадында тоқуы қажет.

Мұны елімізге келіп, қоғамдық-саяси жағдайды сараптаған саясаттанушылардың өздері де айтып жүргені белгілі. Тәуелсіздікпен бірге есейіп келе жатқан Ассамблея еліміз үшін үлкен мән-мағынаға ие. Бүгінде қоғамдық институтқа республика бойынша 820 мәдени орталық мүше. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бүгінгі өміріміз дүние жүзіне үлкен үлгі-өнеге болып отырғаны даусыз. Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдайды сараптаған адам қазақ жерінде қандайда бір ұлтқа қатысты ксенофобиялық көзқарастың жоқ екенін бірден байқайды. Қазақ халқы Кеңес Одағы тарапынан аштық пен репрессияның тауқыметін көп тартқан ел. Бірақ біздер КСРО-ның заңды мұрагері Ресейге қарсы ешқандай өшпенділік

пигыл танытпадық. Ал басқа елдерде мұндай жағдай керісінше сипат алғанын көзіміз көрді. Иргеміздегі Ресейдің өзі әлі күнге дейін Кавказ бен Орталық Азияның кейбір халықтарына қатысты жағымсыз көзқарастан арыла алмай отыр. Өркениеттің шыңына шықты деген Францияның өзінде Ислам дініне қатысты қайшылықты көзқарастар туындап, үлкен мәселеге айналып отырғаны жасырын емес. Осындай жайттарды еске алғанда еліміздегі қалыптасқан толерантты қоғамның мәні мен мазмұнын жете түсіне бастайсың. Бұдан басқа Мемлекет Басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Астана төрінде әлемдік дінбасылардың құрылтайын өткізіп, төрткүл дүниедегі тәрбие мен бейбітшілікті, лаңкестікке қарсы күресті талқылау бүгінде маңызды ғаламдық іс-шараға айналып отыр.

Алдағы уақытта толеранттылық біздің халқымыздың күнделікті өмірінің дағдысына, дәстүріне айналуы керек. Сондай-ақ, біздер толерантты қоғам арқылы ұлттық болмысымызды жойып алмауға баса мән берген жөн. Қайта керісінше толерантты қоғамды пайдаланып тілдік, ұлттық басымдылыққа жетудің жолдарын қарастырғанымыз абзал. Мәселен, Қазақстан халқы ассамблеясы 2008 жылы Алматы қаласындағы «Достық үйі» жанынан «Лингва» тілдерді оқыту орталығын ашуды қолға алған болатын. Осы орталықта соңғы жылдары 150-ден аса мемлекеттік тілді үйренуші әртүрлі этнос өкілдері және 50-ден аса орыс тілін үйренуші шеттен келген қандастарымыз бітіріп шықты. Үстіміздегі жылы Астана қаласында «Тілдарын» тілдерді оқыту технологияларының әдістемелік орталығы ашылды. Мұның бәрі мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған нақты істер. Сонымен қатар әр этномәдени бірлестіктің осы бағытқа арналған арнайы бағдарламалары жүзеге асырылуда. Мысалы, Орыс қоғамы бірлестігі «Тіл - халық жанын танудың кілті», «Ахысқа» түрік қоғамы «Мемлекеттік тіл - менің тілім» конкурстары, өзбек орталығы «Мемлекеттік тілді білу - парызың» олимпиадасы, корей қауымдастығы «Мемлекеттік тіл - достық тілі» жастар форумы сияқты бағыттар арқылы мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, өз этностық тобын қоғамдық белсенділікке тарту бағытында жұмыс атқарып жатыр.

Қазақстан халқы ассамблеясының V сессиясында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қоғамдық келісім - Қазақстанның тұрақтылығы мен дамуының негізі. Бұл - ойдан шығарылған формула немесе саяси қалып емес, бұл - біздің ішкі саясатымыздың өзегі. Бірақ ол күн сайын нақты да көрнекті әрекеттермен толығып отыруы керек» - деп, біздің негізгі

бағытымызды айқындап берген болатын. Осы орайда қоғамдық келісімнің мемлекеттің тұрақты дамуының кепілі екені айқын ақиқат. Бұл үрдіске қоғам еркін таңдау жолымен қатысуы керек. Қоғамдық келісім жолында мемлекеттік және азаматтық қоғам институттарының этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы бағытты анықтау бойынша үйлесімді өзара іс-қимыл жасауының маңызы зор.

Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің Қазақстандық үлгісін шет мемлекеттерге насихаттау жөніндегі жұмыстар халықаралық саласында жалғасын табуда. Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымында, Біріккен Ұлттар ұйымында жасалған бейбітшіліктің Қазақстандық моделінің беташары халықаралық сарапшылар тарапынан жоғары бағаға ие болды. Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына мүше 56 мемлекеттің тіліне аударылып, Қазақстанның барлық елдердегі елшіліктеріне таратылды. Елбасының тапсырысына сәйкес, Лондон қаласында Бейбітшілік пен келісімнің Қазақстандық орталығы салтанатты түрде ашылды. Орталықтың жұмысын әрі қарай қамтамасыз ету мақсатында Ұлыбританияның белді қоғам қайраткерлерінің қатысуымен Қамқоршылар кеңесі құрылды. Халықаралық ынтымақтастықтың шығыс бағытында Қазақстан халқы Ассамблеясы Азия аумағында 90 пайызын қамтитын 24 мемлекеттің басын қосқан Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеспен тығыз ынтымақтастық орнатқан. Қоғамдық келісімнің Қазақстандық моделін зерттеу үшін Ассамблеяға әлемнің 15 мемлекетінен, атап айтқанда, Болгария, Ұлыбритания, Франция, Испания, Италия, Қытай, Малазия, АҚШ, Ресей, Түркия, Украина және Армения елдерінен шетелдік сарапшылар мен ғалымдар, дипломаттар, журналистер мен үкіметтік емес ұйым өкілдері 60-тан астам рет өтініш білдірді. Бұл шетелдік әріптестеріміздің Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың алысты көздеген салмақты да салиқалы саясатын мойындап қана қоймай, Қазақстан басшысы өз қолымен құрған Бейбітшілік пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделін толеранттылықтың ең таңдаулы үлгісі ретінде зерттеп, зерделеуге және оны өз елдерінде қолданысқа еңгізуге ынталы екендерін көрсетті.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Даумов Б. Елге қызмет етеміз Егемен Қазақстан №1 1 қаңтар 2015 жыл.

2 Шахаманова К.Н. Баяндама «Толераттылық» // <http://worldofteacher.com/4652-bayandama-tolerattyly.html>

3 Қасымов Қ. Біздің тарихымыз - бұл бірліктің қайнар көзі - // <http://www.inform.kz/kaz/article/2743337>

4 ТОҒЖАНОВ Е. ЕЛ БІРЛІГІ – ЕҢ АСЫЛ ҚАЗЫНА // <http://www.abai.kz/post/view>

5 Ел бірлігі жылы // [baq.kz](http://baq.kz)

**2 Секция. Қазақстан халқы Ассамблеясы – этникааралық және конфессияаралық келісім мен бейбітшіліктің кепілі**  
**2 Секция. Ассамблея народа Казахстана – залог межэтнического и межконфессионального согласия и мира**

## ҚАЗАҚСТАН ҰЛТАРАЛЫҚ РУХАНИ МҮДДЕНІ САҚТАУ- ЖАСТАРҒА САБАҚ

АРТЫҚБАЕВА С. А.

ағылшын тілі пәні мұғалімі, №104 орта мектебі, Қызылорда облысы,  
Қазалы ауданы, Өркендеу ауылы

Қазақстан – тарихи тағдыры ортақ этностардан құралған унитарлы мемлекет. Оларды ортақ құрылымның аясына біріктірудің сара жолы – Қазақстан халқы Ассамблеясын құру болды.

Ассамблеяны құру идеясына Қазақстан қоғамының тарихи бастаулары алғышарт болды.

Жаңа әрі теңдесі жоқ құрылымды іске асыру жұмыстары аймақтарда кіші ассамблеялар құрудан басталды. Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамды топтастырушы тетіктердің біріне айналды. Шын мәнінде, ол ұлтаралық келісімнің қазақстандық моделін жүзеге асырудың маңызды тетігі болатын.

1995 жылы 16 ақпанда Президент Н. А. Назарбаев еліміздегі ұлттық мәдени орталықтардың жетекшілерімен кездесу өткізді.

Сонда, Ел басы республикадағы ұлтаралық келісімді сақтау және оны одан әрі нығайту үшін республикада жаңа қоғамдық институт – Президент жанындағы консультативті-кеңесші орган ретінде Қазақстан халқын ортақ мүддеге біріктіретін Ассамблея құру қажеттілігі туындап отырғандығына назар аударды.

Ассамблеяның басты мақсаты: Қазақстандағы барлық этностардың рухани тұрғыда қайта жанғыруы мен дамуын қамтамасыз ету; өркениеттік және демократиялық ұстанымдарға, мемлекеттік ұлттық саясатта барлық этностардың мүддесіне деген құрметке негізделген ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастыру болатындығы айқындалды. Барлық облыстарда кіші Ассамблеялар құрылып, олардан сессияға 260 делегат сайланды. Сессия 1995 жылы 24 наурызда Алматы қаласында өтті және оның құрамына 40 ұлттық-мәдени орталықтың өкілдері енді. Сессияда Қазақстан Президенті Н.назарбаев баяндама жасап, Ассамблеяның ұйымдастырушылық құрылымдары белгіленді.

Ассамблея құру идеясы қоғамды топтастырушы күш ретіндегі тұжырымдама негізінде ұсынылған болатын. Ассамблея мемлекеттік басқару деңгейіндегі ұлттық саясатты жетілдіруге белсенді түрде атсалысады. Ассамблея Президент жанындағы ұжымдық орган ретіндегі, ал облыстық бөлімдері әкімшілік басшысы жанындағы орган ретіндегі мәртебеге ие. Ассамблея құрылған кезден бастап ұлттық саясаттың барлық бағыттары бойынша мемлекеттік шешімдер қабылдауға қатысып келеді.

Ассамблея этномәдени бірлестіктерді құрамына біріктіреді және олардың жетекшілері Қазақстан халқы Ассамблеясы мен кіші ассамблея мүшесі болып табылады. Ал 2008 жылы «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданды.

Ассамблея мен этномәдени орталықтар тарапынан көтерілетін бастамалар мемлекеттік деңгейдегі қолдауға ие болады. 1995 жылы сәуірде Қазақстан халқы Ассамблеясы республика тарихында алғаш рет Қазақстан республикасы Президентінің өкілеттілігін 2000 жылы 1 желтоқсанына дейін ұзарту жөніндегі жалпыхалықтық референдум өткізу туралы бастама көтерді. Мұндай маңызды қоғамдық бастамадан кейін іс жүзінде Ассамблея көпұлтты Қазақстан халқын топтастыратын белсенді қоғамдық институтқа айналды. Қазақстан халқы Ассамблеясы 1995 жылғы Конституцияның қабылдануына да үлкен қолдау білдірді. Бұл тарихи оқиғалар еліміздегі қоғамдық саяси және құқықтық ахуалға оң өзгерістер әкелгені баршамызға аян.

Қазақстан халқы Ассамблеясы аң алуан этностарды азаматтық тұрғыда топтастырудың қуатты құралдарының біріне айналды. Жалпы алғанда, өз қызметінің алғашқы күндерінен бастап Ассамблея еліміздегі этностардың мәдениетінің қайта жаңғыруы мен дамуына елеулі үлес қосып келеді. Наурыз мейрамы, корей, неміс мәдениетінің фестивальдері, татарлар мен башқұрттардың сабантойы жалпы халықтық сипатқа ие болды. Дүнгендер, курдтар сияқты, т.б. халықтардың мейрамдары мен түрлі форумдары республикалық деңгейде дәстүрлі түрде өткізіліп отырады.

Ассамблеяның белсенді қызметінің нәтижесінде Қазақстандағы этностардың мәдени өмірі жандана бастады. Өйткені Ассамблея этникалық топтар арасындағы ұйымдастыру жұмыстарының орталығына айналды. Ассамблея органдарына мемлекеттік мәртебе берілуіне байланысты этномәдени орталықтардың мәселелері жедел шешімін тауып, кейбір өзекті мәселелер бойынша үкімет деңгейіндегі шешімдер қабылданады. Ассамблея Кеңесінің

шешімімен этномәдени орталықтарға қаржылай және ұйымдастыру жұмыстары бойынша көмек көрсету мақсатында республикалық қор құрылған. Бұл қордың бөлімшелері әрбір облыстарда ашылды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы республикалық «Ақиқат» және «Мысль» журналдарының құрылтайшысы және де ассамблея жанынан шығатын «Достық - Дружба» журналы бүкіл елімізге таралады. Ассамблея ЕҚЫҰ-мен де тығыз байланыста жұмыс жүргізіп келеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясында 1996 жылдан бері 1 мамырда Қазақстан халқы бірлігі мерекесі ретінде атап өту идеясын туған еді.

Бүгінгі күні Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі әрбір этностың мүддесін қорғайтын қоғамдық бірлестік. Ассамблея көпұлтты Қазақстан халқын топтастырушы институт ретінде қалыптасып болды деп есептеуге толық негіз бар. Ассамблея Қазақстан азаматтарын отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге, халықтар арасындағы достық пен бірлікті нығайту ісіне өлшеусіз үлесін қосып келеді.

Ассамблеяның ең жоғарғы органы Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясы болып табылады. Ал Ассамблея Кеңесі заң жобаларын сараптамадан өткізу, мемлекеттік тіл мен еліміздегі барлық халықтардың тілін және мәдениетін дамыту, жастардың бойында қазақстандық отансүйгіштікті қалыптастыру, БАҚ-пен тығыз байланыс орнату, халықаралық байланыстар жүргізу, әрбір этностың мәдени дамуына ықпал ету сияқты, өзге де жұмыстарды жүзеге асырады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы үнемі даму үстінде болатын тірі ағза іспетті. Оған дәлел бола алатын құжаттар 2002 жылы 26 сәуірдегі Президент Жарлығымен қабылданған Қазақстан халқы Ассамблеясының 2011 жылға дейінгі даму стратегиясы және «қазақстан халқы Ассамблеясы туралы ереже». Қазақстан халқы Ассамблеясын одан әрі жетілдіру туралы Президент Жарлығына сәйкес Президент әкімшілігі мен облыс әкімдері аппаратының құрылымында Ассамблеяның жұмыс органы – хатшылықтар құру туралы нұсқау берілген. Ал бұл органдар өз кезегінде ассамблеяның барлық жұмыстарының тиімділігін арттыруға үлкен септігін тигізді.

Ассамблеяның өткізген барлық сессияларда Президент Н. Ә. Назарбаев Қазақстанда ұлтаралық татулық пен келісімді нығайта беру бағытында ізденістерді жалғастырудың қажеттілігіне баса назар аударып отырды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы үлгісінде Ресей Федерациясында, Қырғыстанда халық Ассамблеялары құрылды. Бұл жерде тағы бір ерекше атап көрсететін жайт, ол Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің деңгейі жағынан да, қызметінің ауқымы жағынан да дараланып тұрады.

Ассамблея өзінің құрылымы жағынан республикалық, облыстық және қалалық этномәдени орталықтарды біріктіретін ұйым болып табылады.

Қазіргі заман тарихының жылнамасы Президент Н.Ә. Назарбаев өзінің күнделікті қызметінде Қазақстан халқы Ассамблеясына ерекше көңіл бөліп отыратындығын дәлелдейді. Күллі Қазақстан халқы мен еліміздегі әрбір этностың болашағы – Қазақстан халқы Ассамблеясы үшін зор жауапкершілік.

## 2015 ЖЫЛ – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ЖЫЛЫ

АСЫЛХАНОВА К. Ж.  
Қ. Шүлембаев орта мектебі, Ақсу көпірі, Ақсу қаласы,

*Біздің Отанымыз – ортақ, тілегіміз – бір, мақсатымыз жалғыз.  
Ол жері гүлденген, елі түрленген дамуы жедел,  
ұрпағы кемел Мәңгілік Қазақстан!  
Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев*

Қазақстан өзінің көп ұлтты қоғамының татулығы мен тұтастығын, саяси тұрақтылығын сақтау жолында бірізді саясат ұсынып отырған бірден – бір мемлекет.

Қазақстан сияқты көп ұлтты мемлекет үшін ұлтаралық кикілжіндер мен дау – дамайларға жол бермей, өзінің тұтастығын сақтау алдығы орында тұратын алғы шарттардың бірі.

Ол үшін елбасшымыз Н. Ә. Назарбаев айтқандай... аса маңызды идеологиялық міндетіміз – Қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу [1].

Қазақстандық патриотизм ұғымының қалыптасуын еліміздің тәуелсіздік алуымен байланысты қарастырған жөн. Жалпы қазақстандық патриотизм дегеніміз не?

Қазақстандық патриотизм дегеніміз – қазақ мемлекетін Отаным деп сезіну, басқа ұлттардың қазақ халқына сый – құрметпен қарауы,

әр ұлттың құқықтық еркіндігін қуаттай отырып, туған жерін көркейтуге және оны қорғауға дайын болуы.

Патриотизм – жалпы азаматтық құндылықтардың маңыздысы болғандықтан, басқа халықтарға, ұлттар мен ұлыстарға сыйластықпен, ізгі ниетпен, адамгершілікпен қарау.

Қазақстан сияқты көпұлтты мемлекетте жекелеген этностар өкілдерінің ұлттық патриотизмімен тұтас байып отырады. Өйткені «халық» деген ұғымға мемлекеттегі барлық адам, яғни ұлттар, ұлттық топтар сияды.

Көпұлтты мемлекеттегі адамдардың патриотизмі олардың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетімен ажырағысыз бірлікте қарастырылуы тиіс. Қоғамдағы патриотизм екі элементтен тұратынына байланысты, патриотизм жалпыұлттық (қазақстандық) патриотизм және ерекше ұлттық патриотизм болып бөлінеді [2]

Демек, көп ұлтты қоғамда орыс тілді басқа ұлт өкілдері оқушыларының бойында жалпы-ұлттық (қазақстандық) және ұлттық патриотизм қалыптасады. Бұл ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің даму деңгейімен сипатталады.

Ұлтаралық қатынастар мәдениеті дегеніміз не?

Бұл – ең алдымен, халықтардың тең құқылығы. Ол өзара сыйластық, өзара көмек, гуманизм және өркениетті қатынастар принциптерінің ұлттық санаға қаншалықты сіңгеніне, сол санада ұлттық мүдделер мен басқа халықтардың мүдделері қаншалықты үйлесім тапқанына байланысты дамиды.

Әр түрлі этникалық топ адамдарының патриоттық іс-әрекеттері - Отанның қасиетін сезініп, оның алдындағы ұлт жауапкершілігін ұғыну болып саналады.

Барлық отандастар Отанымен рухани және материалдық тығыз байланысты болуы, өзі өсіп - өнген аймаққа деген сүйіспеншілігі патриотизмнің қайнар көзі болады.

Көпұлтты қоғам қайта құрылғанда патриоттық пен интернационалдық ұғымдардың сипаты да түбірімен өзгереді.

«Ол енді нақтыланады және Отанның көпұлтты халқын сүйіп, мақтаныш ете білетін ұғым дәрежесіне жетеді. Сөйтіп, әркім қарызы мен парызын түсіне бастайды, тыныштық пен жарасымды өмірді қамтамасыз ететін келісімдерге үлесін қосады».

Патриотизмнің алғы шарттары-патриоттық сана, мінез- құлықты психологиялық және моральдық тұрғыдан дайындау. Ол үшін патриотизмді құрайтын өзара байланысты үш категорияны білу керек: патриоттық ұғым, патриоттық қатынас, патриоттық қызмет [3].

Сондықтан, бүгінде басқа ұлт мектептері мұғалімдері оқу-тәрбие процесін жүргізгенде бір – бірімен байланысты, сатылы осы үш категорияны негізіне алғандары жөн.

Егер әр мұғалім қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуде осы категорияларды негізге алса, нәтиже жемісті болары айғақ. Бірінші, оқушыларда патриоттық ұғым қалыптастыру. Екінші, оқушыларды патриоттық қатынасқа шақыру. Үшінші, жас шамаларына орай патриоттық іс-әрекетке баулу.

Өз басым, қазақ тілін аса қадірлеп ерекше құрметтеймін. Оның мәнін, маңызын жоғары бағалаймын.

Әр халықтың тілі өзінше бай. Тілді мамандар ойлап тапқан жоқ, оны халықтың өзі жаратты. Қазақ тілі бай да таза, әуезді де мәнді. Қазақ ұлтты үшін, Қазақстан жалғыз Отаны болып табылса, барлық үшін - алтын бесік, туған жер.

Олай болса, мемлекеттік тілді білу, оны күнделікті өмірде қолдану, оған құрметтеп қарау - біздің парызымыз.

Бұл біздің туған жерімізге деген сүйіспеншілікті арттырып, қоғамдық келісім мен достықтың сенімді тірегі болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Назарбаев Н.Ә «Қазақстан-2030»

2 ҚР мемлекеттік қызметшінің төзімділігінің жәй — күйі // <http://malimetter.kz/k>

3 Ұлттық патриотизм // <http://el.kz/m/articles/view/content-23633>

### ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ – ЭТНИКААРАЛЫҚ КЕЛІСІМ МЕН БЕЙБІТШІЛІК КЕПІЛІ

БАЙКЕЖАНОВА Б. Р.

тарих пәнінің мұғалімі, Жаңа жұлдыз жалпы  
білім беру орта мектебі, Павлодар облысы, Железин ауданы

Тәуелсіз Қазақстан жаһандық даму кезеңінде өзінің ішкі және сыртқы жолын айқындаған жас мемлекет. Бүгінгі кезде Қазақстанда жүргізіліп отырған реформалар тәжірибесінің нәтижелі екендігін халықаралық сарапшылар ғана емес, сонымен бірге әлемдегі басты мемлекеттер лидерлерінің өздері де мойындап отыр.

Қазақстанның көшбасшылығы сәтті таңдап алынған өтпелі дәуірдің саяси-экономикалық үлгісіне негізделген. Ол - күшті президенттік билік және оған қоса жедел де қарқынды

экономикалық реформалар. Біздің үлгінің мәні мемлекеттік билікті әлсіретпестен, нарықтық экономиканың негіздерін жасауға және демократияландыруға бағытталған, түбегейлі реформалардың жиынтығына саяды [1].

Егер де «Қазақстандық жол» туралы айтатын болсақ, әрине, бұл жол тек экономикалық үлгіні таңдауға ғана қатысты емес. Бұл - жалпы конституциялық ережелерді ғана емес, сонымен бірге саяси режимді, инфрақұрылымды және конфессионалдық қатынастарды қамтитын саяси да үлгі. Бұл аса бай ауқымды дүние және дәл осы мәселелерде Қазақстан үлгі аларлық мемлекет ретінде бүкіл әлемге әйгілі болды. Бұл табыстар дүние жүзінде және өз ішімізде аса жоғары бағаланып отыр. Еліміздің барлық өңірінде этностық және діни өзара түсіністіктің сақталуы көп жағдайларда қазақстандық жолды айқындап тұр. Ол өте нәзік тепе-теңдіктен құрылған, сондықтан оны бұзып алу жағдайды тұрақсыздандыруға апарып соғары анық [1].

Бүгінде халқымыздың даналығы, кеңдігі мен сыйластығының арқасында этникалық тегіне, әлеуметтік, діни және де шығу тегіне қарамай қазақ елі өзінде мекен еткен барша ұлттың ұйысуына негіз болып отыр. Тәуелсіздігіміздің орнығуының ең қиын жылдарында халықтың кемелдігі мен елдің Тұңғыш Президенті - Н. Ә. Назарбаевтың қайраткерлігі мен жүргізіп келе жатқан салиқалы саясатының нәтижесінде Қазақстанда этносаралық жанжал мен қоғамның бөлінуіне жол берілген жоқ.

Біздің ұлттық бірлігіміз, этникалық шығу тегіне қарамастан, әрбір адамның жоғары деңгейде Қазақстан және оның болашағымен етене бірігуіне негізделген.

Қандай да бір елдің азаматы болу - әр адамның тағдыры. Алайда, адамдар әрқашан таңдау құқығына ие. Біз терең дара сипаттағы таңдауымызды жасадық. Себебі біздің ортақ еліміз, ортақ отанымыз бар, ол - Тәуелсіз Қазақстан. Тарихи тағдырымыздың ортақтығын түсіну және осы таңдауды түйсіне білу - елдің барша азаматын біріктіретін ең басты негіз.

Бір мемлекетте тұрып, өзге елдің заңына бағынып өмір сүру, азаматтың барлық құқығына ие бола отырып, бірақ оның міндеттерін орындамау мүмкін емес. Құқықтар мен міндеттердің мұндай бірлігі біздің тағдырымызды да, болашағымызды да бір арнаға қосады. Ортақ болашағымызды бірлесе қалыптастырмай тағдырласа өмір сүру мүмкін емес [2].

Тәуелсіздік алғаннан соң біз өз мемлекетімізді бірлесе құру жолында бірге еңбек еттік. Содан бергі жылдарда біз, бәріміз, күшті,



қуатты, заманауи мемлекет Елдің егемендігі, оның территориялық тұтастығы, қауіпсіздігі, экономикалық дамуы, қоғамдық келісімі - біздің бірлесе еткен еңбегіміздің нәтижесі.

Көпұлтты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылып, Қазақстан жаһандық конфессияаралық ұнқатысу орталығына айналды [1].

Толеранттық жағдай әлеуметтік-экономикалық және саяси ілгері басудың ажырамас шарты болып табылады. Біздің мемлекеттің түрлі конфессиялардың өзара іс-қимыл жасау жөніндегі тәжірибесін халықаралық ұйымдар мен шетелдік әріптестер, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Атлантикалық Келісім Ұйымы (АКҰ), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымы (ЕЫҚҰ), Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарт ұйымы (ЯСЖТСҰ), Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Ислам Конференциясы Ұйымы (ИКҰ), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД), Еуропа Кеңесі(ЕК) жоғары бағалауда.

Елімізде адамзаттың ортақ игілігі үшін түрлі діндерді ұстанушылардың, халықтар мен мемлекеттердің арасындағы өзара құрметтеуді, түсіністікті және ынтымақтастықты жақсартуға бағытталған діндер мен мәдениеттер диалогын ілгерілету жолындағы ізгі бастамасы Қазақстанның 2003 жылдан бастап, әр үш жыл сайын өткізіп отыратын «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі» осының айғағы.

Мемлекеттің міндеттерінен туындайтын дін саласындағы әркімнің ар-ождан бостандығына конституциялық құқығын қамтамасыз ету саясаты елдегі ұлттық бірлікке және қоғамдық келісімге бағытталып отыр. Мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары - барлық этникалық және конфессиялық топтардың өкілдеріне тең құқықтар беру, сондай-ақ олардың мәдени орталықтары мен діни бірлестіктерінің жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Қазақстанның құқықтық база негізіне барлық азаматтардың этникалық немесе діни ұстанымына қарамастан, құқықтары мен бостандықтарының теңдігін қамтамасыз ететін азаматтардың азаматтық және саяси қауымдастығы қалыптасқан [3].

Қазіргі заманның маңызды міндеттерінің бірі - мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара іс-қимыл жасауының үлгісін жетілдіру. 2011 жылдың 25 қазанында өз күшіне енген Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңын қабылдау халықтың рухани өмірін жетілдіру, діни

бірлестіктердің қызметін реттеу, мемлекет пен конфессиялардың өзара іс-қимылын арттыру жолындағы маңызды қадам болды. Заңның негізгі ережелерін іске асыру дін саласын құқықтық реттеуге мүмкіндік беріп, дін саласындағы мемлекеттік саясатты одан әрі жетілдіруде себепші факторға айналды [1].

Жазирадай кең байтақ қазақ жерінде қазақ ұлтымен бірге 130-дан астам ұлт пен этностық топ өкілдері, сонымен қатар 17 конфессия өкілдері достық қарым-қатынаста өмір сүріп жатыр, сондай-ақ әрбір халық төл тума мәдениетін, тілін, дінін, ділін сақтап бақытты ғұмыр кешуде. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен елдегі қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту мақсатында 1995 ж. 1 наурызында құрылған «Қазақстан халқы Ассамблеясы» барлық азаматтардың этникалық ұстанымы мен діни сеніміне қарамастан, тең құқылы болу және еркін дамуының қағидаттарына негізделген саясатты іске асырумен қатар, этникааралық қатынастар сондай-ақ, конфессияаралық қатынастар үшін де бірегей ортақ шаңыраққа айналды [1].

Қазақстан жаһандық және ұлттық, дінаралық деңгейде пайда болатын сынақтар мен қауіп-қатерлер аясында туындаған сұрақтарды үздіксіз талқылап, өз мүддесін негізге ала отырып оңтайлы шешімдер шығарып, қолданысқа енгізуі қажет. Аталған игілікті істерді жүзеге асырылып, орындалуында 2013 жылдың 25 сәуірінде Қазақстан Республикасы дін істері агенттігінің ұйымдастыруымен өтетін «Қазақстан-ортақ үйіміз» атты халықаралық конференциясының үлесі зор.

Ары қарай, жаһандану кезеңіндегі «Қазақстандық жолдың» тағы бір өлшемі - қауіпсіздік. Ядролық қарусызданудан, аймақтық және әлемдік державалармен шекараны анықтаудан, лаңкестікпен күресуден және әскери-саяси топтардан бастап, жеке адамның қауіпсіздігіне дейінгі мәселелердің барлығы - осы жүріп өткен үлкен жолдың белестері. Әрине, бұл жетістіктер мен елеулі табыстар Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев есімімен тікелей байланысты. Елбасы еліміз үшін күрделі және қиын кезеңде оның аяғынан тік тұрып кетіп, тұрақты дамуы үшін жауапкершілікпен қызмет атқарды. Ол бейбітшілік пен келісім, кемел даму мен тұрақтылықты арқалаған гүлдену мен табысқа қол жеткізуге асыққан тәжірибелі лидер. Өткен 20 жыл ішінде еліміз үлкен саяси, әлеуметтік, инновациялық дамудың шырдарына жетті [1].

Еліміздің алдынан жаңа перспективалар ашылды. Алайда, бірнеше жылдан бері әлем мазасыз күйкешуде. Дағдарыс жаһандық деңгейде еңсерілген жоқ және әлемдік қоғамдастық қысымды

турбулентті жағдайда тұр. Қазіргі әлем барлық плюстерімен және министрлермен төтенше деңгейде өзара байланысты болып отыр. Бұл - барлық елдер де есептесуге тиісті шындық. Оның үлкен, орташа және шағын елдердің бәріне де қатысы бар.

Осының барлығы мемлекеттен кесімді әлеуметтік саясат жүргізуді талап етеді. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда әлеуметтік мемлекеттің берік іргетасы қаланды. Қазақстан объективті түрде орташа Еуропа елдерінің әлеуметтік даму сапасы деңгейіне жақындады. Қазақстандықтардың өмір үлгі-қалыптары тұрақты түрде жоғарылады. Бірақ біздің азаматтарымыздың тұрақтылық пен игілік жемістерін қаншалықты тиімді пайдаланып келе жатқаны маңызды мәселе болып табылады.

Қазақстан БҰҰ, АҚҰ, ЕК, ШЫҰ, ТМД, ИКҰ және басқа беделді жаһандық және өңірлік құрылымдар өкілдерінің консультацияларын өткізу арқылы елдер аралық ұнқатысуларды кеңейтіп, бұл үдеріске инновация енгізді. ЕҚЫҰ-ның саяси аренасында ортақ және бөлінбейтін Еуроатлантикалық және Еуразиялық қауіпсіздік түсінігі берік орнықты. Қазақстан Ұйымның барлық үш себебі бойынша дәйекті жұмыс жүргізді. Қарулануға және сенім шараларына бақылау режимін жандандыру мен нығайту бойынша ұжымдық күш-жігер жаңа серпінге ие болды.

ЕҚЫҰ пішіні шеңберінде «сүрленіп тасталған» жанжалдарды реттеудің келіссөз үдерістері көкейкестілендірілді. Қазақстан ЕҚЫҰ-ның Іс басындағы төрағасы ретінде ЕҚЫҰ-ның жанжалдарды ескерту мен олардың алдын алу, дағдарысты жағдайларды басқару мен жанжалдардан соңғы оңалту салаларының әлеуетін нығайтты. Таулы Қарабақ жанжалын реттеу, Қырғызстандағы саяси дағдарысты шешуге белсене қатысты. Қазақстан осы елдегі жағдайды тұрақтандыруда, ішкі жанжалдар салдарынан болған экономикалық шығындарды қалпына келтіруде маңызды рөл атқарды. Қазақстан ЕҚЫҰ-дағы әріптестерімізді Ауғанстандағы ахуалды бейбіт реттеу үдерісіне, оның экономикалық жағынан еңсе тіктеуіне қазіргіден де белсендірек қатысуға шақырды. Қазақ елі аталған елге кең көлемді көмегін ұсынды. Біздің елімізде шамамен бір мың жас ауғандықты аса қажетті бейбіт мамандықтарға оқыту үшін қаржы бөлінді. Азық-түлік беру жүзеге асырылды. Қазақстанның Ауғанстандағы проблемалар түйінін шешудегі үлесі ЕҚЫҰ-ның барлық елдері үшін үлгі болып табылады [4].

Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалығы басқа мемлекеттердің Орталық Азиядағы бірқатар қауіпсіздік мәселелеріне назарын

аудартты. Атап айтқанда, біз Арал проблемасы бойынша конференция өткізіп, ЕҚЫҰ пішінінде су ресурстарынан тапшылық көріп отырған өңірдің су проблемаларын реттеудің құқықтық халықаралық негізі ретінде «Су және құқық» бағдарламаларын қабылдау идеясын ілгері жылжыттық. Бұл Қазақстанның жаһандық үрдістерді, ЕҚЫҰ-ның экономикалық-экологиялық себеті мазмұнын есепке алғанда, жаңғыртуға қосқан үлесі болды. Бүтіндей алғанда, Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы, ЕҚЫҰ-ның бүкіл жұмысына ырғақтылық берді. Біз осынау жоғары миссияны атқаруға үлкен жауапкершілікпен келдік және өз алдымызға қойған мақсаттарды толық жүзеге асырдық. 2010 жылдың 1-2 желтоқсанында Астана қаласында өткен ЕҚЫҰ-ның Саммитінде сөйлеген сөздерінде мемлекеттер мен үкіметтер басшылары, делегациялар жетекшілері біздің еліміздің ЕҚЫҰ-ға төрағалық етудегі жігерлі іс-қимылдарына жоғары баға берді.

Өз тәуелсіздігінің белең-алаңында Семей ядролық полигонын жауып, ядролық қарудан толықтай бас тартқан, Еуразиядағы интеграция идеясын белсенді алға апарушы Қазақстан өзін тағы да әлемдік қоғамдастықтың жауапты қатысушысы ретінде көрсетті. ЕҚЫҰ-ның Астанада өткен Саммитінің Қазақстанға оң ықпалын тигізгенін де атап айтпасақ болмайды. Ол біздің халқымызды топтастырды, аса зор күрделі міндеттерді шешу және ең жоғары мақсаттарға жету қабілетіне деген сенімді нығайтты. Біз әлемдік қоғамдастық алдында жауапты, бейбітшілікті, тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуда тиянақты әрі белсенді екенімізді көрсеттік. ЕҚЫҰ-ның Астана Саммиті ЕҚЫҰ тарихындағы күрделі кезеңге қорытынды жасады. Ол Ұйым үшін болашаққа есік ашып, оның жаңғыруына тамаша мүмкіндік берді. ИКҰ мүше-мемлекеттері 2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-на және 2011-2012 жылдары ИКҰ Кеңесіне Төрағалық етуін қолдады [1].

2005 жылдың желтоқсан айында Мекка қаласында өткен ИКҰ-ның жоғарғы деңгейдегі кезектен тыс 3-сессиясында ИКҰ-ның 10-жылдық іс-әрекет бағдарламасы белгіленді. Бағдарламаның негізгі бағыттары ынтымақтастықты нығайту, технология, реформа, білім, сауда салаларын дамыту және мұсылман әлеміндегі адам құқықтары мен биліктің ашықтығын қамтамасыз ету. 2010 жыл шеңберінде Қазақстанның ресми өкілдері мен елшілері өздерінің шетелдік сапарлары барысында Орталық Азия республикасының төрағалық етуі барлық 57 мүше мемлекет үшін тиімді деп ИКҰ-на маңызды мүше-мемлекеттеріне мәлімдеген болатын.

Қазақстанның батыл да, әрі көреген кәсіпкері бар, сонымен қатар халықаралық шаралар өткізуде тәжірибесі мол және ИҚҰ-ның басқа да халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық орнатуға үлес қосуда мүмкіндігі зор. 38-Сессияның негізгі мақсаты ұйымға мүше мемлекеттер арасында сауда және инвестиция саласының дамуына ықпал ету, сонымен қатар, әлемдік қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ұйымның бағыттарын қалыптастыру. Қазақстан бүгінде экономикасы орнықты және тұрақты ел.

Қазақстан жерінде жаһандық іс-шаралар үздіксіз өтуде. Қазақ елі жақында ЭКСПО-2017 бүкіләлемдік көрмесін өткізу құқығына ие болды. Бұл отандық экономиканың дамуына, инновациялық дамуға, орнықты экология мен «жасыл» экономиканы енгізуге зор мүмкіндіктер тудыратын сәт [5].

Жоғарыда аталған анық бағыттар, Қазақстанның даму бағдары және ел Президентінің болашаққа деген ұшқыр ұмтылысы, қазақ елін қоршаған жаһандық әлемдегі даму триумфына жету жолында өз қазақстандық жолын салып берді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жүргенбаева Ж.А. «Қазақстандық жол» // <http://old.abai.kz/node/26562>

2 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЛ БІРЛІГІ ДОКТРИНАСЫ // <http://www.inform.kz/kaz/article/2263392>

3 Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің IV съезіне қатысушылардың үндеуі // <http://www.shemonaiha.vko.gov.kz/kz/news>.

4 Қазақстан ЕҚЫҰ-дағы төрағалығын аяқтады // <http://www.kazembassy.gr/in>

5 Қазақстан Ислам Конференциясы Ұйымына төрағалық етуге дайын // [enbek.gov.kz/ru/node/](http://enbek.gov.kz/ru/node/)

6 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл. ISBN 5-89800-123-9

7 Жақсыбай САМПАТ, «Егемен Қазақстан».

8 «Қазақстан тарихы» әдістемелік журналы. 4. 2006. жыл «Қазақ тарихы» журналы.

## АССАМБЛЕЯ МЫҢ БАЛАҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҮЙРЕТЕДІ

БИСЕН Д. А.

физика пәні мұғалімі, №92 мектебі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

«Мемлекет басшысының қатысуымен Ассамблеяның арнайы сессиясы өтеді. Конституцияның 20, Ұлы жеңістің 70 жылдығына арналған арнайы шаралар қарастырылған. Жыл соңында Тұңғыш Президент күнінде Қазақстан халқа форумы ұйымдастырылады. Осымен Ассамблея жылын аяқтаймыз. Әр бағыт нақты жобалармен атап өтіледі» деді журналистерге Е.Тоғжан.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан халқы ассамблеясының 21-сессиясында Президент Н. Назарбаев 2015 жылды Қазақстан халқы ассамблеясы жылы деп жариялау туралы ұсыныс жасаған болатын. Ал 29 тамызда Мемлекет басшысының жарлығы қабылданды. Соған сәйкес, Үкіметке ұлттық жоспар жасау ұсынылады. Жоспарда республикалық деңгейде өтетін шара белгіленеді. Ал Қазақстан халқы ассамблеясы жылын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Мемлекеттік комиссияның кеңейтілген отырысында Қазақстан халқы ассамблеясы жылын өткізу тұжырымдамасы бекітіліп, атаулы жылдың эмблемасы мен мерейтойлық медалінің үлгісі мақұлданды. Сонымен қатар Ассамблеяның «Бейбітшілік пен келісімнің жол картасы» атты мега-жобасына ерекше көңіл бөлу туралы тапсырма берілді.

Е.Тоғжановтың сөзінше, Қазақстан халқы ассамблеясы жылында еліміздегі қоғамдық келісімнің мәнін түсіндіруге ерекше екіпін түсірілді. Атаулы жыл той тойлайтын емес, ой ойлайтын жыл болатынын баяндаған хатшылық меңгерушісі: «Ішкі саясаты мығым елдің сыртқы саясаты да берік болады. Мұндай мемлекетте қоғамдық келісім конституциялық негіз ретінде дамығын кезде ғана қол жеткізіледі» деді.

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның бай тарихы мен баянды дәстүрі және халқымыздың бауырмалдығы мен кеңпейілдігі Қазақстанды бейбітшіліктің бесігіне айналдырып отырғанын атап көрсеткен Е. Тоғжанов еліміздегі қоғамдық келісім саясатын ары қарай жалғастыру үшін ұлттық саясаттың бағыт-бағдарын тағы бір мәрте пысықтау қажеттігін де тілге тиек етті.

«Ассамблея жылы дегеніміз бұл – ең алдымен бірліктің жылы, татулықтың жылы, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы

салған қоғамдық келісім моделінің жылы. Қазақстан халқы ассамблеясы моделін біз Біріккен ұлттар ұйымында 2008 жылы таныстырған болатынбыз. 2010 жылы 56 Еуропа елі кіретін ЕҚЫҰ ұйымына да Астанада болған саммитте көрсеттік. Сондықтан биылғы тойдың басты мәні де, мақсаты да-бірлікті нығайтуға бағытталады» деді ол.

Қазақстан халқы ассамблеясы жылы аясында Еуропа елдерінде де халықаралық шаралар ұйымдастырылады. Бұл туралы Е. Тоғжан былай деді: «Қазақстан халқы ассамблеясы жылы аясында халықаралық бағыт бойынша бөлек жоба жүзеге асырылды. 5-қаңтарда халықаралық жоба басталып кетті. Швецияның Упсала қаласында біздің елдің моделі таныстырылды. Бұдан бөлек, ЕҚЫҰ-ға кіретін елдердің бәрінде ірі іс-шаралар өткізу жоспарланып отыр. Біздің барлық елшіліктерде Қазақстан халқы ассамблеясы жылына байланысты ашық есік күндері өтеді. Лондондағы Қазақстан халқы ассамблеясының орталығы биыл 5 үлкен шара өткізуді көздеп отыр. Биыл бізді өздеріне шақырып отырған мемлекеттер де жоқ емес. Бүгін ғана БҰҰ-ның сұрауы бойынша НЬЮ-Йорк қаласына келу өтініші жасалды. БҰҰ басшысы Пан Ги Мун кезінде өзі келіп кетті ғой. Қазақстанның келісім үлгісін БҰҰ-ның шағын моделі ретінде қарастырған болатын. Сондықтан олардың сұрауы бойынша биыл өтініш білдірілген жаққа бару жоспарланып отыр».

Басқосу барысында Е. Тоғжанов Қазақстан халқы ассамблеясы еліміздегі тұрақтылық пен келісімге сына қағып, сызат түсіруге және адамдардың тілі мен дініне, ұлты мен әлеуметтік санатына қарай кемсітуге жол бермейтініне тоқталып: «Қазақстан халқы ассамблеясы бейбітшілік пен келісімінің іргетасы. Бұл барлық азаматтардың қалауы ескерілетін жалпы халықтық сипаттағы инновациялық модель. Ол дербес қоғамдық институт ретінде өзінің міндеті мен мақсатын мүлтіксіз атқарып отыр» деді.

Қазақстан халқы ассамблеясы жылы аясында түрлі байқаулар ұйымдастырылады. Солардың ішінде «Мың бала» байқауының орны ерекше. Мұнда ҚХА мың балағы мемлекеттік тіл үйретеді.

Этномәдени бірлестіктер арасындағы ең үздік әлеуметтік жобаны да ҚХА анықтайды. Ал ғалымдар этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімінің қазақстандық моделіне арналған ғылыми жобаларын ұсынады. Жастар арасында «Менің Қазақстаным» патриоттық жобасы жүзеге асырылады. «Шаңырақ» этножурналистика саласындағы шығармашылық сайысы, ұлттық компаниялар арасында ең үздік қайырымдылық жобасы, ең үздік

инновациялық жобасы байқаулары да Қазақстан халқы ассамблеясы жылы аясында жүзеге асырылады.

Қазақ елі қашанда көпке құшағын кең ашқан халық. Кезінде білгілі себептермен қоныс аударған сан ұлттың өкілдері бүгінде бір атаның баласындай тату-тәтті, бір шаңырақ астында өмір сүруде. Олар қазақ халқының тыныс-тіршілігімен тығыз араласып, етене байланысып кетті. Басты қағида достық пен татулық деп ұғынатын олар үнемі бірлік пен ынтымақтастықты алға тартуда.

Өткен жылы Қазақстан халқы облыстақ Ассамблеясының қатысуымен көптеген шаралар атқарылып, маңызды жобалар жүзеге асты. Нақты айта кететін болсақ, облыстық Ассамблеясы хатшылығының атсалысуымен төрт жоба орындалды. Ол «Бейбітшілік пен келісімінің жол картасы» мега-жобасы аясында «Сыр елі-достық мекені», «Достықта жоқ шекара» көшкеруені, «Қазақстанға ыстық ықыласпен» әлеуметтік жобасы және «Славяне» қоғамдық – мәдени бірлестігі жеңіп алған «Өнерлі қолдар» жобасы нәтижелі ұйымдастырылды. Сонымен қатар облыстағы түрлі ұлт өкілдерінен құрылған қоғамдық бірлестіктерінің бастамасымен жастар арасында, қоғамдық ұйымдарда арнайы іс-шаралар өткізіліп, өздерінің салт-дәстүрін, еліміздегі этностардың тарихы мен мәдениеті таныстырылды. Тағы бір айта кетерлігі, қазіргі Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-да Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы ашылып, студенттерге әлеуметтану, Қазақстандағы этносаралық қарым-қатынас және өзге де мәселелерге байланысты арнайы пәндер оқытылып келеді.

Биыл елімізде Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы болып бекітілді. Осыған орай облыс әкімінің қолдауымен облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы қала, аудандар және бірқатар басқармалармен бірлесіп, арнайы іс-шаралар жоспарын дайындауда. Ондағы басты мақсат-елді мекендерде, шалғай ауылдармен қатар еңбек ұжымдарында шаралар өткізіліп, қоғамдағы достық пен келісімді одан әрі нығайтуға үлес қосып, елдегі ұлттық достығын насихаттау. Осы негізде көптеген шаралар жүзеге асатын болды. Қазіргі таңда Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына байланысты жоспарға сай әзірлік үстінде. Онда өнер фестивальдері, республикалық ірі жобалар, маңызды шаралар ұйымдастырылатын болады. Сырт елдерден де арнайы қонақтар келеді деп күтілуде. Жалпы, биылғы жылға деген дайындық қызу жүріп жатыр.

Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің құрылған кезеңінен бастап ұзақ даму жолынан өтті. Еліміздегі 100-ден аса этностың

басын біріктіретін бірегей құрылым тұрақтылықты сақтап, республиканың ілгерілей дамуы үшін маңызды рөл атқарды. Осы орайда Қазақстан халқы Ассамблеясы барлық әлемге еліміздің этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатымен белгілі. Және де бұл біз үшін үлкен жетістік болып саналады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Назарбаев Н.А. Қазақстан-2030. Послание Президента страны народу Казахстана. – Алматы: Раритет, 2002. –144 с.

2 Назарбаев Н.А. Қазақстан-2030. Послание Президента страны народу Казахстана. Алматы, 1998.

3 Назарбаев Н.А. Выступление на VII сессии Ассамблеи народа Казахстана //Казахстанская правда, 2000, 16 декабря.

#### БІРЛІК ТҮБІ-БЕРЕКЕ

ЕҢСЕПБАЕВА Ж. Ә.

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, №92 мектебі,  
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

Елбасымыздың 2015 жылды Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы деп жариялауы ұлт бірлігінің нығая түсуіне кең жол ашары айдан анық. Қазақстанды ортақ этностардан құрылған унитарлы мемлекет десек жарасады. Өйткені, қазіргі уақытта елімізде 130 ұлт пен ұлыс өкілдері қоныс тепкен. Қазақ жерін мекен еткен орыстар, украиндар, немістер, өзбектер, татарлар, ұйғырлар, беларустар, түріктер, қырғыздар, тағы басқалары тәуелсіз Қазақстанды ортақ Отаны санайды. Демек олардың бәрі де біздің отандастарымыз.

Өзге ұлт өкілдерінің азаматтық құқығы қатаң сақталады. Ата Заңымыздың 14 бабында: «Тегіне әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік, жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне, көзқарасына, намысына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген жағдаяттары бойынша ешкімді кемсітуге болмайды» деп атап көрсетілген.

1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Қазақстан халқы Ассамблеясы тәуелсіз мемлекеттің демократиялық жүйесіне сай келетін мемлекет басшысы жанындағы консультативті кеңесші орган. Қазақстан халқы Ассамблеясы ұлттық іс-шараларды

өткізетін институт болып есептеледі. Негізгі міндеті бірлікті бекітіп, ынтымақтастықты күшейту. Қазақстан халқы Ассамблеясы жұмысының нәтижесінде 15 тілде газет-журналдар, 8 тілде радиохабарлар, 7 тілде телехабарлар таратылады. Өзбек, орыс, украин, ұйғыр, тағы басқа да тілдерде оқытылатын 108 мектеп, 22 этностық пәндер жүргізілетін мектептер ашылды.

2010 жылы ел бірлігі доктринасы қабылданды. Ассамблеясының басты ерекшелігінің бірі этностық топ өкілдері мүшелері жоғары Заң шығару органдарына ел Парламентінде мүддесін білдіру үшін мәжіліске 9 депутат Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланды. Бұл ұсыныс Елбасымыздың халық бірлігін сақтаудағы білгір саясатының негізі саналады. Сонымен қатар Елбасы 1996 жылдан бастап 1 мамырды Қазақстан халқының бірлігі мерекесі ретінде атауды ұйғарды. Бұл бастаманы Ресей Федерациясы, Қырғызстан халқы қолдай отырып және өздерінің халық Ассамблеясын құрды. 2014 жылдың сәуір айында Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХІ сессиясының «Қазақстан-2050» Стратегиясы: бейбітшілік руханият және келісім мәдениеті» тақырыбында өтуі Қазақстан халықтары достығының айқын белгісі болды.

Елімізде 2015 жыл – Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы деп жариялануы бірлікті бекітетін, ынтымақты күшейтетін және ұйыстыратын кезең болмақ. Бұл уақытта Ассамблея Қазақстан халықтарының бірлігін нығайтып, биік мақсаттары мен мүдделерін жүзеге асырады. Қазақстан Үстіміздегі жылы Халықаралық қауымдастықта лайықты орын алып, әлемдік өркениеттің жаңа көкжиегіне шығуға мүмкіндік алатынына көміл сенемін.

Тарихқа көз жүгіртсек, Қазақстан халқының көпұлттық құрамының қалыптасуы тым әріден басталса керек. Ресейден жер аударылғандар, екінші дүниежүзілік соғыс секілді түрлі оқиғалар алуан ұлттың бір жерде топтасуына әкелді әкелді. Орыс, ұйғыры бар, өзбек, шешен, татар, түрік, еврей секілді республиканың барлық аймағына орналасты. Тарихтың бетіне өшпестей із қалдырған мұндай зұлматты жылдарда Сыр өңірі де сырттан келген этностық топтарды құшақ жая қарсы алды.

Осындай қазақ халқының кеңпейілдігін, қонақжайлығын көрсетіп, ешқайсысын бөле жара қарамай, құшағына енген барлық ұлтқа пана болған ауылдардың бірі Қармақшы ауданында қарасты ІІІ Интернационал ауылы. Бүгінде ауылда бір атаның баласындай болып 11 ұлттың өкілдері өмір сүруде. Бұлардың барлығы тату-тәтті. Ауылға кіргеннен ақ, береке мен бірліктің, татулық пен

ынтымақтың бекем орныққанан аңғару қиын емес. Әңгімені әріден ауыл тарихынан бастасақ.

1937 жылдың қазан-қыркүйекайларында еліміздің Қиыр Шығысынан сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған корей халқы Қазақстанға көшірілді. Олардың бірсыпырасы Қармақшы ауданына келді. Бұларды ең алдымен аудан басшылары алдары қыс болғаннан соң жертөлелерге уақытша қоныстандырды. 1938 жылдың сәуір айынан бастап Қашқансу ауыл советіне қарасты жерге шағын екі артельді, яғни, 48 отбасын әкеліп орналастырады. Олар «Червоная земля» председателі Пак Ин Гван басқарған артель болса, екінші Цай Ден Хак жетекшілік еткен «III Интерноционал» ауылы болатын. Үшінші ұйымдастырылған колхоз председателі Ким Тен Сем Бозарқаш ауыл советіне қарасты «Утренняя заря» колхозына орнығады.

Табиғатына еңбекқор болып келетін кәрістер жергілікті халықпен етене араласып кетеді. Бұл жерде олар қол қусырып қарап отырмай жер жыртып, егін еккен. Өңірді құтты мекенге айналдыруға күш салады. Сол уақытта аудан көлемінде барлығы 38 колхоз болған екен. Мұндағы қазақтар да келген жұртты бөтенсімей, олардың толық орнығуы үшін үй тұрғызып, мектеп салу жұмысын жүргізеді. Алғашқы жылы колхозда 48 үй, еңбекке жарамды 120 жұмысшы болған. 1940 жылы колхоз шаруашылығы едәуір нығаяды. Үй саны 84-ке жетіп, колхоз мүшелері көбейе түседі. Шаруалары дөңгеленіп, халық егін шаруашылығымен қатар, төрт түлік мал өсіруді қолға алады. Дәл осы жылы колхозда 150 бас ірі қара, 50 бас жылқы, 180 бас қой өсірілген екен. Осылайша, нәсібін қара жерден айырған тұрғындар Ұлы Отан соғысы жылдары да аянып қалмай «Тыл да майдан!» деген ұранмен еңбек етеді. Нәтижесінде соғыс басталған жылдың күзінде колхоз дихандары 215 гектарға егілген күріштен 3689 центнер өнім алады. Оның 2450 центнерін мемлекетке тапсырыпты.

1944 жылы Ұлы Отан соғысының нағыз қайнап тұрған ауыр кезінде Грузия Республикасындағы Месхетин таулы өңірінен түріктер Қазақстанға жер аударылады. Сол уақытта Қашқансу ауыл советіне тағы 28 отбасы келеді. Түрік ағайындарға да қолдан келгенше көмек беріледі. 1950 жылдары елде майда колхоздарды ірілендіру жұмысы басталады. Осы кезде Қашқансу табанындағы шағын «Червоная заря», «III Интернационал» мен Бозарқаш маңындағы «Утренняя заря» колхозшылары өз еріктерімен біріктіріліп III Интернационал колхозы құрылды. Оған төраға болып

Цай Ден Хак сайланды. Осылайша, бір-біріне деген жанашырлық, татулық пен қамқорлықты әріден бастау алған ауыл тұрғындарының бірлігі мұнан сайын жалғасын тауып, нығая түседі. Ауылдың тұрғындары ел алдында еңбектерімен ерлейді. Шежірелі тарихы бар, тірлік пен тіршіліктің берекесі кірген ауылды жарты ғасыр бойы Еңбек Ері Цай Ден Хак басқарып елдің бірлігін сақтап келген. Міне, содан бері қанша уақыт өтсе де, ауыл тұрғындарының шаруалары тұралап, татулықтарына сызат түскен емес. Мұндағы бірліктің тамыры тереңде қанат жайған. Ауылға келе қалсаңыз, ең алдымен ұлттар достығы әңгіме арқауы. Өйткені, еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін ұйысып отырған, берекелі ел екендіктерін жатқа айтады.

– Ауылда үш мыңға жуық халық бар. Оның 1343-і қазақтар, 910-ы түріктер, 23-і орыс болса, қырғыз-15, әзірбайжан-18, өзбек-9, татар-6, украин-5, беларус-5, чуваш-1. Біздің ауыл осындай ұлтаралық бірлігімен ерекшеленеді. Себебі, тұрғындардың өзара түсінушілігінің арқасында ауылда татулық дінгегі ажыраған емес. Қазіргі сәтте тілі басқа болғанмен, тірегі бір, жүзі басқа болғанмен жүректері бір болып кеткен бұлардың ауылымызда түтін түтетуі қазақ халқының қолы ашық, қонақжай екендігін білдіреді. Олардың бірін-бірі жат санамай тығыз қарам-қатынаста болуы, тіпті құда-жекжат болып араласуының өзі ауылымыздың көркін келтіргендей ауыл әкімі Бақытбек Байбарқов.

Расымен де бұл мекенде орыс пен кәріс те, түрік пен қырғыз да, әзірбайжан мен өзбек те, татар мен украин да, беларус пен чуваш та қазақ халқымен біте қайнасып, аралас-құралас болып кеткен. Жылдар жылжыған сайын ауыл тұрғындарының бір-бірімен төс түйістірген құдандалы болуының өзі көпке үлгі болып, ауыл ажарын айшықтағандай.

Қай ұлт өкілімен тілдессеңіз де, қазақ халқының тіліне шорқақтық танытпайды. Керісінше, мақалдап, астарлап сөйлегенде қала қазақтарын далада қалдырады. Татулықты басты мұрасы деп санайтын халықтың негізгі қағидасы ел бірлігіне негізделген.

– Елдің бұлай ұйысуы қуанарлық жай. Мұның бастауы Цай Ден Хак секілді белгілі тұлғаның салып кеткен жолы деп білемін. Осы жерді басқарған басшыларға қарасам олардың дені өзге ұлттардан болған. Мәселен, Ким Петр, Ким Анатолий, Тен Роман, Васип Гейдаров секілді білікті басшылар туған жерді түлеткен азаматтар. Қазірдің өзінде ауылда 5 шаруа қожалығы жұмыс жасаса, оның ішінде «Достық Жер МК» ЖШС-ның директоры Милияр Арифовта

осы ізді жалғастырып келеді. Сондай-ақ, ауылдық дәрігерлік амбулаторияның дәрігері Зульфия Муханбетова да өз ісінің маманы. Білім беру саласында да қазақ тілінде білім алып жатқан ұлттар аз емес. Оған қоса ауылдық мәдениет үйінің жанынан құрылған түрік «БААР» би ансамблі де түрлі шараларға қатысып, өнердің дамуына үлес қосуда, – деді Б. Байбарақов.

Қалай десек те, ынтымағы жарасқан III Интернационал ауылында бір-бірін ұлтқа бөлеп жүрген ешқайсысы жоқ. Керісінше, бір-бірлеріне құрметпен қарап, адамдақ пен адалдықты өскелең ұрпақтың бойына сіңіруде. Ауыл тұрғындары бұл қалпынан еш танбақ емес, қайта үлгі-өнеге етіп, ата-баба салтын кейінгі жастарға мұра етіп қалдырмақ. Осындай салт-дәстүрді берік ұстаған, бірлігі жарасқан ауылдар барда еліміздің келешегі кемел, түтіні түзу болмақ.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Послание Главы государства Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» // Казахстанская правда, 2014, 18 января.

2 Назарбаев Н.А. Астана - великая эпоха и стратегический вектор Казахстана // Казахстанская правда, 2013, 6 июля.

3 «Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всобщего Труда» // Казахстанская правда, 2012, 10 июля.

4 Назарбаев Н.А. Пять принципов G-Global. V Астанинский экономический форум.

### МЕМЛЕКЕТІМІЗДЕГІ ҰЛТТАР АРАСЫНДАҒЫ БЕЙБІТ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

ЖЕТПИСБАЙ Х., УСТАПАЕВА А. М.

мектепалды даярлық тобының тәрбиешілері, Железин №3 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар облысы, Железин ауылы

Қазақтардың мәдени-этникалық дәстүрлерінен мұра болған рухани саладағы төзімділік қазіргі уақыт пен келешекте азаматтық әлемді сақтаудың берік негізі болып табылады. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы 40-тан астам конфессия мен деноминация өкілдері, сондай-ақ 130 ұлт пен этникалық топ өкілдері бейбіт және өзара түсіністікте өмір сүре алатындығының бірден бір мысалы.

Қазақстандағы әрбір ұлттың өзінің этноқұрылымдары бар, 22 республикалық және аумақтық ұлттық-мәдени орталықтары

құрылған. Әзербайжан, грек, ингуш, неміс, шешен, поляк, т.б. халықтардың ұлттық мәдени орталықтары жанында жексенбілік мектептер жұмыс істейді. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен елдегі қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту мақсатында 1995 ж. 1 наурызда «Қазақстан халқының Ассамблеясы» (ҚХА) құрылды [1].

ҚХА-ның мақсаты — республикадағы оқиғаларға баға беру және саяси жағдайларға болжам жасау негізінде қоғамдағы ынтымақтастықты қамтамасыз ететін іс-тәжірибелік ұсыныстар жасау, ҚР Президентінің республика азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілі ретіндегі қызметіне атсалысу. Ассамблея мәдени-ағартушылық, атап айтқанда, тілдер мен ұлттық мәдениеттерді, салт-дәстүрлерді қайта жаңғырту мен насихаттау; тәрбиелік, яғни қазақстандық және ұлттық отан сүйгіштікті қалыптастыру; ұлтаралық қатынастарды қадағалау негізінде ұлтаралық татулық пен келісімді нығайту; Қазақстанды мекен еткен ұлт өкілдері арасында достық қарым-қатынастардың дамуына негіз болатын мемлекеттік саясат жүргізу жөнінде ұсыныстар дайындау ісімен айналысады [2].

Ассамблеяның 350-ге жуық мүшесі бар. ҚХА-на мүшелікке кандидаттарды ынша жергілікті жерлердегі Қазақстан халықтарының Кіші Ассамблеясы, республикалық және аймақтық ұлттық-мәдени бірлестіктері, Ассамблея Кеңесінің мүшелері тең арақатынас қағидасы бойұсынады. ҚХА-ның төрағасы- ҚР Президенті. Ол Ассамблея мүшелерінің ұсынысы бойынша төрағаның екі орынбасарын тағайындайды. Ассамблея мәжілістері арасындағы жұмысты ҚР Президентінің шешімімен Ассамблея кеңесі жүргізеді. ҚХА кеңесі ұлттық-мәдени орталықтар ардагерлер кеңесі өкілдерінен, Кіші Ассамблея жетекшілерінен, сондай-ақ, Ассамблеяға мүше басқа тұлғалардан құралады. ҚХА Қазақстанда өмір сүріп жатқан барлық халықтардың мәдениетін, тілін дамытуға қолайлы жағдай жасау бағытында Қазақстан халықтарының фестивальдерін, тілдер фестивальдерін, жексенбілік мектеп оқушыларының мемлекеттік тіл мен ана тілін білу дәрежесін анықтайтын байқауларын, тіл саясаты мәселелері бойынша халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар, т.б. өткізеді [2].

Бізде әлемдегі ешбір жерде баламасы жоқ, мүлде жаңа тұрапты қоғамдық бірлестік – Қазақстан халқының ассамблеясы бар. Мұны бір елдің ауқымында өзіндік бір біріккен ұлттар ұйымы десе де

болады. Ассамблея бүгінгі таңда жаңа конституциялық мәртебеге ие болып, біздің көпұлтты жұртымыздың мүддесін Парламентте білдіру құқығын алды.

Шетел ғалымдары дәл бейнелеп: «Назарбаевтың нұсқасы» атап ж. рген 2030 стратегиясы қазақстандықтардың барынша қолдауына ие, дана да дәйекті қуатты басшылыққа сүйенеді, сол себепті халықаралық ауқымда барған сайын кеңінен танылып, зор қолдау тауып отыр.

Сараптамашылардың айтуы бойынша, біздің елімізбен сан саналы байланыстар мен әріптестікті кеңейтіп, оны нығайтуға шетелдіктердің ерекше ынталылық танытып отырғанын айту лазым.

Тәуелсіздігінің алғашқы жылдары Қазақстанның кешкен қиындығы, арқалаған ауыртпалығы мен шеккен шырғалаңында қисап жоқ. Біздің президентіміздің өз сөзімен айтқанда, шырғалаңнан шығу қамын жасаған сол жылдары «Біз аман қалу үшін амалдадық», «Біз жолымызды іздедік».

Әлбетте түбегейлі қоғамдық өзгерістердің алғашқы кезеңінде бәрінің бірдей анық, бәрінің тегіс түсінікті бола бергені де рас. Еліміз бен қоғамымыздың алдында оңайға түспейтін тарихи таңдау жасау қажеттігі тұрды, дұрыс шешім қабылдаудың бардық ауыртпалығы, ең алдымен, біздің Президентіміздің еншісіне тигені де аян.

Сын сағатта Қазақстан басшысы жасаған сол таңдау өзін толығымен ақтады. Қысқа мерзімнің ішінде ыдырау үдерімін еңсеруге нарық экономикасының негіздерін қалыптастыруға, Қазақстан мемлекеттігінің негіздерін нығайтуға, бір партиялық өктемдіктен саяси саналуандылыққа көшуге, елімізді демократиялық дәйекті дамытудың негіздерін қалауға қол жеткізілді.

Тарих сол жылдары қалыптасқан «Назарбаев нұсқасының»: тұрақты әрі әлеуетті экономика болмайынша, қоғамдық-саяси даму баяу да байыпсыз жүреді және халықтың жаппай ренішін туғызып, елдегі тұрақсыздыққа әкеліп соқтыруы мүмкін дейтін негіз қалаушы қағидаттарының бірін қуаттап береді.

Дағдарысты ахуал әлі де айыға қоймаған 90-жылдардың ортасына таман елдің амандығы мен егемендігін нығайту проблемасын шешкен бойда, Президент Назарбаев Қазақстан дамуының жаңа стратегиялық міндеттері мен ұзақ мерзімді мақсатын тұжырымдады: дамудың «ілесі жүретін» сүрлеуінен шығып, осы заманғы ойдағыдай серпінді дамушы мемлекетке айналу, кеңестен кейінгі алдыңғы шептен орын алу мұратын алға қойды [3].

Биыл қуғын-сүргінге ұшыраған адамдар туралы сегіз конференция, дөңгелек үстелдер өткізілуде. Қазір халықаралық конференцияға дайындық үстіндеміз. Алашордашылардың сексен жылдығына арналған республикалық мәслихат өткізілмек. Оның үстіне, Қазақтанға қатысы бар мемлекет, қоғам қайраткері – Мирзоян мен Розыбакиевтің туғанына 100 жыл толады. Бұл мерекелер де атаусыз қалмақ емес. Айтпақшы, жер ауып келген бес мың неміс пен еңбек армиясына қатысушыларға арналған екі съезд өткізілген. Осының бәрі – көпұлтты республиканың тыныштығы, бейбіт аспаны үшін жасалып жатқан шаралар.

Президентіміз елге сіңірген аздаған еңбегімізді елеп-ескеріп жатса, ол кісіге рахметтен басқа айтарымыз бар ма. Ол кісінің өзі де көп ұлтты қазақ елі қыспақтан ұшпаққа қарай жетелеп, сүйреп келеді. Біздің әрқайсымыз сол басшымызға көмектесуіміз керек. Әр төбеден тұрып сын айтқаннан гөрі ұсыныс айтуымыз керек. Әркім әр тарапқа тартпай, бірлескен, пікірлескен түрде бір шешімге келетін болсақ, жөнін таппайтын іс, жолын таппайтын жұмыс болмайды. Бізге керекті – береке мен бірлік, тыныштық пен ынтымақтастық.

Әрбір адам, әрбір азамат – өз елінің, өз жерінің перзенті. Адам баласы үшін перзенттік парыздан асатын қасиетті де қастерлі ештеңе жоқ. Осы тұрғыдан келгенде әрбір қазақстандықтың жүрегіне отаншылдық сезімін берік орнықты ру бүгінгі таңдағы басты меже болып саналады. Біз ендігі жерде бейсауат, бейтарап жүріске, құр даурығу мен құрғақ ақылгөйлікке жол бермеуге тиіспіз.

Бүгінгі кеше ғана ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму, өркендеу жолдарының қандай екенін анықтап көрсетіп берді. Біз енді болашақ асуларға қару, құралсыз беттеп бара жатқан қара тобыр емеспіз. Жоспарлы түрде жолға шыққан қуатты күші бар, сертте сенімді сай іргелі халықпыз. «Қарнымыз ашты, құтымыз қашты» деп қара аспанды суға алдыра берушілерге қаратып, бір-ақ ауыз сөз айтар едім: қазақ халқының ғасырлар бойы басынан кешкен ауыр да азапты кезеңдерін есіңнен шығарма. Бір аштықтың бір тоқтығы болады. Біз жақсы тұрмысты да, барша байлықты да өз қолымызбен жасаймыз. Соған сенімім көміл.

Қазақстан көп ұлтты елге айналды. Қара шекпендер мен казактар біздің жерімізге көптеп қоныстанды. Қара түнек кезеңдерде Қазақстанда жетпістен астам жазалау лагерьлері орналасты. Содан кейінгі соғыс жылдарындағы, тың кезіндегі қоныстаушылар – осылардың бәрі – қазақ халқының, таза ұлттық бет-бейнесіне,



салт-дәстүріне, ең бастысы, ұлттық рухына кері әсерін тигізбей қойған жоқ. Міне, осы әсер және Батысқа еліктеу бүгінгі «қазақ жастар» дегендерді тудырды. Олардың көпшілігі біздің бүкіл ұлттық болмысымызға танауларын шүйіре қарауға әдеттенуде. Олар қазақ халқының шынайы жер иесі, ел иесі болуына кері ықпал жасау жағынан басқа ұлттар арасындағы теріс пікірді адамдардан қауіптілеу болуы мүмкін. «Жаңа қазақтар» мен ұлтжанды зиялы қауым арасында түсініспеушілік бар. Ал, шындап келгенде, түркі халықтарының ішіндегі ең озық интеллигенциясы бар қазақ елі үшін «Жаңа қазақтар» онша қорқынышты бола қоймас.

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Мұндай жағдайда қазақ мәдениеті өркендетудің стратегиялық бағытын анықтайды. Автор жалпы қазақстандық мәдени үлгіні жасақтау жолын ұсынады. Қазақстан диаспораларын өз «этнокұрлық мәдениетінің» бір бөлігі болып қана қоймай, ең бастысы Қазақстан мәдениетінің өкілетті өкілдері бола алатын дәрежеге көтерілуі керекті.

Н. Ә. Назарбаев Қазақстанда өмір сүріп отырған басқа халықтар өкілдерінің мәдени ықпалын, олардың өзара кірігуі табиғи жолмен өрбуін қалайды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін, шетте жүрген қазақ диаспораларының тағдыры күн тәртібіне қойылды. Автор шетелде шашыра, елге орала алмай отырған 5 млн. қандастарымыз туралы Елбасы ретінде ғана емес, халық перзенті санатында қатты тебіренеді. Шын мәнінде, осы арада айта кетерлік жайларда баршылық. Шет елдік диаспораларда өмір сүрген ортаға бейімділік бары рас. Бірақ, отандастарымыздың қалың тобы сауда-саттық жағына бейім, олардың ішінде зиялы қауымның қалың тобы жұқа, жоқтың қасы. Елге оралған отандастарымызды орналастырған кезде олардың іргесін сөкпей, тұтас қоныстанғаны дұрыс сияқты. Және бір ескертетін жай Монголиядан келгендерді бүкіл Қазақстан сахарасына шашыратпай-ақ таудың арғы бөктерінен бергі Қатонқарағай, Зайсан маңына малымен көшіріп әкелсе қандай жақсы болар еді. Монголияда ағайын-туыс, құдандалы отырған тұтас ұлыстың іргесін сөгу олардың болмасын бұзумен тең екендігін ескермей келеміз, ағайын. Қазақ елінің ішкі істеріне араласпай, аумақтың тұтастық ұстанымдарын сақтай отырып, өз диаспораларына мәдени, экономикалық һәм саяси қолдауды көрсетіп келеді.

Тәуелсіз – мемлекетіміздің, халқымыздың болашағы ұлтаралық қатынастарға байланысты. Осы тұста қазақ мәдениетінің

кіріктірушілік ролі орасан зор. Автор – қазақстандықтар бір ғана экономикалық немесе саяси кеңістікте ғана емес, бір мәдени кеңістікте өмір сүріп жатқанынан назар аударады, еліміздегі басқа да ұлттық топтармен мәдени-өркениеттік арнада дамытуға көңіл бөледі. Қазақстанның мәдениеті көне заман мен жаңаның арасында ғана дәнекерлік жасамайды, ол сонымен қатар евразиялық мәдени кеңістік пен кіндік Азия халықтарының жаңа арнада өркен жайған дәстүрлі тарихи-мәдени бірлігіне дәнекерлік етеді. Елбасының бүгінгі күні «тарих толқынындағы халықтардың бірлігіне қол жеткізуден артық маңызды міндет жоқ», - деген пайымдауды бүкіл мемлекетіміздің, ұлттың болашағына деген мүддесін туындайды.

Н. Ә. Назарбаев дабылды да дауылды, қаһарлы да үрейлі, аласапыран XX ғасыр тарихына, оның тағылымына көп көңіл бөлген. Еңбекте қазақ зиялыларының ұлттық бірлікті нығайту барысындағы рухани-зерделі істерін алға тартады.

«Бір ел – бір тағдыр» принципіне негізделген Қазақстан халқының бірлігі мен ынтымақтастығы мемлекеттің ұлттық құрылымы мен еліміздің әлемнің дамыған, гүлденген мемлекеттерінің қатарына қосылуына себепші болып отырған алтын көпір деуге болады. Алғаш тәуелсіздікке қол жеткізген шағында Қазақстанда полиэтникалық қоғам интеграциясы мен елімізді мекен еткен этникалық топтардың құқығын, мүддесін қамтамасыз ететін демократиялық механизмдер болған жоқ.

Ал бүгінде, ел тәуелсіздігінің 20-жылдығында барша әлем этникааралық және конфессияаралық толеранттылыққа негізделген Қазақстанның даму жолдарын мойындап отыр. Береке, бірлік, татулық, саяси және экономикалық тұрақтылық – бұл – Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген табысы. Осынау жетістігімізбен біз бүгінде төрткүл дүниеге жар салып, мақтана аламыз. 20-жылдық тәуелсіздік тарихы – Қазақстан халқы достығы мен келісімнің, тұрақтылығының қалыптасу тарихы. Осының барлығы елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың кемел, көреген саясатының арқасы. Дәл сондықтан, Қазақстан халқы Ассамблеясының, облыстық этно-мәдени бірлестіктердің барлық мүшесі белсенді қатысқан ел Президентінің кезекті сайлауы ұлт Көшбасшысы, Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Н. Назарбаевтың сөзсіз жеңісімен аяқталды. Осылайша біз, тағы бір мәрте бүкіл әлемге Елбасының айналасына топтасқан халқымыздың бірлігі мен ұлтаралық татулығының озық үлгісін көрсеттік.

1995 жылдың 1-наурыз күні Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы шықты. Оған сәйкес қоғамдық тұрақтылық пен этникааралық татулықты нығайту мақсатында ел Президентінің жанындағы консультативтік – кеңес орган ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Ал 2007 жылы ҚР Конституциясына енгізілген өзгерістерге сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясы тұрақтылық пен этникааралық татулықты нығайтып, азамат құқығы мен бостандығын, елде тұратын барлық этностардың дәстүрі, мәдениеті мен тілінің сақталуын қамтамасыз ететін Конституциялық орган ретінде танылды. 2008 жылы «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заң, 2010 жылы Қазақстан халқы бірлігінің Доктринасы қабылданды. Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясы этникааралық қарым-қатынас саласындағы мемлекеттік саясаттың табысты жүзеге асыру құралына, қоғамдағы тұрақтылық пен ұлтаралық келісім төңірегінде жергілікті атқарушы билік органдары арасындағы табысты диалог алаңына айналып отыр.

«Этникааралық татулық пен келісім күнделікті оңтайлы мемлекеттік саясат пен біздің барлығымыздың күш-жігеріміздің арқасында сақталып отыр», - деп атап өтті Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясында сөйлеген сөзінде. Облыстың этномәдени бірлестіктерінің тиімді әрі нәтижелі жұмысы аймақтағы этникааралық және конфессияаралық жағдайға оң әсерін тигізіп, қалалар мен аудандардың қоғамдық өміріндегі аталмыш ұйымдардың дәрежесін көрсетуіне ықпал етіп отыр.

1995 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы құралғанға дейін облыста тиісті ресми тіркеуден өткен сегіз этно-мәдени бірлестік жұмыс істеді. Қазіргі кезде аймағымызда облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының 6 филиалы, 19 этно-мәдени бірлестік пен 14 қалалық және 43 аудандық құрылымдық бөлімшедері бар. Олар мемлекеттік ұлттық саясатты жүргізу аясында облысымызда өткізілетін түрлі қоғамдық тұрғыдан маңызды мәдени шаралар мен акциялардан ұйтқы болып отыр. Облыстық этно-мәдени бірлестіктерінде ақсақалдар алқасы, жастар ұйымдары жұмыс істейді. Диаспора өкілдері, әсіресе жастар арасында ақсақалдар алқасы ауқымды тәрбиелік мәні зор жұмыс жүргізуде. Ассамблея жанынан этника тақырыбы бойынша ғылыми-сарапшылық пен журналистер клубы құрылды.

Жыл сайын облыстық ассамблея мен этно-мәдени бірлестіктер елдегі тұрақтылық пен этникааралық татулықты нығайтуға, қазақстандық ұлтжандылыққа тәрбиелеп, Қазақстан халқының

рухани мол мұрасын сақтауға бағытталған жүзден астам шараларды өткізеді. Облыста тұрып жатқан этностардың дәстүрі, мәдениеті мен тілінің сақталуына әсер ететін маңызды шаралардың бірі – «Достық. Бірлік. Тәуелсіздік.» атты этномәдениеттердің аймақтық фестивалі мен «Бір отбасында өмір сүреміз» атты жазғы фестиваль. Этномәдени бірлестіктердің шығармашылық ұжымдары мемлекеттік мерекелер мен айтулы даталарға арналған концерттік шараларға белсенді түрде қатысады. Концерттік бағдарламалармен ауылдық аймақтарға жиі шығады. Облыстың қалалары мен аудандарында этномәдени бірлестіктердің өкілдері және шығармашылық ұжымдары қатысатын Тәуелсіздік күні; Наурыз, бірлік пен ынтымақтастық күні, Жеңіс күні, Астана күні, Конституция күні сияқты мерекелік шаралар қашанда үлкен қызығушылыққа ие болады.

Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясымен «Біз – Қазақстан халқымыз!» атты акция өткізіліп тұрады. Оның аясында Қазақстанның жеткен жетістіктерін және 2020 жылға арналған стратегиялық жоспардың мақсатын насихаттау үшін ауылдық аймақтарға облыстық этномәдени бірлестіктерінің шығармашылық ұжымы мен белсенділерінің ақпараттық топтары ұйымдастырылады.

Ассамблея мен этномәдени бірлестіктердің «Үш тұғырлы тіл» жобасының жүзеге асуына атсалысуына баса мән беріледі. Бұл ретте барлық этностардың өкілдеріне қазақ тілін үйрету ісі ұйымдастырылған. Жалпы, мемлекеттік тілді, қазақ халқының салт-дәстүрін үйрету ұлттық жаңғыру мектебінің оқу бағдарламасының негізгі бөлігі болып табылады. Онымен қоса, аталмыш жұмыс лингвистикалық жастар лагерьлерінің, «жас көшбасшы» жобасының конкурстық жобасына енгізілген. Жыл сайын қазақ тілінде түрлі әдеби оқулар, өн байқаулары өткізіліп тұрады. Қазақ тіліндегі өн туындылары этномәдени бірлестіктердің шығармашылық ұжымының репертуарына қосылған. Славян және түрік жазулары мен мәдениетінің күндерін өткізу игі дәстүрге айналды.

2011 жылы облыстық ассамблеясының жастар қанатының құрылуына он жыл толды. Оның құрамында 16 этномәдени бірлестік өкілдері бар. Жастар қанатының мүшелері аймақтық түрлі қлт өкілдерінен құралған жастарын бір ортаға біріктіріп, бойларына қазақстандық ұлтжандылықты сіңіру, тұрақтылық пен татулыққа бастауды өздерінің басты мақсаттары деп есептейді. Жастар құрылымының үйлестіру кеңесімен аймағымыздағы өзге де үкіметтік емес ұйымдармен қарым-қатынас жасау механизмі құрылды. Жастарды ұлтжандылыққа баулуда «Патриот» пікірталас клубының

орны ерекше. Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының жастары арасында «Диалог мәдениетінен мәдениет диалогына» форум-фестивалі, «Жас көшбасшы» интеллектуалдық конкурсы, белсенді жастарға арналған жазғы лагерлер ерекше қызығушылыққа ие.

Қазақстанда ұлттық бірлікті қалыптастыру мен жетістіктерді насихаттау бойынша облыс Қазақстан халқы ассамблеясы мен этномәдени бірлестіктер жұмыстары туралы мәлімет бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты жарияланып тұрады.

Облыстық радио эфирінде апта сайын «Қазақстан в современном мире», «Қазақстан – наш общий дом», «Қазақстан бүгінгі таңда» бағдарламалары, «Қазақстан-Павлодар» облыстық телеканалында айына бір рет «В семье единой», «Ортақ шаңырақ астында» бағдарламалары шығып тұрады.

Мемлекеттік ұлттық саясатты іске асырудағы нақты қадамдардың бірі 2008 жылдың қыркүйек айында облыстық Достық үйі пайдалануға берілді, шараға Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Н.Назарбаев қатысты.

Өз қызметін жүзеге асыру үшін Достық үйі жақсы материалдық базамен қамтылған: дыбыстық және жарық түсіруші заманауи аппаратурамен жабдықталған мәжіліс залы және акт залы, репетиция және хореография залдары, мультимедиялық, компьютерлік, оқу сыныптары, ұлттық әдебиет кітапханасы және мұражай.

2010 жылы желтоқсан айында «Достық» концерт залы ашылды. Оның материалдық-техникалық базасы этномәдени бірлестіктер шығармашылық ұжымдарының концерттік қызметін белсенді түрде жүзеге асыруға, мен облыс тұрғындары мен павлодарлықтардың өңірдегі сан алуан ұлт өкілдерінің мәдениетімен жақын танысуға мүмкіндік ашты.

Ассамблея – шын мәнінде мемлекет пен халық, әртүрлі ұлттар арасындағы алтын көпір. Ассамблеяның басты рөлі біздің көп ұлтты елімізде бейбітшілік пен келісімділікті қолдау болып табылатыны белгілі. Қазақстан – ұлттар достығы жарасқан мемлекет.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәдени даму тенденциясы// [http://genkonsul.de/kz/welcome\\_kz/kultur/](http://genkonsul.de/kz/welcome_kz/kultur/)

2 Қазақстан халқының Ассамблеясы// <http://www.botschaft-kaz.de/kaz/>

3 МӘСІМОВ К:“НАЗАРБАЕВ МОДЕЛІ”:жаңа мемлекеттілікті қалыптастырудан оны жан-жақты жетілдіруге және ХХІ ғасырда

Қазақстанның гүлденуі мен тұрақты үдерісін қамтамасыз етуге дейін // “Егемен Қазақстан” Республикалық газеті» №90-93 (25939) 12 НАУРЫЗ, 2010

4 Өркениет және ұлт авторы: Манаш Қозыбаев 2001ж (118 – 119 бет), (303 – 305 бет)

5 Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы 20 жыл авторы: Өмірзақ Айтбайұлы (196 – 197 бет)

6 Қазақстан республикасы: Саяси жаңғыру. – Алматы: «Таймас» баспасы, 2008 (446)

7 Біз тұратын үй – Павлодар: Типография Сытина, 2011 (166)

### ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ: ЕЛІМІЗДЕГІ ЭТНИКААРАЛЫҚ САЯСАТТЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН БОЛАШАҒЫ

ИТЕМГЕНОВ Б. Ұ.

тарих пәні мұғалімі, «Жас дарын» мамандандырылған мектебі, Павлодар қ.

Қазақстан Республикасы жас тәуелсіз мемлекет. Сондықтан ол үшін азаматтық бірлік пен мемлекеттілікті нығайту мәселелері өте маңызды. Өзіндік тарихы, тілі, мәдени ерекшеліктері бар түрлі этностық топтардың бірігуі жас мемлекеттің демократиялық, тәуелсіз жолмен дамуына тиімді жағдайлар туғызады [1, 5 б].

1990 жылдардың басында КСРО ыдырады. Бұрынғы одақтас республикаларда нарықтық экономикаға көшумен қатар саяси өзгерістер басталды. Мемлекеттік құрылыс саласында КСРО ұстанған ұлттық-территориялық қағида және интеграциялық ұлттық саясат бір жағынан халықтар арасындағы достықты нығайтса, екінші жағынан жергілікті ұлтшылдықты туғызды [2, 28 б].

КСРО-ның ыдырауымен бірге оның ұлт саясаты құрдымға кетті. Посткөненік мемлекеттерге халықаралық құқықтық ережелерге сай келетін және түрлі этникалық топтар арасындағы бірлесіп өмір сүрудің тарихи тәжірибесін ескеретін заманауи ұлттық саясатты қалыптастыру қажет болды. Бұл олардың мемлекеттік қауіпсіздік мәселесіне айналды.

КСРО-ның орнында пайда болған жаңа тәуелсіз мемлекеттердің этникалық жағдайы бастапқы кезеңде түрлі деңгейде болды. Мысалы, ортаазиялық республикаларда тайпалық, этникалық, аймақтық топтардың қақтығыстары орын алды. Бұған аймақтың

тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне қазірдің өзінде қауіп төндіріп отырған діни экстремизм қосылды. Осындай өткір жанжалдарды шешуде посткөнестік мемлекеттер түрлі саясат ұстанды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан Республикасында бір-біріне қарама-қайшылық туғызбаған екі үрдіс жүрді. Біріншісі-қазақ халқының этномәдени өзіндігінің жандануы, екіншісі-біртұтас азаматтық қазақстандық ұлттың қалыптасуы. Сондықтан республикада этникааралық, конфессияаралық келісім мен тепе-теңдікті сақтау мақсатында жергілікті өзін-өзі басқару органдардың, қоғамдық институттардың, мемлекеттің рөлі артты. Республиканың саяси субъектілерінің бірлесіп жұмыс істеуі этникалық қарым-қатынас саласында қызу деңгейін төмендетуге мүмкіндік берді. Әсіресе Президент Н.Ә. Назарбаевтың рөлі айырықша болды. Елбасы тарихи тәжірибемізді, қазақ халқының өзге ұлттарға деген ашықтығын, жылулығын, мейірімділігін ескере отырып басты байлығымызды-халықтар достығын сақтау мақсатында мемлекеттің ұлттық саясатының негізгі қағидасы ретінде барлық ұлттық және конфессиялық топтардың теңдігін жариялады. Осы қағиданы іске асыру үшін мемлекеттік саясаттың түрлі бағыттарында белсенді жұмыс атқарылды. Біріншіден, этникааралық татуластықтың құқықтық базасы пайда болды. Құқықтық-нормативтік құжаттарды әзірлеу барысында этникалық толеранттықты одан әрі дамыту, кез келген дискриминацияға жол бермеу, құқықтық теңдікті қамтамасыз ету, ұлтаралық және ресми тілдерді пайдалану, туған тілін сақтау бағыттары басты назарға алынды. Сөйтіп, Қазақстан Республикасының Конституциясы, Тілдер туралы заң, Еңбек кодексі, Қылмыстық кодекс және т.б. заңдар мен заңнамалық актілер, Президент жарлықтары заң жүзінде азшылықты құрайтын этностық топтардың құқықтық жағдайын анықтаумен қатар, іс жүзінде бөрімізге ортақ мекен-Қазақстанымызда ұлтаралық қатынастардың гармонизациялануына үлкен көмек көрсетті. Бұнымен қоса, Қазақстан Республикасы адам және азамат құқылары жөніндегі халықаралық келісімдерге қосылды. Екіншіден, халықтық дипломатияның органы-Қазақстан халқы Ассамблеясы дүниеге келді. Бұл орган республикадағы этникааралық қатынастыр жүйесінің институционалдық заңдастырылуы болып танылды. Ассамблеяның жиырма жылдық тарихи жолы оның маңызының үнемі артып отырғандығын көрсетеді. Егерде 1990 жылдардың басында республикадағы диаспоралар арасындағы қатынастарды реттеудің оңтайлы және өміршең тетіктері туралы қоғамдық пікір

жеткіліксіз деңгейде болса, 1992 жылы Қазақстан халықтарының бірінші форумында президент Н.Ә. Назарбаев жиынның мәртебесін көтеру арқылы тиімділігін арттыру туралы алғаш рет сөз қозғады [3, 1 б].

Бұл мемлекет басшылығының этникааралық қатынастар саласындағы қоғамдық келісімнің қалыптасып дамуына ерекше назар аударғанын көрсетеді. Сөйтіп, 1995 жылы бірінші наурызда Республикамыздың қоғамдық-саяси жүйесінде ұлттық саясаттың жаңа институты-Қазақстан халықтарының Ассамблеясы-пайда болды.

2007 жылы мамырда еліміздің басты заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Өзгертулер адам құқығын қорғау кепілдігін нығайтуға бағытталды. Шағын этностардың құқықтары да ескерілді, өйткені Қазақстан халқы Ассамблеясы Мәжілістің кеңейтілген құрамына тоғыз депутат сайлауға құқық алды. Қазақстандағы президенттік-парламенттік республиканың қалыптасу үрдісіне Ассамблея рөлінің артуы сүбелі үлес қосты.

2007 жылғы конституциялық өзгертулер мен толықтырулар Ассамблея мәртебесін көтерумен қатар оның атауын да өзгертті. Енді бұл этносаралық диалогтың алаңы Қазақстан халқы Ассамблеясы деп аталатын болды. 1990 жылдардың басында әлемде ұлтшылдық өршіп, посткөнестік кеңістікте этникалық ұлтшылдық күшейген кезде Қазақстан басшылығы бүкіләлемдік объективті тенденцияны және еліміздің тарихи, мәдени, конфессиялық, саяси, экономикалық жағдайларын ескере отырып, сол жағдайларға сай келетін либералдық модельдегі самарқау азаматтық ұлтшылдықты, қоғамдық келісімді жүзеге асыра бастады. Осындай ұлтшылдықтың басты мақсаты мемлекеттің бүкіл азаматтарын біртұтас ұлтқа айналдыруды көздейді. Бұл Қазақстанда бейбіт өмір сүріп жатқан жүзден астам этностардың құқыларын кемсіту емес. Керісінше, Қазақстан Республикасының этникааралық саясатының негізіне «Көптүрліліктегі біртұтастық» деген қағида алынып отырған сияқты, өйткені еліміздегі түрлі халықтардың экономикалық, саяси, мәдени өрлеуіне мүмкіндігінше барлық жағдайлар жасалған. [4, 8 б]. Жыл сайын мемлекет ұлттық-мәдени қоғамдастық пен кіші ассамблеяларға қомақтай қаржы бөледі, ұлттық-мәдени орталықтарының басшыларына Президенттік гранттар тағайындалады. Соның арқасында 1995- 2005 жылдар аралығында елімізде жиырма екі республикалық және аймақтық ұлттық- мәдени орталықтар қайта өрледі. Аталған кезеңде республикада 100-ден

астам ұлттық мектеп, 23 тілде оқытатын 170 жексенбілік мектеп, 6 ұлттық театр (қазақ, орыс, ұйғыр, корей және неміс) жұмыс істеп, 4 республикалық пен 15 аймақтық ұлттық газет шығып тұрды [5, 3 б].

1990 жылдарда Қазақстан қоғамы алдында тұрған біраз этносаяси, этноәлеуметтік, этномәдени мәселелер эволюциялық жолмен шешілді. Өзінің негізгі заңында ең алдымен адам мен азаматтың құқықтарын қоғамның басты құндылығы деп жариялаған Қазақстан Республикасы өмір туғызған этникааралық мәселелерді саяси жүйеге құрылымдық өзгерістер енгізу арқылы шешті. Оған дәлел – Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы және оның құқықтық мәртебесінің жоғарылауы.

Қазақстандағы этникааралық қатынастардың болашағына үлкен үмітпен қарауға болады. Біріншіден, Қазақстан халқы жиырмадан астам жыл бойы бейбіт өмір сүріп келеді. Посткеңестік республикаларда қанды қақтығыстарда өгіп, әлі де шешімін таппаған ескі этникалық жанжалдар мен бүгінгі таңда пайда болып, көп адамдардың өмір қиып жатқан жаңа арпалыстар Қазақстан халқын еліміздегі өзара сыйластық пен түсіністікті бағалауға үйретті. Екіншіден, жиырма жыл табысты жүріп жатқан экономикалық реформалар Қазақстанда мықты орта тапты қалыптастырды. Оның қалыптасуы этникалық жолмен емес, кәсіби, адами қасиеттермен ерекшелену арқылы жүрді. Сондықтан «интернационалдык» орта таптың ортақ құндылықтары полиэтникалық қоғамымыздың біріктіруші факторы ретінде қабылданады. Сондықтан болар, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында біршама өткір болған біраз этникалық даулар біртіндеп басылып, мүліктік дауларға ұласты. Нақтырақ айтсақ, құқылар мен бөлісу мәселелеріне. Егерде үкімет алдыңғы уақытта экономикалық реформалар жолынан таймаса, Қазақстандағы этникалық тұрақтану үрдісі күшейеді.

Қазіргі таңда жағымды мен жағымсыз объективті жағдайларды ескере отырып, этникааралық диалогтың алаңына айналған Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын жандандыру қажет. Бүгін Ассамблея сұрақтарды қоюмен ғана шектеледі. Сол сұрақтарды кейін мемлекет шешеді. Ал заман талабы-этникалық азшылықтың өкілдері этникааралық қатынастардың бүкіл мәселелерін шешуге толық қатысулары керек. Ассамблея жұмысының сапасын жақсартудың тағы да бір жолы – ұлтаралық мәселелерді реттейтін заңдарды қабылдаудың алдында оларды Ассамблеяға экспертизаға жіберу немесе Ассамблея өкілдерін

этникааралық сұрақтарды талқылайтын парламенттік ашық тыңдалымдарға шақыру. Ассамблеяның жұмысына жаңа серпін берумен бірге бүкіл этносаралық саясаттың кейбір қырларына жаңадан қарау қажет. Мысалы, этникааралық қатынастар мәселелерін мемлекеттің ұлт саясатына сәйкес қозғайтын БАҚ-да арнайы бөлімдер құруға немесе Қазақстандағы бүкіл этностардың мәдени, тарихи, экономикалық мәселелерін қозғайтын жалпыұлттық канал ұйымдастыруға болады..

Қазақстан халқы Ассамблеясы алдымыздағы уақытта да этникааралық пен конфессияаралық келісімнің теңдесі жоқ моделі болып қала беру керек. Ол үшін бүкіл объективті және субъективті себептер бар.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Этникааралық қатынастар мен этникалық көптүрлілікті басқару. Оқу құралы. Бішкек, 2012 ж.
- 2 Этникааралық қатынастар мен этникалық көптүрлілікті басқару. Оқу құралы. Бішкек, 2012 ж.
- 3 Біртұтастық пен толеранттықтың қазақстандық моделін қалыптастыруда Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі. Рустембекова.Д.К. Қарағанды, 2011 ж.
- 4 Біртұтастық пен толеранттықтың қазақстандық моделін қалыптастыруда Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі. Рустембекова.Д.К. Қарағанды, 2011 ж.
- 5 Ассамблея народа Казахстана. Официальный сайт АНК.
- 6 Қырғызстандағы этникааралық қатынастарды басқарудың механизмдері.
- 7 Халықтық дипломатияның моделі. Тугжанов Е. Индустриалды Қарағанды газеті, № 48-49.
- 8 Мықты бейбітшілікті қалыптастыру үшін басқарудың жаңа моделін жасау. Нурадил Г.Н. Қазақстан – Спектр, 2006, № 2.

## **АССАМБЛЕЯ НАРОДА КАЗАХСТАНА И ЕЕ РОЛЬ В УКРЕПЛЕНИИ ЕДИНСТВА И ТОЛЕРАНТНОСТИ**

КАШЕНОВА Г. Ж.  
учитель истории и географии, г. Павлодар

Казахстан стал первой страной среди стран - участниц СНГ, в которой был создан уникальный институт - Ассамблея народа Казахстана. Этот институт во многом способствовал становлению и утверждению казахстанской модели полиэтнического общества, деятельность которого направлена на укрепление межэтнического и межконфессионального согласия. Ассамблея народа Казахстана с момента своего образования играла большую роль в укреплении мира и согласия между народами, проживающими в Казахстане [1; 39 с.].

Важным элементом политической системы Казахстана, скрепившим интересы всех этносов, обеспечивающим неукоснительное соблюдение прав и свобод граждан независимо от их национальной принадлежности стала Ассамблея народа Казахстана, созданная 1 марта 1995 года по инициативе Президента страны Н.А. Назарбаева.

Идея создания Ассамблеи народов Казахстана была впервые высказана Президентом страны Н.А. Назарбаевым в 1992 году, на Первом Форуме народов Казахстана, посвященном первой годовщине Независимости.

Цели и задачи Ассамблеи, структура и организация работы, основные направления деятельности определены в Положении об Ассамблее народов Казахстана и Стратегии Ассамблеи, утвержденных Указом Президента Республики Казахстан от 26 апреля 2002 года № 856 [3; 2 с.].

За годы своей деятельности Ассамблея обсудила важные вопросы социально-политической жизни общества, связанные с дальнейшими экономическим и политическим реформированием казахстанского общества. Новые перспективы развития национальной политики открылись с принятием Стратегии Ассамблеи народов Казахстана, закрепленной Указом Президента Республики Казахстан от 26 апреля 2002 года № 856. Она превратилась в авторитетный общественный институт гармонизации межнациональных отношений [5; 8 с.].

Деятельность Ассамблеи способствует росту международного авторитета Республики Казахстан как страны эффективно решающей проблемы межнациональных отношений.

В международном сообществе Казахстан признан как страна, ведущая последовательную внутреннюю политику, направленную на обеспечение толерантности, межконфессионального и межкультурного согласия представителей всех национальностей, проживающих в Казахстане и представляющих единый народ Казахстана — народ, который активно строит современное и конкурентоспособное светское государство. Казахстан заинтересован в расширении и углублении так называемого диалога цивилизаций, всегда поддерживал и сам выражал готовность выступить с международными инициативами, направленными на сближение понимания между Востоком и Западом по ключевым проблемам современного мироустройства.

Создание Ассамблеи стало логическим продолжением внутренней и внешней политики Казахстана и его лидера с момента обретения независимости. Казахстан изначально взял курс на построение современного, светского государства, приверженного идеалам мира, толерантности и конструктивного диалога. Создание Ассамблеи народа Казахстана стало институциональным оформлением сферы межэтнических отношений в республике, своего рода органом народной дипломатии. Ассамблея создавалась как принципиально новый институт гражданского общества, не имевший на тот момент аналогов как в предшествующей советской эпохе, так и в мировой современной практике. Сейчас можно с уверенностью сказать, что благодаря Ассамблее удалось избежать политизации межэтнических отношений, направить имеющийся на то время конфликтный потенциал в конструктивное русло [2; 42-43 с.].

Межэтническое согласие и дружба народов всегда была и остается самой актуальной темой во всей Вселенной. Взаимопонимание и обоюдное уважение к человеку не по признаку расовых, религиозных или этнических особенностей, а по качеству самого человека в качестве личности всегда вызывает уважение и любовь. И оттого, Казахстан известен всему миру, как символ дружбы и тепла, как земля, воссоединившая все обездоленные народы, приютившая их под своим крылом, как собственное дитя. И каждый казах в своей жизни, не раз встречал огромнейшие благодарности, на имя своего отца, деда, мать или других родственников, которые

помогли многим переселенцам освоиться и прижиться к чужому краю. И благодаря этому своему благодушию, Казахстан сегодня, имеет огромную и крепкую дружбу народов, которая всецело делает многое для поднятия Казахстана в «вершину развития». В своем Послании народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства», Глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев особое место уделил равноправию всех граждан Казахстана. Также он отметил, что именно этот фактор является главным, в способствовании формирования «Нового казахстанского патриотизма» [4; 4-5 с.].

Таким образом, Ассамблея народа Казахстана — это результат уникального политического новаторства Казахстана. Сегодня опыт ее работы становится привлекательным и полезным для многих стран мира. Сегодня Конституция и Ассамблея народа Казахстана не просто ровесники. Это две великие ценности, ставшие фундаментом стабильности, модернизации и процветания. Доверие, традиции, толерантность - это именно те принципы, которые легли в основу нашего многонационального процветающего государства. Ассамблея народов Казахстана, созданная по уникальной идее Главы страны, послужила очень удачным примером, в качестве социального института, влияющего на внутреннее межэтническое согласие в стране.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Базарбаев А. Сила страны - в единстве // Индустриальная Караганда. — 2008. - № 132. - 23 окт.
- 2 Нурадил Г.Н. Строительство новой модели управления для создания прочного мира // Казахстан-Спектр. - 2006. - № 2 (36). - С. 39-43.
- 3 Закон Республики Казахстан «Об Ассамблее народа Казахстана» от 20 октября 2008 года № 70 - IV.
- 4 Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу «Через кризис к обновлению и развитию» // Индустриальная Караганда. - 2009. - № 264. - 7 марта.
- 5 Проект для обсуждения «Доктрина национального единства Казахстана» // Казахстанская правда. - 2009. - № 261-262. - 6 ноября.

## ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ – ЭТНИКААРАЛЫҚ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯРАЛЫҚ КЕЛІСІМ МЕН БЕЙБІТШІЛІК КЕПІЛІ

КУСАИНОВА С. К.

бастауыш сынып мұғалімі, Железин №3 Жалпы орта білім беру мектебі,  
Павлодар облысы, Железин ауылы

Ассамблея – бұл барлық азаматтардың қалауы ескерілетін жалпыхалықтық сипаттағы инновациялық модель, біздің жас демократиямыздың сәтті құралы. Бұл - Елбасы белгілеп берген жетінші бағыт.

Қазақстан халқы Ассамблеясы - 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылына арналған Қазақстан халқының бірінші форумында жариялады. Мұндай институтты құру қажеттілігі саяси тұрғыдан, сондай-ақ жаңадан құрылған, тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуы тұрғысынан туындаған еді.

Міне, осындай кезеңде бірлік, ынтымақ, татулық керек. Ал, оған берік қаңқа болатын ассамблея секілді құрылым. Сондықтан, 2015-ші жыл Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы болып жарияланды.

Он жеті жылдық тарихында Ассамблея қарқынды дамып, елеулі өзгерістерді бастан кешірді. Оның дамуы барысында Н. Назарбаевтың этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі қалыптасты. Осы жылдар ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының институционалдық құрылымы нығайып, қоғамды ұйыстырушы әлеуеті толысты, ол халық дипломатиясының маңызды күретамырына айналды. Бүгінде Ассамблея ел Президенті Төрағал (ық ететін конституциялық орган болып табылады. Бұл оның ерекше мәртебесін айқындайды [1].

2008 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына қол қойылды. Осы заң этносаралық қатынастар саласындағы негізгі принциптерді айқындай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен оның құрылымдарының мәртебесін заң деңгейінде бекітті. Этносаралық қатынастар субъектілерінің жұмысының елімізде жүргізіліп келе жатқан саяси бағытпен үндес жаңа жүйесін қалыптастырды [1].

Ассамблеяның мақсаты қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық азаматтық бірегейлікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Ассамблеяны құрады және қайта ұйымдастырады, Ассамблея қызметінің бағыттарын айқындайды, Ассамблея басшылығының лауазымды адамдарын қызметке тағайындайды [2].

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне — Елбасына Қазақстан халқы Ассамблеясын өмір бойы басқару құқығы тиесілі. Ассамблеяның құрылымын Ассамблея Сессиясы, Ассамблея Кеңесі, Ассамблея Хатшылығы, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ассамблеялары құрайды.

Қазіргі уақытта Ассамблея құрамында 394 мүше бар. Жалпы алғанда негізінен Ассамблея жұмысының арқасында біздің елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделі, әрбір азамат этникалық және діни ерекшелігіне қарамастан Конституцияда кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалана алатындай ерекше сенім, ынтымақ, өзара түсініктік ахуалы қалыптасты [3].

Республикада Қазақстанның барлық этностарының мәдениетін, тілін, дәстүрін дамыту үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Ассамблея қызметі Қазақстанның этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешетін ел ретіндегі халықаралық беделін арттыруға ықпал етеді.

Ассамблеяның басты ерекшеліктерінің бірі этностық топ өкілдері мүдделерін жоғары заң шығару органында – ел Парламентінде білдіру болып табылады. Конституцияға 2007 жылы енгізілген өзгерістерге сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 9 депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды. Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлаған Парламент Мәжілісінің 9 депутаты, елдегі барлық этностардың мүддесін білдіреді. Ассамблеядан сайланған депутаттар заң шығарушылық процесіне белсенді қатысып, заң шығарушылық бастамашылық құқығын жиі пайдаланады. Этносаралық қатынастарға қатысты қабылданатын барлық заң жобалары депутаттардың тиісті сараптауынан өтеді.

Биыл мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей бастамасымен және жетекшілік етуімен 1995-жылы құрылған

Қазақстан Халқы Ассамблеясын құру туралы идеяның алғаш көтерілгеніне 20 жыл толды. Нұрсұлтан Назарбаев өз қолымен құрып, тікелей өзі басқарып отырған Ассамблея Қазақстан халқының әрқилылық арқылы тұтастыққа ұмтылған этномәдени қауымдастығының үнін ешбір жалғаусыз, делдалсыз тікелей президентке жеткізетін шынайы халық билігінің органы [4].

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің мемлекет құру ісінде ұлтаралық келісім мәселесіне ең басты назарын аударып келеді. Қазақстан Халқы Ассамблеясының кезекті сессиясында сөйлеген сөзінде ол «Мені еліміздің әрбір аймағын мекен еткен, ұлы, нәсілі кім екеніне қарамастан мемлекеттік тілде еркін сөйлейтін жастардың күн өткен сайын көбейіп келе жатқаны қуантады» деген болатын. Сөйте тұра, Қазақстанда барлық ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің өз тілдерін, мәдениеттері мен діндерін сақтап, дамытуына толыққанды жағдай жасалған.

Қазақстан Халқы Ассамблеясы құрылған күннен бастап оған Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзі төрағалық етуі ассамблеяның беделі мен орыны мызғымауына негіз болды. Заң бойынша ол Ассамблеяны қалыптастыра немесе қайта құра алады, жалпы басшылық жасап, оның қызметінің басты бағыттарын айқындайды, оның басқарушы лауазым иелерін тағайындай, жұмысынан босата алады, Қазақстан Халқы Ассамблеясының сессиясын шақырып, оның хатшылығын құра алады [4].

Президент өзінің Қазақстан Халқы Ассамблеясындағы міндеттері мен құзыреттерін бөлісіп, орындайтын орынбасарларын тағайындайды, тұрақты органы – Ассамблея Кеңесін құрып, оған басшылық жасайды, Ассамблеяның бағдарламалық құжаттарын бекітіп, оны жүзеге асыруға байланысты тапсырмалар береді.

Нұрсұлтан Назарбаев өз қолымен құрып, тікелей өзі басқарып отырған Ассамблея Қазақстан халқының әрқилылық арқылы тұтастыққа ұмтылған этномәдени қауымдастығының үнін ешбір жалғаусыз, делдалсыз тікелей президентке жеткізетін шынайы халық билігінің органы.

Президент Ассамблеяның бір сессиясында Украинадағы ахуалға тоқталды.- Біз, қазақстандықтар украин халқы үшін алаңдаймыз, украин қоғамында тезірек бірлік пен тұрақтылық орнайды деп, бауырластық үмітімізді білдіреміз. Біз украин халқы сырттан ешкімнің араласуынсыз өз ішкі мәселесін өздері реттеуі тиіс екеніне сенімдіміз. Барлық мәселелер бейбіт келіссөздер арқылы реттелеріне сенімдіміз.



Міне, осындай кезеңде бірлік, ынтымақ, татулық керек. Ал, оған берік қанқа болатын ассамблея секілді құрылым. Сондықтан, 2015-ші жыл Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы болып жарияланды.

Ассамблея қызметінің арқасында Қазақстанда этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан әрбір азаматтың Конституциямен кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен еркіндігі толығымен қолданылатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Қазақстанның көпэтностық бай кеңістігінде сенім, келісім мен өзара түсіністік үлгісі орнады.

Бүгінде республикада Қазақстан этностарының мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті барлық жағдай жасалған. Этномәдени бірлестіктердің өзінің саны тұрақты өсуде, қазір олар 800-ден асады, оның ішінде 28-і республикалық. 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдарламалар 7 тілде телебағдарламалар шығады. Білім беру толықтай өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп жұмыс істейді. 108 мектепте 22 этностың тілі жеке пән ретінде жүргізіледі. Осымен қатар, балалардан басқа үлкендер де 30 этнос тілдерін оқуға мүмкіндік алған 195 этно-білім беру кешендері, жексенбілік және лингвистикалық мектептер ашылды. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда елімізде тағы төрт ұлттық – өзбек, ұйғыр, корей және неміс театрлары жұмыс істейді. Әр жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде бірнеше ондаған жаңа кітаптар жарық көреді. Жыл сайынға халықтық мерекелер Наурыз, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, масленица, сабантой дәстүрге айналды. Егер мемлекеттің қалыптасу кезеңінде басты міндет этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісім негізінде қоғамды ұйыстыру болса, ел дамуының жаңа кезеңінде, стратегиялық басымдық ретінде, қоғамның барлық азаматтары мойындаған ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесіне негізделген Ұлт Бірлігіне жету болып табылады [5].

Қазақстан халқы Ассамблеясы жанынан Журналистер мен сарапшылар клубы құрылған. Клуб жұмысының басты бағыты журналистер мен сарапшылар үшін этносаралық тақырыпты жариялаудың лайықты дәстүрін қалыптастыру, сондай-ақ Ассамблея мен БАҚ арасындағы байланысты тереңдету болып табылады. Барлық аймақтарда Достық үйлері өз жұмысын тиімді атқарып келеді, мемлекет басшысының тапсырмасымен Астана қаласында – Бейбітшілік және келісім сарайы салынды. Мұнда

жыл сайын Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиялары, әлемдік дәстүрлі діндер съездері, өзге де маңызды іс-шаралар өтеді.

Қазақстан халқы ассамблеясы өзінің құрылған кезінен бастап орасан біріктірушілік және зияткерлік әлеует жинақтап және халықтық дипломатия институты үлгісіне бейімделе отырып, ұзақ даму жолынан өтті. Еліміздегі 100-ден аса этностың басын біріктіретін бірегей құрылым тұрақтылықты сақтап, республиканың ілгерілей дамуы үшін маңызды роль атқарды. Қазақстан халқы Ассамблеясы бүкіл әлемге Қазақстанның этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатының табысты екенін паш етіп келеді.

Республикада Қазақстанның барлық этностарының мәдениетін, тілін, дәстүрін дамыту үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Ассамблея қызметі Қазақстанның этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешетін ел ретіндегі халықаралық беделін арттыруға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, Қазақстан халқы Ассамблеясы бұл - бейбітшілік мәдениеті мен келісімнің іргетасы. Ассамблея - бұл барлық азаматтардың қалауы ескерілетін жалпыхалықтық сипаттағы инновациялық модель. Біздің жас демократиямыздың сәтті құралы.

Шаңырағың шайқалмасын десең, жеті жүкті көтере біл, бес шындықты мойындап әрекет қыл. Өйткені, жеті мен бес елдегі ұйыған тірліктің тірегі. Биылғы жыл көпұлтты Қазақстан халқы үшін айрықша қуаныш пен құрмет сезімінің сәулелерімен нұрланып басталды дегім келеді. Бұл беделді қоғамдық ұйымның өзі құрылған 20 жылдық белесте атқарған қыруар жұмыстарына берілген жоғары баға және ертеңгі ерен істердің жауапкершілігін алға тартқан пайым екендігін білеміз. Өйткені, тәуелсіз еліміз үнемі биік мақсаттар жетегімен үлкен жетістіктерге жетіп келеді. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» дегендей, «Мәңгілік Елдің» кірпіштері қалана бастады. Бұл орайда Қазақстан халқы Ассамблеясы ынтымақ туын биік ұстайтыны көміл.

Ауызбіршілік, татулық, бейбітшілік болу керек. Жұмыс жақсы істеу керек. Жұмыс істесек жақсы тұрамыз. Құдайға шүкір, Қазақстанда тыныштық көршілерге қарағанда. Бұл - үлкен байлық.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан халқы ассамблеясы // <http://kk.wikipedia.org/>
- 2 Ассамблея туралы // <http://ankpvl.kz/kaz/about>
- 3 Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы // [adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)
- 4 ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ – ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНЕ ҮЛГІ // [http://www.baq.kz/kk/regional\\_media](http://www.baq.kz/kk/regional_media)

5 Қазақстан халқы ассамблеясы – ұлтаралық келісім мекені // uvision.kz».

6 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы.

### **ТОЛЕРАНТНОЕ ВОСПИТАНИЕ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ НА ОСНОВЕ ИДЕЙ МИРА И СОГЛАСИЯ (К 20-ЛЕТИЮ АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА)**

МУКАНОВА А. А.

учитель географии, Прииртышская ОСШ имени Т. П. Праслова,  
с. Прииртышское

На протяжении 20 лет Ассамблея народа Казахстана обеспечивает межэтническое согласие, способствует гражданскому и духовно-культурному объединению всех национальностей нашей необъятной республики. 1 марта 1995 года вышел Указ Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева об образовании Ассамблеи народа Казахстана. С этого исторического момента, Ассамблея стала не только полноправным субъектом политической системы страны, ярким примером стабильности и динамичности развития, но и источником атмосферы мира, доверия, толерантности и взаимопонимания. Ассамблея создана с целью обеспечения как межэтнического согласия в многонациональной республике, так и соблюдения всех прав и свобод гражданина, независимо от этнической и религиозной принадлежности.

Во многом благодаря работе Ассамблеи, в нашей стране каждый гражданин, независимо от этнической или религиозной принадлежности, обладает и пользуется всей полнотой гражданских прав и свобод, гарантируемых Конституцией, что является главным содержанием гражданского общества. Сегодня Казахстан стал примером согласия и единства для многих стран. Аналогом такой уникальной модели нет в мире [1, 2].

Так что же объединяет более ста народностей? Вот уже на протяжении многих лет одной дружной семьей живут разные народы на одной территории, которую все называют Родиной. Единство состоит именно в целостности, толерантности, взаимном уважении. Кроме того, мы, как люди, проживающие под единым шаньраком, желая при всем этом сохранить свою неповторимость, свою культуру, обогащаться взаимным опытом и знаниями,

должны объединиться для того, чтобы не только хорошо жить, но и иметь духовное богатство, гордо нести нажитый опыт и лучшее передавать потомкам. Чувство патриотизма, общности должно сплотить население любой страны, и направить усилия на то, чтобы не растерять, а приумножить материальные и духовные ценности.

Вопрос становления и формирования казахстанской гражданской идентичности, патриотизма, несомненно, является одним из важных в воспитании подрастающего поколения. Демонстрация главных достижений страны – сохранение мира и согласия, богатого культурного наследия, на мой взгляд, остается актуальным и неотъемлемым в общей системе воспитания личности.

Работа с молодежью всегда направлена на идеи мира и согласия. Ведь именно молодые люди представляют будущее страны. Исходя из того, что молодежь наиболее подвержена эмоциям, стрессу, работа идет через общественные организации и учебные заведения, которые призваны помочь и направить молодую мысль в нужном направлении.

Сегодня в школах учатся дети разных национальностей. Педагог должен учитывать не только индивидуальные особенности учащихся, но и этнические, религиозные мировоззрения. Именно идеи толерантности, равенства прививаются с раннего возраста.

Попытки подростков понять и постичь причины тех или иных традиций, обычаев, расширяют их мировоззрение, формируют уважение к другой культуре, развивают рефлексию. При этом следует отметить, что сам процесс взаимодействий дополняется еще и взаимодействием с учителями и учащимися различных статусов, различных поколений, в которое они включаются как исходно равноправные.

Толерантность как одна из характеристик, в значительной мере влияющих не только на развитие социального климата, межличностные отношения, политику, представляется наиболее актуальной задачей для развития современного человека и его воспитания.

Итак, в настоящее время имеет большое значение осознание важности феномена толерантности для нашего общества. И в этом не последнюю роль играет Ассамблея народа Казахстана.

Огромное внимание уделяется сохранению и продвижению национального достояния, культуры, языка и традиций народов, проживающих на территории Казахстана. Для этого созданы все условия. Главная цель – приумножение богатства, выявление истинных ценностей, воспитание в духе патриотизма.

Преемственность поколений является главным показателем того, что у страны есть светлое будущее, есть смелые надежды и мечты. На молодое поколение возложена большая ответственность не только сохранить, но и передать вечные ценности, накопленный опыт и богатую историю, которая определила общую судьбу, победы и поражения. Нас связывают нити истории, громкие события, первые шаги к независимости, первые свершения и достижения. За годы независимости уроки жизни научили главному, что в единстве сила народа. С каждым годом становится очевиднее, что только благодаря единству, согласию, были достигнуты значительные успехи в становлении и процветании страны. Только трепетно храня историю, вникая заветам старшего поколения, возможно дальнейшее продвижение вперед.

Так, в новой экономической программе «Нұрлы жол» красной нитью прослеживаются понятия «единство, согласие, мир». Это три главных составляющих, на которых базируется новый этап развития страны. Поэтому, не случайно, стоя на пороге великих свершений и открытий, Казахстан обращается к идеям мира, равенства и толерантности, без которых невозможно достижение поставленных целей. 2015 год официально объявлен Годом АНК, основной задачей которой является укрепление единства страны, согласия в обществе и мира на всей Земле [3].

Истории известны многие случаи, когда единство, сплоченность помогали вершить судьбы не только отдельных людей, но и государств. Тому примером служит и образование казахского ханства в XV веке, как результат соединения и рождения нового этноса. Эти события закономерны. Они имеют тонкую связь. Такие важные события в истории нашей родины создают бесценное наследие, главное достижение и достояние всего народа и каждого гражданина.

Каждый человек с равнодушием относится к своему будущему, своей судьбе, жизни близких людей, и как следствие, родного города, страны в целом. Дружба народов, согласие, целеустремленность, ответственность – главные качества казахстанцев. Осознав быстротечность и величие времени, меняются ориентиры и ценности. Но только главное, добытое трудом и проверенное на деле, остается неизменным. В жизни относительно молодого государства, таким неизменным остается дружба, единство, равенство всех наций и народностей, проживающих в Казахстане.

## ЛИТЕРАТУРА

- 1 Указ Президента от 01.03.1995 N 2066 «Об образовании Ассамблеи народов Казахстана» (ред. от 03.10.2000)
- 2 Закон Республики Казахстан «Об Ассамблее народа Казахстана» от 20 октября 2008 года № 70-IV
- 3 Послание Президента 11 ноября 2014 «Нұрлы жол - Путь в будущее»

## АССАМБЛЕЯ – ТАТУЛЫҚ ХАЛЫҚ МҰРАТЫ

МЫРЗАЛИЕВ А.

дене тәрбиесі пәні мұғалімі, №104 орта мектебі, Қызылорда облысы,  
Қазалы ауданы, Өркендеу ауылы

Қазақстан халқы ассамблеясы қазақстан республикасы президентінің 1995 жылғы 1 наурыздағы жарлығымен мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылды. Елбасы нұрсұлтан назарбаев қазақстан халқы ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы тәуелсіздіктің бір жылдығына арналған қазақстан халқының бірінші форумында жариялады. Мұндай институтты құру қажеттілігі саяси тұрғыдан, сондай-ақ жаңадан құрылған, тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуы тұрғысынан туындаған еді. Бұл бастама мәдениетаралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болып табылды. Он тоғыз жылдық тарихында ассамблея қарқынды дамып, елеулі өзгерістерді бастан кешірді. Оның дамуы барысында н.назарбаевтың этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі қалыптасты. Осы жылдар ішінде қазақстан халқы ассамблеясының институционалдық құрылымы нығайтып, қоғамды ұйыстырушы әлеуеті толысты, ол – халық дипломатиясының маңызды күретамырына айналды. Бүгінде ассамблея ел президенті төрағалық ететін конституциялық орган болып табылады. Бұл – оның ерекше мәртебесін айқындайды.

Кез келген мемлекет үшін қоғамдық келісімнің маңыздылығы ерекше. Халық үшін бейбіт заманда мамыражай өмір сүруден артық ешқандай бақыт жоқ. Сондықтан елімізде татулық пен тұрақтылыққа Тәуелсіздік алған жылдан бастап ерекше мән беріліп келеді. Қазақстанда өмір сүріп жатқан этнос өкілдерінің мүддесі

Елбасымыздың тікелей қадағалауында. Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын да алғаш рет Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев 1992 жылдың желтоқсанында өткізілген Қазақстан халқының бірінші форумында айтқан болатын. Тарих қойнауында алтын әріптермен таңбаланған аталмыш форум жұмысында Мемлекет басшысы баяндама жасап, Қазақстан дамыған елдер қатарына қосылу үшін, ел тұрғындары бай, әл-ауқаты жоғары өмір сүру деңгейіне жету үшін халықтың ынтымағы, бірлігі мен татулығының негізгі рөл атқаратынын ерекше атады. Осыған орай, 1995 жылғы наурыз айында Қазақстан

Республикасының Президенті жанынан консультативті-кеңестік орган ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды.

Қазіргі таңда Ассамблея этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы маңызды құралға айналып, елімізде тұрмыс кешіп отырған барлық этностардың өзара тең құқықты қатынасын қамтамасыз етуші рөлге ие бірден-бір ұйым. Жиырма жылдық тарихында аталған құрылым қоғамдағы тұрақтылықты сақтаушы құралға айналғанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Үстіміздегі жылы елімізде Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдық тойы республикалық деңгейде мерекеленеді. Ұлт көшбасшысы Н. Ә. Назарбаев «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты халыққа арнаған Жолдауында «Ассамблея құрылуының 20 жылдығын атап өту арқылы біз қазақстандықтардың рухани күш қуатын арттыруымыз және толеранттылығын еселеуіміз керек. Сондықтан да, біз Қазақстан халқын ең үздік және мәңгілік құндылықтар - ел игілігі жолында ынты мен жігерді, еңбекқорлықты және мақсаткерлікті арттыруға шақырамыз. Этносаралық келісім - ол өміршеңдік оттегісі» деп ерекше атап өтті. Ассамблеяның негізгі бағыты барлық этностық топтарды ортақ мақсатқа жұмылдыру болып табылатындығын атап өткен Елбасы Ассамблеяның өміршеңдігінің ең басты ерекшелігі - ол этностық топтардың қызметін бақылаумен айналысатын қарапайым ұйымға ғана емес, сонымен қатар еліміздегі барлық ұлт пен ұлыстың мүдделерін бір арнаға тоғыстырушы, барлық азаматтардың этностық, діни ерекшеліктеріне қарамастан құқығы мен бостандығын сақтаушы толыққанды саяси институтқа айналғандығын айтты.

Мемлекет басшысы көп ұлтты Қазақстанда 140-тан астам ұлттар мен ұлыстардың тату-тәтті өмір сүріп жатқандығын Қазақстан халқы Ассамблеясының әрбір сессиясында атап өтеді. Өткен жылғы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXI сессиясында да Қазақстан Мәңгілік Ел

атану үшін мемлекетте бейбітшілік пен келісім бекем болуын басты назарға ұсынды. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: бейбітшілік, руханият және келісім мәдениеті» деп аталған сессияда рухани келісімнің айрықша жеті жоғары мәдени қағидатын айтып өтті. Онда діни тұрақтылық, ортақ жауапкершілік, мемлекеттік тілді өзге ұлттардың меңгеруі, конфессияаралық толеранттылық пен ішкі тұтастық, барлық ұлттың өмір сүру сапасын арттыру, әр ұлт пен ұлыстың мәдениеті мен өнерін дамыту және этномәдени бірлестіктердің жұмысына серпін беру қағидаттарына кенінен тоқталды. – Ассамблея халық егемендігін шоғырландырушы саясатүстілік органға айналды. Ассамблеяның депутаттық тобының құрамына бүкіл парламенттік партияның өкілдері болып табылатын 25 мәжілісменнің кіруі үлгі тұтарлық жағдай. Ассамблея мемлекеттік органдардың халықпен жемісті үнқатысуын, барлық этностар өмірлерінің өзекті мәселелерінің шешілуін қамтамасыз етеді. Тек өткен жылы ғана Ассамблея 10 мың іс-шара ұйымдастырып, оларға 3,5 миллионнан астам адам қатысты. Көптеген өңірлерде Достық үйлері құрылып, жұмыс істеуде. Ассамблеяны 2020 жылға дейін дамыту Тұжырымдамасы жүзеге асырылуда. Жүргізілген сауалнама нәтижесінде қазақстандықтардың 97,5 пайызы Ассамблея біздің бүкіл халықтық мүдделерімізді бейнелейді деп айтқан. Бұл жақсы мойындау. Қазақстандық бейбітшілік руханият пен келісім мәдениетінің 7 арқаулық қағидаттары осындай. Бұл енді біздер өз ұрпақтарымызға ұлт байлығы ретінде беретін ортақ мәдени мұрамыз,- деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ, Елбасы бейбітшілік пен келісімді нығайту - 2050 Стратегиясын жүзеге асырудың басты критерийі екендігін тілге тиек етіп, бес мызғымас шындықты атап өтті. Әлемдік саяси ахуалды сарапқа салып, этносаралық тұрақтылықты сақтап қалудың жолдарын көрсетті. -Ассамблеяның бай халықаралық байланыстары бар. Мен барлығыңызды G-GLOBAL идеясын ілгерілету үшін өздеріңіздің халықаралық байланыстарыңызды пайдалануға шақырамын. Сондай-ақ, Ассамблеяда еліміздегі Астанада өтетін ЭКСПО-2017 Бүкіләлемдік көрмесі мен Алматыда өтетін Универсиада-2017 сияқты аса ірі халықаралық шараларға дайындыққа қатысу бойынша өзінің нақты іс-қимыл жоспары болуы тиіс. Осы шараларда біз әлемге мәдениетімізді, еліміз халқының полиэтностық толеранттылығын, бейбітшілік пен келісім жағдайындағы табыстарымызды көрсетуге тиіспіз,- деп Ұлт Көшбасшысы барлық қазақстандықтарды бірлікте жұмыс жасауға шақырды.

Ассамблея дүниеге келген 20 жылдан бері атқарған қызметі мен жүріп өткен сара жолы қазақстандық этносаралық және конфессияаралық келісім үлгісінің әлемдік қауымдастық алдында беделді ұйымға айналып, ел қоғамының құрамдас бөлігіне айналғанын көрсетті. Қазіргі таңда бүкіл әлемді шарпыған ғаламдық дағдарыс Қазақстанға да өз салқынын тигізіп отыр. Мемлекетте қоғамдық-саяси тұрақтылық болмай, экономикалық салада жетістік болмайды деген қағиданы тарих әлдеқашан дәлелдеген. Сондықтан Қазақстан халқының бірлігін бұдан әрі жетілдіру міндеті мемлекеттік саясаттың басым бағытына айналып отыр. Қазақстанның экономикалық дамуы, этносаралық қатынастардың әлемдік қауымдастық тарапынан мойындалуы, ең алдымен, қазақ ұлтының еншісінде екендігі анық.

Халық бірлігі - мемлекеттілік негізі. Қоғамдық бірлікті ту етіп ұстау арқылы ғана біз алдымызға болашағы күшті, өркендеп, дамыған Қазақстан елі туралы ұлы мақсаттар қоя аламыз. Ел өміріндегі мәні мен маңызы орасан зор осынау саяси оқиға қарсаңында біз көп ұлтты Қазақстан халқын бір атаның балаларындай еліміздің өркеніетті дамуы жолындағы игілікті іске жұмылдырып отырған Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстырып, елімізде тұрақтылықты сақтау мен оның дамуына аса зор үлес қосып келеді. Ең бастысы, Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі нәтижесінде елімізде этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан әрбір азаматтың Конституциялық һәм азаматтық құқықтары мен еркіндігін толық қолдана алатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Сөйтіп, Қазақстанның көп-этностық кеңістігінде сенім, келісім мен өзара түсіністік берік орнады. Қазақстан халқы Ассамблеясының алдына қойған басты мақсаты және түбегейлі міндеті - этносаралық қатынас саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету. Осы мақсатта халық бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негізін қалаушы құндылықтар бойынша қоғамдық келісімді қолдап, дамыту, қоғамдағы экстремизм мен радикализмнің көріністеріне тойтарыс бере отырып, азаматтардың құқықтық бостандықтарына қысым жасауға жол бермеу, азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру да осы ұйымның төл парызы. Ынтымақ ұйытқысына айналған ұйым бұл мақсаттарды жоғары деңгейде орындап келеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан халқы Ассамблеясы жанынан ғылыми-сарапшылық кеңес, журналистер мен сарапшылар клубы құрылған. Барлық аймақтарда Достық үйлері бар. Мемлекет басшысының тапсырмасымен Астанада «Бейбітшілік және Келісім сарайы» салынды. Мұнда жыл сайын Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиялары, әлемдік дәстүрлі діндер съездері, өзге де маңызды іс-шаралар өтеді. Ассамблеяның тағы бір ерекшелігі, этностық топ өкілдерінің мүдделерін жоғары заң шығару органы - ел Парламентінде білдіру болып табылады. Осыған орай 2007 жылы еліміз Конституциясына енгізілген өзгерістерге сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 9 депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлауға құқылы. Ассамблея сайлаған Мәжілістің тоғыз депутаты, елдегі барлық этностардың мүддесін білдіреді. Ассамблеядан сайланған депутаттар заң шығарушылық процесіне белсенді қатысып, заң шығарушылық, бастамашылық құқығын жиі пайдалануда. Еліміз тарихынан ойып тұрып айрықша орын алатын оқиғаның бірі Ұлт Көшбасшысы, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тәуелсіз еліміз дамуының ұзақмерзімдік «Қазақстан - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» деп аталатын маңызы орасан зор құжатты халық назарына ұсынып, алда атқарылатын ауқымды да асқаралы міндеттерді белгілеуі болды. Міне, сондықтан да Қазақстан халқы Ассамблеясы осы құжаттың мәдениет, бейбітшілік, руханият және келісім мәселелерін талқылауға арнаулы тегіннен-тегін емес. Себебі, Елбасы айтқандай, Тәуелсіз Қазақ елінде бәрі бар. Тек қана көпұлтты ұлттар мен ұлыстардың арасында өзара түсіністік, тату-тәтті береке-бірлік пен ынтымақ және рухани құндылықтарға деген адалдық ауадай қажет. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, Қазақстан халқы Ассамблеясы бүгінде көпұлтты қазақстандықтардың береке-бірлігі мен ынтымағын жарастырған татулық темірқазығына айналып отыр. Туған елі - Қазақстанды әлемдегі өркеніетті елдер қатарына қосуды жоспарлаған Елбасының басты арман-мұраты да міне, осы!

Қазақ халқы қашанда бірлік пен татулық мәселесіне ерекше мән беріп, оны тірліктің тұтқасы, өмірдің өзегі ретінде бағзы заманнан бағалап келген. «Бірлік бар жерде - тірлік бар», «Береке басы - бірлікте», «Ырыс алды - ынтымақ» деген сияқты көптеген мақал-мәтелдер соның айғағы. Болашақтың бірліксіз болмайтынын болжай білген бабаларымыз бала тәрбиесінде де осы қағиданы басты бағыт етіп ұстаған. Ол атадан балаға мұра болып, әлі де жалғасын тауып келеді. Бірлік пен татулық тәлімінің қазіргі көпұлтты Қазақстан

жағдайында маңызы ерекше. Мемлекет құраушы, елдің, жердің иесі ретінде қазақ халқы өзге ұлттар мен ұлыстарға оның асқан үлгісін көрсетіп келеді десек артық емес. Тарихымызға үңілсек, оған анық көз жеткізе аламыз. Қиын-қыстау кезеңге тап болған өзге ұлт өкілдеріне қашанда қамқор болып, ағалық мейірімін аямаған. Алаш елі тағдырдың жазуымен жер аударылып келген түрлі ұлыстарға төрінен орын беріп, бір үзім нанын бөліскені белгілі. Сол үшін көптеген ұлыстардың өткен және бүгінгі буыны қазақ халқына шексіз риза. Қазақ жерінде қазір 140-тан аса ұлт пен ұлыс өкілдері өмір сүріп жатыр. Оларға Қазақстан азаматтары ретінде тең құқық берілген. Олар білім алу, емделу, жоғары лауазымды қызмет атқару мүмкіндіктеріне ие. Елімізде мекен еткен ұлт пен ұлыстарға өз мәдениетін дамытып, салт-дәстүрлерін сақтауға лайықты жағдайлар жасалған. Олардың әрқайсысының ұлттық мәдени орталықтары тұрақты жұмыс істейді. Мәдени орталықтар әр халық өкілдерінің өз ұлттық дәстүрлерін сақтауға зор ықпал жасап келеді. Сонымен бірге, көпұлтты Қазақстанның мәдени жағынан әртарапта дамуына үлес қосып келеді.

Ғасырлар тоғысында еркіндікті аңсаған ата-баба арманы жүзеге асып - егемендікке ие болдық. Қазақ жерінде арайлап атқан елдіктің ақ таны, ең алдымен, осынау дархан даланы ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, алғыр ақылмен, берік тақыммен қорғап, сақтап қалған ата-бабаларымыздың ұлы күрестерінің заңды да нақты нәтижесі. Қазақ елі қазіргі таңда қабырғасы қатайған, пікіріне халықаралық қауымдастық өкілдері құлақ асатын беделді елге айналды.

20 жылдық тарихы бар ұйым елдің саяси жүйесінің маңызды бір бөлігіне айналып, ол Қазақстанды мекендейтін барлық ұлттар мен этностардың мүдделерін, құқықтарын бір арнаға түйістірді. Әрбір ұлттың тегіне, дініне, көзқарасына қарамастан, барлық азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерінің бұлжытпай сақталуын қамтамасыз етті. Түптеп келгенде, Ассамблея еліміздегі халықтардың тұрмыстық деңгейдегі ұлтшылдықтың пайда болуына жол бермейтін, бір-біріне төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеуді дәріптейтін ең маңызды ұйымның бірі болып саналады. Осының нәтижесінде әрбір қазақстандық кең ауқымды ойланып, достық пен өзара түсіністікті бағалауға жетелеу жолында жемісті еңбек етуде. Осыған байланысты бұл ұйым мемлекетімізді мекендейтін этнос өкілдерін бірлікке шақырып, елдегі демократияның қалыптасуына да тікелей атсалысуда. Ел Президентінің бастамасы бойынша құрылған мемлекеттік, ұлттық саясатты дамыту мен

жетілдірудің ерекше маңызды құралы болып саналатын Қазақстан халқы Ассамблеясы бүгінде елді біріктіруде, этностар мен ұлттар арасындағы бейбітшілік пен келісімді, татулықты нығайтуда аса маңызды қызмет атқарады.

Біздің елдегі бірлік пен қоғамдық келісімнің бастауы - Қазақстан халқының ортақ тарихы. Ғасырлар бойы тағдыр талайына ұшыраған халықтарды құшағына сыйдыра білген қасиетті Ұлы Дала көптеген ұлыс пен ұлттың құтты қонысына айнала білді. «Бақ та, тақ та таласқанға бұйырмайды, халықтық істе жарасқанға бұйырады», деген дана бабаларымыз. Сондықтан да атқаратын игілікті істеріміз халқымыздың болашағын бірлігіміз бен берік етсін.

## **АССАМБЛЕЯ НАРОДА КАЗАХСТАНА – ЗАЛОГ МЕЖЭТНИЧЕСКОГО И МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНОГО СОГЛАСИЯ И МИРА**

ОРЫНБАЕВА Ю. В.

ГУ «Иртышская СОШ № 1», Павлодарская область,  
Иртышский район, с. Иртышск

Нынешний год Указом Главы государства Нурсултана Назарбаева объявлен Годом Ассамблеи народа Казахстана, выполняющей важные функции в обществе. Основными целями Года Ассамблеи являются укрепление единства народа, консолидация общества вокруг политики Главы государства мира и согласия, достижение целей Стратегии «Казахстан-2050», Концепции развития Ассамблеи народа Казахстана до 2020 года.

На протяжении многих веков казахскому народу приходилось бороться за свою независимость и суверенитет. Благодаря своим лучшим качествам, умению сплотиться и быть единым в минуту опасности, стремлению жить в мире, согласии и добрососедстве с другими народами, он не исчез в потоке истории и через десятилетия смог восстановить свою государственность [1].

За годы независимости в Казахстане сформировалась уникальная модель межэтнического и межконфессионального согласия и мира.

Межэтническое и межконфессиональное согласие является непреложным условием стабильности казахстанского общества и фактором его единства, особенно в современных довольно сложных условиях глобального финансово-экономического

кризиса и нарастающих вызовов глобализации. Многоэтничный и поликонфессиональный Казахстан сможет сделать инновационный прорыв и войти в число успешно развивающихся государств только сохраняя и последовательно совершенствуя свою модель национального единства, в которой межэтнические и межконфессиональные отношения выступают в качестве основания, обеспечивающего это единство [3].

Все казахстанцы, независимо от этнической или религиозной принадлежности, обладают и пользуются всей полнотой гражданских прав и свобод, гарантируемых Конституцией РК. Государство содействует возрождению и сохранению самобытности. Языка и культуры каждого казахстанского этноса.

Созданная по инициативе Главы государства Ассамблея народа Казахстана стала уникальным механизмом межкультурного и межэтнического диалога, действенным инструментом народной дипломатии, взаимодействия государства и гражданского общества.

Благодаря этим мерам в Казахстане сформировалась особая модель доверия и толерантности, солидарности и взаимопонимания между всеми этносами.

Ассамблея стала одним из главных институтов развивающейся казахстанской демократии, на которую возложена самая ответственная задача – быть хранителем дружбы народов, согласия и гражданского мира в стране.

Ассамблея народов стала важным элементом политической системы Казахстана, скрепившим интересы всех этносов, обеспечившим неукоснительное соблюдение прав и свобод всех граждан независимо от их национальной принадлежности. В деятельности Ассамблеи народов Казахстана заключен огромный позитивный опыт, который мы сообщаем и продолжаем вносить в мировую практику решения межэтнических проблем.

Бүгінде әлем елдері Қазақстанды көпұлтты мемлекет ретінде біледі. Елдегі ұлт пен ұлыстың мызғымас татулығы, бірлігі өзгелерге үлгі боларлықтай. Бір шаңырақтың астында ғұмыр кешкен олардың қай-қайсысының да тілегі бір, қазақ еліне деген жүрегі бір. Себебі, қиын-қыстау кезеңде бауырына басып, бір нанды үзіп жеген қазақ жұрты олардың нағыз отаны.

Қазіргі таңда республиканың барлық аймағында орын теуіп, қазақ жұртымен бір болып кеткен 100-ден аса ұлттың қайсысы болмысын барлығы дерлік тілін, мәдениетін, дәстүрі мен рухани, ұлттық құндылықтарын сақтап, оны әрі қарай дамытып келеді. Бұл тұрғыда көптеген жағдайлар жасалуда. Өздерінің

сондай әдет-ғұрыптарын, салты мен дәстүрін берік ұстанып, қонақжайлылығымен ерекшеленетін ұлттардың бірі – түріктер. Түбі бір түркі жұртының әдет-ғұрыптары бауырлас қазақ, қырғыз, өзбектермен бірдей болмаса да, оларға ұқсайтын тұстары жетерлік. Мәселен, түріктер ер балалардың санасына кішкентай кезінен бастап «Сен ер жігітсің, әйел затынан қай кезде де жоғары тұрып, өз артықшылығыңды біліп жүр» деп үйретеді екен. Бұл әйел затын төмендету емес, керісінше, оларды әрдайым қорғап, қолдап, қамқор болуды, әйелдердің нәзік болып келетіндігін меңзесе керек. Жаннаттың кілті аналарымыздың аяғының астында деп білетін түріктер қазақтар секілді төрт ұйқысын төрт бөлген ана сүтін ақтауға, әжесі мен апасын, әпкесі мен қарындасын құрметтеп, сыйлауды парыз деп санайды. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету олардың басты қағидаларының бірі.

Дүниеге ұл баланың келуі барша мұсылман отбасы үшін ерекше қуаныш. Өйткені, өулеттің ізін жалғастырар ұрпақ келеді. Мұндай дәстүр түріктерге де тән. Өзге мұсылман қауымдары секілді бала бес жасқа толғанда сүндетке отырғызып, дастарқандарын жайып, әрбір ата-ана мұсылмандық парызын орындайды, сыйлықтарын жасайды.

Қазақтар сияқты түріктерде де құда түсу салты бар. Оларда да өулеттің үлкендері, сыйлы адамдарды бас қосып қалыңдықтың әкесінің алдынан өтеді. Яғни, қызына құда түсіп кетеді, сый-сияпаттарын жасайды. Бұл уақытта қыз жақ сыйлы қонақтарға дастархан жайып, палау, халва, шербет тағамдарын ұсынады. Тағы бір ерекшелігі үйлену тойына дейін жігіт қызға жүзік, сақина, орамал, тағы да басқа сыйлы сыйлықтар жіберіп тұрады. Қалыңдық жігіттің сыйлаған жүзігін саусағына тағады. Бұл некесі қиылған деген мағынаны береді екен. Сондай-ақ, қалыңдық тойға дейінгі кездерде басына жаулық салып, шашын жібермей, ұзын етекте киімдер киюге тиіс. Яғни, ашық-шашық жүруге болмайды. Түрік ұлтының қыз ұзатудағы өздеріне тән енді бір тұсы той болардың алдында қалыңдықтың қол-аяғын қанымен бояйды. Той күні жігіт қалыңдығына айна мен тәтті тарту етеді. Тәттіні сыйлауды алдағы өмірі тәтті болсын дегені, ал айнаны ұсынуы қалыңдықтың қуаныштан нұрланған ақ дидары әрдайым сұлу қалпын сақтасын дегенді білдіреді. Сонымен бірге, қызды шығарып саларда болашағын жарқын болсын деген ниетпен құрбылары шырақ ұстап тұрады. Қыздың жеңгесі болса, тойға келген көпшілікке халва тартады. Яғни, қайын сіңілісінің өмірі тәтті болса деген оймен. Ал, інісі болса қандай қиындық болса да белінді бекем буып, жеңе

біл деген тілекпен белдік тағады. Ырымға сенетін түрік халқы ұзатылатын қалыңдыққа көз тимес үшін қызыл киім кигізеді. Мұнан бөлек, тойда әсем ән мен би болып, дастархан молынан жайылады.

Келін түсіру рәсімінде жігіттің есігінің алдына қазан төңкеріп қойып, қалыңдықтың қолына анардың жеміс суын құяды. Жеміс шырынын өмірі баянды болсын деген ниетпен екі босаға мен мандайына жағады. Сонымен бірге, үйге кірер кезде қазанға қыздың оң аяғын тигізеді. Бұл қыздың қиындыққа шыдап, жақсы мен жаманды бірге көретіндігін білдіреді. Түріктердің қонақжайлылығы бір төбе. Бұл жағынан қазақтан кем түспейді. Қазақтармен бірге өскен түріктер арасында нан ауыз тию салты да қалыптасқан. Алғыс айту, кешірім сұрау қарапайым түрік ұлтына тән қасиет. Жалпы, түрік ұлты қазақ халқы секілді қыз баланың тәрбиесіне жіті ден қойып, барынша саналы ұрпақ тәрбиелеуде, ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрден аттап кетпеуге, әдет-ғұрпын аясында күн кешу секілді қасиеттермен өзге ұлттар арасында дараланады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Назарбаев Н.А. Казахстан-2030. Послание Президента страны народу Казахстана. – Алматы: Раритет, 2002. –144 с.

2 Назарбаев Н.А. Казахстан-2030. Послание Президента страны народу Казахстана. Алматы, 1998.

3 Назарбаев Н.А. Выступление на VII сессии Ассамблеи народа Казахстана //Казахстанская правда, 2000, 16 декабря.

#### АТА ДӘСТҮРІН САҚТАҒАН ҰЛТ

АЛТАЕВА А.

бастауыш сынып мұғалімі, №204 мектебі,  
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

Бүгінде әлем елдері Қазақстанды көпұлтты мемлекет ретінде біледі. Елдегі ұлт пен ұлыстың мызғымас татулығы, бірлігі өзгелерге үлгі боларлықтай. Бір шаңырақтың астында ғұмыр кешкен олардың қай-қайсысының да тілегі бір, қазақ еліне деген жүрегі бір. Себебі, қиын-қыстау кезеңде бауырына басып, бір нанды үзіп жеген қазақ жұрты олардың нағыз отаны.

Қазіргі таңда республиканың барлық аймағында орын теуіп, қазақ жұртымен бір болып кеткен 100-ден аса ұлттың қайсысы болмысын барлығы дерлік тілін, мәдениетін, дәстүрі мен

рухани, ұлттық құндылықтарын сақтап, оны әрі қарай дамытып келеді. Бұл тұрғыда көптеген жағдайлар жасалуда. Өздерінің сондай әдет-ғұрыптарын, салты мен дәстүрін берік ұстанып, қонақжайлылығымен ерекшеленетін ұлттардың бірі – түріктер. Түбі бір түркі жұртының әдет-ғұрыптары бауырлас қазақ, қырғыз, өзбектермен бірдей болмаса да, оларға ұқсайтын тұстары жетерлік. Мәселен, түріктер ер балалардың санасына кішкентай кезінен бастап «Сен ер жігітсің, әйел затынан қай кезде де жоғары тұрып, өз артықшылығыңды біліп жүр» деп үйретеді екен. Бұл әйел затын төмендету емес, керісінше, оларды әрдайым қорғап, қолдап, қамқор болуды, әйелдердің нәзік болып келетіндігін меңзесе керек. Жаннаттың кілті аналарымыздың аяғының астында деп білетін түріктер қазақтар секілді төрт ұйқысын төрт бөлген ана сүтін ақтауға, әжесі мен апасын, әпкесі мен қарындасын құрметтеп, сыйлауды парыз деп санайды. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету олардың басты қағидаларының бірі.

Дүниеге ұл баланың келуі барша мұсылман отбасы үшін ерекше қуаныш. Өйткені, әулеттің ізін жалғастырар ұрпақ келеді. Мұндай дәстүр түріктерге де тән. Өзге мұсылман қауымдары секілді бала бес жасқа толғанда сүндетке отырғызып, дастарқандарын жайып, әрбір ата-ана мұсылмандық парызын орындайды, сыйлықтарын жасайды.

Қазақтар сияқты түріктерде де құда түсу салты бар. Оларда да әулеттің үлкендері, сыйлы адамдарды бас қосып қалыңдықтың әкесінің алдынан өтеді. Яғни, қызына құда түсіп кетеді, сый-сияпаттарын жасайды. Бұл уақытта қыз жақ сыйлы қонақтарға дастархан жайып, палау, халва, шербет тағамдарын ұсынады. Тағы бір ерекшелігі үйлену тойына дейін жігіт қызға жүзік, сақина, орамал, тағы да басқа сыйлы сыйлықтар жіберіп тұрады. Қалыңдық жігіттің сыйлаған жүзігін саусағына тағады. Бұл некесі киылған деген мағынаны береді екен. Сондай-ақ, қалыңдық тойға дейінгі кездерде басына жаулық салып, шашын жібермей, ұзын етекте киімдер киюге тиіс. Яғни, ашық-шашық жүруге болмайды. Түрік ұлтының қыз ұзатудағы өздеріне тән енді бір тұсы той болардың алдында қалыңдықтың қол-аяғын қанымен бояйды. Той күні жігіт қалыңдығына айна мен тәтті тарту етеді. Тәттіні сыйлауды алдағы өмірі тәтті болсын дегені, ал айнаны ұсынуы қалыңдықтың қуаныштан нұрланған ақ дидары әрдайым сұлу қалпын сақтасын дегенді білдіреді. Сонымен бірге, қызды шығарып саларда болашағын жарқын болсын деген ниетпен құрбылары шырақ ұстап тұрады. Қыздың жеңгесі болса, тойға келген көпшілікке халва

тартады. Яғни, қайын сіңілісінің өмірі тәтті болса деген оймен. Ал, інісі болса қандай қиындық болса да белінді бекем буып, жеңе біл деген тілекпен белдік тағады. Ырымға сенетін түрік халқы ұзатылатын қалыңдыққа көз тимес үшін қызыл киім кигізеді. Мұнан бөлек, тойда әсем ән мен би болып, дастархан молынан жайылады.

Келін түсіру рәсімінде жігіттің есігінің алдына қазан төңкеріп қойып, қалыңдықтың қолына анардың жеміс суын құяды. Жеміс шырынын өмірі баянды болсын деген ниетпен екі босаға мен маңдайына жағады. Сонымен бірге, үйге кірер кезде қазанға қыздың оң аяғын тигізеді. Бұл қыздың қиындыққа шыдап, жақсы мен жаманды бірге көретіндігін білдіреді. Түріктердің қонақжайлылығы бір төбе. Бұл жағынан қазақтан кем түспейді. Қазақтармен бірге өскен түріктер арасында нан ауыз тию салты да қалыптасқан. Алғыс айту, кешірім сұрау қарапайым түрік ұлтына тән қасиет. Жалпы, түрік ұлты қазақ халқы секілді қыз баланың тәрбиесіне жіті ден қойып, барынша саналы ұрпақ тәрбиелеуде, ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрден аттап кетпеуге, әдет-ғұрпын аясында күн кешу секілді қасиеттермен өзге ұлттар арасында дараланады.

Еліміздегі түрлі ұлттар мен ұлыстар ұмыт бола бастаған тілін, мәдениетін, салт-дәстүрлерін қайта жаңғыртуға мүмкіндік алуда. Бұл қазақ халқының кеңпейілділігін көрсетсе керек. Әсіресе, ұлттар татулығы еліміздің барлық аймағында ашылған және заман ағымына сай белсенді түрде дамып келе жатқан ұлттық-мәдени орталықтың атқарып отырған жұмыстарын йта кету керек.

Осы орайда біздің өңіріміздің мәдени қоғамдық өмірінде өзіндік орны бар 11 ұлттық-мәдени орталығы жұмыс жасап келеді. Ұлттық-мәдени орталықтардың негізгі мақсаты салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, өнер мәдениетті қалыптастыра отырып, дамыту бағытында бірлесе жұмыс жасау болып табылады. Аталмыш орталықтар түрлі маңызы бар іс-шараларға белсене араласып, барлық қоғамдық бірлестіктермен жұмыла көтерген жүк жеңіл дегендей бірлесіп жұмыс жасайды. Кейінгі ұрпаққа өнегесі мол тәлімді шаралар өткізіп, жастар ұйымдарымен де белсенді жұмыс жасауда. Сондай-ақ өздерінің ұлттық мерекелерін тойлап, онда ұлттық киімдерін киіп, дастарқан жайып, төл тағамдарын дайындап, ән-жырдан шашу шашады.

Сонымен қатар облыстық тарихи-өлкетану музейінде өзге этнос өкілдерінің арасынан шыққан қолөнер шеберлерінің туындыларынан құрылған түрлі тақырыптардағы көрме ұйымдастырылуда. Жалпы аймағымыздағы ұлттық мәдени орталықтар жұмысына қолдау

уақыт өткен сайын жанданып келеді. Бұл дегеніміз, Сыр өңірінде тұратын сан түрлі ұлттардың ауызбіршілігі мен тату-тәтті тыныс-тіршілікте өмір сүріп жатқандығын білдіреді.

Сондай ұлттық-мәдени орталықтардың бірі-«Облыстық шешен қоғамдық мәдени орталығы» қоғамдық берлестігі. «Вайнах» облыстық шешен қоғамдық-мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Мовлади Исаев:

– Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығын жоғары деңгейде атап өту жоспарланып отыр. Соған орай облыстағы ұлттық-мәдени орталықтар қызу дайындық үстінде. Елбасы Н. Назарбаевтың өзі бұл бастамаға айрықша назар аударып, оның жүзеге асуына жағдай жасауда. Осы негізде өңірімізде ассамблея жұмысы оң жолға қойылған. Мәселен, біздің мәдени орталықта облыс бойынша 500-ден аса мүше бар. Олардың ішінде белсенді жұмыс жасайтындары қаншама?! Біздің басты мақсатымыз – достық пен татулықты қалыптастыру. Осындай елде бейбіт өмір сүріп жатқанымызды мақтан тұтамыз. Қазақ еліне деген алғысымыз шексіз. Енді Ассамблеяның 20 жылдығына орай түрлі маңызы бар іс-шаралар өткізіп, одан әрі дамытуға жұмыс жасаудамыз, - деді өз сөзінде.

Жалпы, шешен қоғамы хал-қадірінше ұлтаралық татулық пен бірлікке өзіндік үлестерін қосып келеді. Барлық мерекелерде басқа халықтармен бірігіп, түрлі іс-шаралардың мазмұнды өтуіне ұйытқы болуда. Мереке демекші, шешен халқы қуанышты оқиғалардың бірі саналады. Тойға дайындық кезінде қыздар арнайы қол орамалын кестелеп, әдемі өрнектермен көмкереді. Жас жігіт таңдаған қызына достары арқылы тәттілер, ақша беріп, осы қылығы арқылы қызға сезімін, көңілін білдіреді екен. Егер қыз ұнатса, қол орамалын сыйлайды. Міне, осы салт-дәстүрлерінің барлығы қазір де жалғасып, ұлттар арасындағы татулықты нығайтуға септігін тигізіп келеді.

Елімізде өмір сүріп жатқан әртүрлі этнос өкілдеріне өздерінің тарихын, салт-дәстүрлері мен халықтық қалпын сақтаулары үшін үлкен мүмкіндіктер мен конституциялық құқықтар берілген. Ең бастысы, қазіргі күні қазақстандықтар өзара келісім мен бірлікке қол жеткізіп отырғаны мемлекетті баянды, мәңгілік ел ететін факторға айналып отыр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Казахстан за годы независимости. 1997- 2007. (Статистический сборник), Астана, 2008. С. 17.

2 Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2007, Астана, 2008. Б. 672.

3 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995. – 30 тамыз. 10 Б.

4 Мырзаев Б., Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер және дін саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері // «Дін және құқық» журналы №2 (10), Астана – 2009.

### ТЫНЫШТЫҚ, ТУЫСТЫҚ, ҰҒЫСТЫҚ

БАДАНОВ Т.

география пәні мұғалімі, №73 орта мектебі,  
Қызылорда облысы, Арал ауданы

Қазақстанда тұрып жатқан басқа ұлт өкілдерінің Қазақстан халқына деген сыйластығын қалыптастыру, ұлттық қарым-қатынасын, халықтар достығын нығайтуға тәрбиелеу бүгінгі кештің ең басты мақсаты болды.

1886 жылы I мамырда ірі оқиға Американың Чикаго қаласында өткен еді. Жұмысшылар бұл күні әдеттегідей станок басында тұрмады. Бұрынғыдай тәулігіне 10-15 сағат жұмыс жасап, тар да лас лашықта тіршілік еткілері келмеді. Олар капиталистен 8 сағаттық жұмысты, әрі жалақыға үстеме қосуды, өмір тіршілігін жақсартуда талап ету үшін бәрі топтанып көшеге шықты. Жұмысшылардың талабына капиталистер оқпен жауап берді. Бұл оқиға Америка еңбекші қауымын дүр сілкіндірді. Чикаго еңбекшілерімен бір тілектес екендігін Париж, Лондон, Берлин мен Мәскеу жұмысшылары жұмыстарын тастап, қолдарына қызыл жалау ұстап көшеге шықты. 1889 жылы II интернационалдық конгресі Парижде бүкіл дүниежүзі еңбекшілерінің 8 сағаттық жұмыс күні үшін күресін біріктіру мақсатында белгіледі. Ресейде бірінші рет 1891-1892 жылдары Петербург, Тула, Лотос және т.б. қалаларда I мамырға арналған көтерілістер ұйымдастырылды. I мамыр мерекесін Кеңес үкіметінде бірінші рет 1918 жылы Пролетариат диктатурасын орнатқан жеңімпаз топ ретінде мейрамдады. Біздің елімізде I мамыр мерекесін де Қазақстан халықтарының бірлігі күні ретінде тәуелсіздік жарияланғаннан бастап атап өте бастады. Жыл сайын бұл мереке халықтар достығы ретінде атап өтіледі.

Ел бірлігі - ең асыл қасиет. Бірлік, ынтымақ, сабырлылық пен парасаттылық ең алдымен өзімізге, қазақтарға керек, - деп

көрегенділікпен Елбасымыз айтқандай, біз сияқты көпұлтты мемлекеттің даму болашағының бір көзі - Қазақстан халықтарының бірлігі.

Қазақстан мемлекеті көп ұлтты. Біздің елімізде 130-дан астам ұлттар тұрады. Украин, Беларус, Түрік, т.б. шет мемлекеттен келген ұлттар біздің елімізде тіршілік етуде. Біз олармен тату-тәтті доспыз, бір-бірімізбен қоян-қолтық аралас өмір сүрудеміз.

Азербайджандар өз тілінде «азербайджлылар немесе азерилер» деп атаған. Қазақстанда 78295 азербайджан өкілінің халқы тұрады.

Ұлы қазақ даласында басқа ұлт өкілдерінің бір шаңырақ астында татулыққа, сыйластыққа өмір сүріп жатқаны сіздерге мәлім. Бүгінгі кешіміз Қазақстанда тұрып жатқан басқа ұлт өкілдеріне деген сыйластығымыз, құрметтілігіміз, парасаттылық пен имандылығымыздың айғағы деп білемін.

Қазіргі таңдағы бейбіт тірлігіміз ұзағынан болмай. Ең бастысы – көп ұлт мекен еткен қазақ жерінің киелі топырағы, қойнауындағы қазынасы құндылығын айқара ашқан әрбір сәбидің бойында «Туған жер – Отаным» деген қасиетті ұран ана сүтімен бойына таралып, әке үнімен қайраттанып, білім нәрімен толысып жатса, жер, ел қадірін бағалау ойы мен санасының төрінен орын алып, ар-намысының алдында жауапты болып, ер жетіп жатса, көп ұлтты жеріміз, көп салалы, көп тілеулі көпшіліктің біртұтас мақсаты мен арманын нағыз жүзеге асыратын бір ғана арналы «Бейбіт әлемі» көусар бұлағы болары анық.

Қиын-қыстау кезінде қазақ жерін қоныс аударып, бүгінде өз ұстының тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін жалғастырып келе жатқан, түркітілдес ұлттың бірі-татар халқы. Қазақтармен біте қайнасып кеткен ұлттың дәстүрлері қазақ халқының салтына сәл ұқсағанмен – өздеріне тән ерекшелігі бар. Мәселен, қыз айттыру дәстүрін алар болсақ, татар халқында жігіт қалыңдықты таңдаған соң әке-шешесіне ойын айтады. Жігіттің әке-шешесіне үлкендерді жіберіп, қыздың ата-анасының алдынан өтіп, құдалық жайын сөйлеседі. Егер үй иесі құдалыққа келіспесе, келген үлкендердің көңіліне тиетін қатты сөз айтпай өз шешімдерін жеткізеді. Ал келіссе, онда келген қонақтарға 9 түрлі немесе 12 түрлі сыйлықтар ұсынады. Олар сандыққа салған тәтті тағамдар, шәлілер мен көйлектік маталар, бас орамалдар, сырт киімдер (пальто, костюм, т.б.) етіктер, т.б. болуға тиіс. Бұл заттар қалыңдықтың үйіне тойдан бір күн бұрын жеткізіледі. Бұған қоса чак-чак, ақ бөлке нан, қалыңдыққа арналған киімдер де қоса апарылады. Бір қызығы, бір тоғыз беру секілді мұндай дәстүр қазақ халқында да бар. Түбі бір

татар жұрты неке қию салтанатында мұсылмандық жолды ұстанады. Яғни, жастардың некесін молда қиып, оларға екі-екіден төрт жолдасы қатысады. Сондай-ақ, ата-аналары мен туыстары да қуәлік етеді. Жиын кезінде неке суы ішіліп, ант алу рәсімі жасалады. Тойда нан, түрлі тәттілер қойылып, ақ дастархан жайылады. Жастарға тілектер айтылып, үлкендердің батасын алады.

Ал, қыз кетерде бүкіл ауылды аралап қоштасуы керек. Күйеу бұл кезде балаларға конфет, ұсақ ақша, жаңғақ шашады. Ол біздің өміріміз тәтті, бай-бақытты болып өтсін деген тілекті білдіру болып саналады. Қазақта да келін оң аяғымен кіргізіліп жатады. Бұл жағынан қазақ халқының алтына өте ұқсас болып тұр. Келін түскеннен 1-2 күннен кейін келінге су жолын көрсету рәсімі басталады. Жас келінді күйеудің жақын қарындастары мен жеңгелері суға апарып сәлем жасатады. Жас келін суға мінәжат жасап суды төкпей-шашпай иін ағашпен үйге әкелуі керек. Бұған қарап, еріп барғандар келіннің ептілігін, сыпайлығын, еңбексүйгіштігін бағалайды. Татарлардың бұл дәстүрі қазақ халқының келінге шай құйғызу дәстүріне ұқсайды. Қазақта беташар рәсімнен соң келін тойға жиылған көпшілікке шай құяды. Көпшілік арасында кеселерді ауыстырып алмау, ұқыпты, әрі, таза құю ерекше бағаланады.

Қос халық дәстүрінің тағы бір ұқсас тұсы татарлардың келін жасауын ауыл-аймақ болып көру. Бұл жиынға жігіттің үлкендері жиналып, әр затты тамашалап көріп, бағалап пікір білдіреді. Жасауда көрпе-жастақ, дастархан, киім жапқыш т.б. кездеседі. Жасауды көруге келгендерге келін ас пісіріп, шай құйып береді. Ол келіннің аспазшылық өнерін сынау болып саналады.

Нәрестенің дүниеге келуімен байланысты жоралғы мен ырымдарды айтар болсақ. Жас нәресте дүниеге келгенде шай қасықпен аузына бал салады. Ол осы баланың өскенде мінезі балдай болсын, өздері ұнатқан, құрмет тұтатын кісілеріне тартсын деген ырымы екен. Бала қырқынан шыққанша анасын құрметтеп, қалжалау, ауыр жүк көтертпеуге, суық тигізбеге тырысқан. Мұнан соң молда аят оқып балаға ат қоятын болған. Бұлай ат қою барлық мұсылманға тән рәсім. Қырқынан шығару тойында баланы қырық қасық тұзды сумен шомылдырып, жауырынын, қол-аяғын маймен сылап, қарын шашын алдырып тілек баталар айтылады. Бұл мейрам нәрестенің мейрамы, бөбектің тууы деп аталады. Тағы бір айта кетерлігі, қазақтар секілді бұларда нәресте туғанда, енесінен, әкесінен, басқа да жақын адамдардан сүйінші сұралады. Сүйінші сұраған адамға баланың жақындары қалағанын береді.

Татарларда ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан дәстүрлі мерекелер аз емес. Көптеген мерекелер халықтың өмірінен ұмытылып кетіп, кейбіреулері басқа халықтардан алынып, ұлттық ерекшеліктермен байытылған. Мерекелердің өзіндік белгіленген мерзімі бар. Ең алғашқы көктем мерекесі – Наурыз. Шөп шабу, егін жинаудың басталуы мен аяқталуы көңілді мерекеге айналып отыр. Татарлар да мұсылман ретіндегі төл мейрамдары болып саналатын бұл мерекені ерекше атап өтеді. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан татарлары Наурыз мейрамы күндері оқушы балаларын үй-үйді аралатып, күлдіргі өлең айтып көршілерін Жаңа жыл мерекесімен құттықтайтын бұрынғы үрдісін қайта жаңғыртты.

Шамамен қыркүйек айының соңғы татар ұлты Сембелэ («масак, дән») мерекесін тойлаған. Бұрынғы уақытта татарларда дәстүрлі мереке жиын деген болған. Қазіргі уақытта бұл мереке сабонтай деп аталатын басқа мерекемен ұштасып кеткен. Сабантой түрлі спорттық жарыстар: гир көтеру, бағанаға өрмелеу, су тасу, аяқты байлап қаппен секіру және т.б. өткізіліп. Қазіргі күні де бұл мерекені жергілікті татарлар ерекше ықыласпен тойлайды. Татарлардың кейбір ғұрыптық мерекелері сақталып қалған. Оның ішіндегі «жаңбыр тілеу» жазда құрғақшылық болғанда өткізіліп. Бұнда балалар жаңбыр тілеп ән айтып, бір-біріне су құйған. Қазақтарда мұндай салтты тасаттық беру деп атайды. Яғни, ауыл адамдары жиналып дүниеден өткен кісілерге құран бағыштап, мал сойп, егіннің өнімді болуын, жаңбырдың жауын тілейді.

Татарлардың ежелгі дәстүрлерінің енді бірі көктемде өзендерде сең жүре бастағанда жастар «Сенді шығарып салу» рәсімдерін тойлау. Жастар өзен жағасына жиналып гармонь тартып, би билеп, частучка айтып, қамыстан жасалған «адамды» жағып тамашалайды. Ал, «Қарға ботқасын» өткізу мерекесі құстардың аймаққа келу құрметін тойлау, құстарға жем шашу, жастардың топталып құстарға арнап өлең айтуы, түрлі ойын ойнауымен өткізіледі. Бұл ауылдық жерлерде көктемге егістің басталу қарсаңында болады. Ондағы басты мақсат егіннің бітік шығуын, ризықтың мол болуын тілеу болып санадалады.

Жалпы татарлардың бұрынғы салт-дәстүрлерінің бұрынғы салт-дәстүрлерінің бірсыпырасы сақталып қалған, көбінесе қазақ ауылдарында тұратын татарлар олардың көптеген элементтерін сақтап, ұмытпай, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Мұны татар халқының бүгінгі болмыстарын айқын аңғаруға болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Камалбекова, А. Тілі басқа, тілегі бір / А.Камалбекова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2011. - №4. - Б. 17-20..
- 2 Құлманова, Злиха. Тыныштық, туыстық, ұғыстық / З.Құлманова // Сыныптағы тәрбие. - 2009. - №3. - Б. 16-18.
- 3 <http://45minut.kz/?p=2875>
- 4 <http://infust.kz/2012/01/yntymaq-dostyq-kepili-tarbie-sagaty/>
- 5 <http://www.kuttybolsyn.kz/663-1-mamyr-azastan-halytaryny-brlg-knne-tlekter.html>

## ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІ МЕН ТАЙПА – РУЛАРЫНА КІРМЕЙТІН РУ – ЭТНОСТАР

БАУЫРЖАН А.

I – взвод курсанты, облыстық мамандандырылған  
әскери – мектеп интернаты, Павлодар қ.

НЕҒЫМАНОВ Е. Ө.

ғылыми жетекші, Павлодар қ.

Бүгінгі таңдағы Қазақстанды мекен етіп отырған кейінгі толқынды құрайтын өртекті ұлттар мен ұлыстардың ең көнесінің жерімізге аяқ басуының өзі ары кеткенде 200 – 250 жылдан аспайды. Бір ұлт болып ұйуға осыншама уақыт аздық етеді. Оның үстіне этностар мен диаспоралардың басым бөлігінің тарихи отандарының болуында тамырының жергілікті ұлт өкілдерімен біті қайнасып кетпеуіне аз септігін тигізбей қоймайды. Бұдан басқада факторлар баршылық.

Осы мақалада біз халқымыздың арасына кіріп сіңісіп кеткен ұлттар мен ұлыстар жайлы өткен тарихымызбен, шежіреміз мол сыр шертетіне тәнті болдық. Бәрін ақтара қарап, төңкере түгендемесекте, солардың бүгінгі жұрнағы өздерін ісі қазақпыз деп санайтын бірнешеуін мақала көлемі көтергенше қарап көрдік.

Төрелерді алсақ, бастауын дүниені дүр сілкіндірген Шыңғысханнан алып, Еуразияны табанының астына алған, тіпті Африканың шетіне барып қайтқан, Қытайды түгел жаулап Юань династиясының негізін қалаған, Алтын Орда, Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Әбілқайыр хандығының құрылуына, қазақтың қазақ болып қалыптасуына, тіпті осы хандықтың жеке мемлекет болып құрылуына мұрындық болған Керей мен Әз Жәнібек хандардан бастап қазақтың түгел хандары төрелерден шыққан еді.

Академик В. В. Радловтың атап көрсеткеніндей, «то-ра» деген ежелгі түрік термині «ханзада» деген мағынада қолданылады. Г. Шлегельдің арнайы жазылған еңбегі ежелгі түрік халықтарындағы және монғолдардағы осы терминнің түбі мен мағынасына арналған [1].

Орта Азияның тарихын зерттеуші Кары-Құрбан-әлі-Қажы-Халид-Бек-Оғлы төре дегеніміз ханның туыстары, олар өздерінің алатын орны жағынан хандардан төмен тұрды. Автор былай деп жазады: Мұның аудармасы: «төре» сөзі атақ деген мағынады білдіреді. Шыңғыс ханның заманында мұндай атақ қолында толық билігі—жоқ чиновникке берілген... Тибиян Нафидің үндіс тілдерінде жарық көрген кітабында «төре» сөзі қолында толық билігі, үлкен беделі жоқ адам деген мағынада қолданылған. Біздің заманымызда төре деп ханнан төменірек тұратындарды атайды [2].

Ендігі бір халқымыздың сый құрметіне бөленген рудың бірі – қожалар. Ислам дінінің қазақ жеріне енуі VIII ғасырдың орта тұсы. Сонау Түркеш дәуірі. Араб әскерлері жаулауын жаулап, кеткеннен кейін діннің уағызшылары яғни миссионерлердің келуімен қазақтағы қожалардың шығуының қайнар бастауын алуға болады. Ислам дінін егіп, шымырландырушылар осылар. Мешіт, медреселерді ашып бала оқыту, сауат ашу, жөн-жоралғылар, жабдық өткізу де осы атаның еншісінде. Пайғамбарымыздың ұрпақтары, асыл сүйек деп әлпештеген.

Ел ішінде кең тараған шежіренің бір нұсқасында қазақ арасындағы қожаларды үш әулеттен таратады. Олар: Аққорған қожалар (Ысқақ баб әулеті), Диуана қожалар (Әбдірахман баб әулеті), Қорасан қожалар (Әбдіжәліл баб әулеті) [3].

Қазақ арасындағы жүзден тыс тайпалардың бірі – төлеңгіт. Қазақ арасында төлеңгіттердің этноәлеуметтік сипат алып, бірте – бірте өз алдына ру – тайпалық өреге көтерілуі Қазақ хандығының нығаюымен, қазақ мемлекеттігінің орнығыуымен байланысты. Хан – сұлтандар әлеуметтік-саяси билікті ширатып, ел тағдырының тізгінін бекімдей түскен сайын олардың төлеңгіттерге деген мұқтажы да артып отырғын. Бұл ретте, төлеңгіттер төрелік биліктің әлеуметті әлуетімен сән-салтанатын ұқсатар қызметші ғана емес, сонымен бірге хан – сұлтандар пәрменінің жүзеге асуын да қадағалайтын болған.

-«Төлеңгіттер деп төре маңына жинақталатын, төренің қамқорлығындағы топты айтады. Олар малдарына төре таңбасын басады, төренің ұранын шақырады, бейбіт уақытта төренің

шаруашылығын қарап, жаугершілікте ең сенімді жауынгерлерге айналады», - дейді белгілі этнолог Ж. Артықбаев [4].

Қазақ арасында қырғыз руы бар. Соның ішінде Сарыарқа қырғыздарының шежіре білетіндері «Қырғыздар арғын арасына келіп сінгелі жеті ұрпақ дүниеге келіпті» деп отырады. Арғын тайпасының ішіндегі қырғыздар өздерін «қаракесектің қырғыздары», «алтай – сайдалының қырғыздары», «атығайдың қырғыздары», «қарауылдың қырғыздары» деп айырып атайтын дәстүр қалыптасқан.

Арғын-қуандық ішіндегі алтай – сайдалы қырғыздары туралы айтылатын шежірелік аңыз – әңгімелер де бар. Есім ханның заманы балса керек. Қырғыз елінің бай манаптарының бірін жазым еткен үш жігіт бой тасалап жүріп, Арқадағы алтай – сайдалы еліндегі бір тойға тап болыпты. Сол тойда қырғыз жігіттерінің бірі балуан күресінде жығып, екіншісі көкпарда салым салып, үшіншісінің қоңыр аты бөйгеден келіп, көзге түседі. Содан ел ағалары назар аударып, жөн сұраса, қырғыз жігіттері: «Шерік, Дейіт, Темір деген ағайындылар боламыз, түбіміз қырғыз, сіздермен туысамыз ба деп келіп едік» дейді [6].

Қазақ халқының құрамындағы жүзге кірмейтін рулардың бірі – құрама. Қазақ құрамалары негізінен Қазақстанның оңтүстігін мекендеп, жер шаруашылығымен айналысуға машықтанған отырықшылар. Құрамалардың басым көпшілігі Өзбекстандағы Шыршық, Ангрен өзенлерінің бойына қоныстанған. Бүкілресейлік санақ мәліметі бойынша Ташкент уезінде 1897 жылы 17 мың құрама болса, 1917 жылы құрамалардың саны 53 мың адамға жеткен. Тіптен, 1939 жылғы санақ кезінде құрамалар өздерін өзбектен бөлек, жеке халық ретінде тіркеткен. Алайда, 1959 жылғы санақта құрамалар өзбек ұлтының өкілі ретінде тіркеуге алынды.

Тарихи деректерде «құрама» атауы 15 ғасырдан белгілі болғанымен, құрамалардың дербес ру болып ұйыса бастауы 17-18 ғасырларда қазақ пен қарақалпақ халықтары тап болған жоңғар шапқыншылығына және соның салдарынан туындаған саяси – әлеуметтік ауыртпалықтарға байланысты екенін Н. А. Аристов атап көрсеткен.

Ноғай қазақтар Ресейдің Волгоград, Саратов облыстарымен шектесетін қазіргі Батыс Қазақстан облысының Жәнібек, Қазлатов аудандарын мекендеп отыр (бұрынғы бөлініс бойынша Степной, Тарғын, Талов қысымдары) өздері бұл жерге 18 ғасырда Құбан, Қара теңіз бойынан шығып, Орынбордағы Сақмар, Бугуруслан атырабын айналып келіп, қазақ ішіне сінген жембойлық және сұлтан ауыл



ноғайлардың қалдығы. Қазіргі шежірелер ноғайқазақты жүзге кірмейтін қазақ руларының қатарында атағымен, олардың бүгінгі ұрпағы «арғы тегіміз ноғай болғанымен, біз қазақпыз» дейді.

Бөкей, Жәңгір тұсында ноғайқазақтан хан санатына мүше болатын Шомбал, Бекжан, Нияз, Өтежүсіптірізді «жұрт ұстарлық бала» көп шықты. Қашанда хан жағында ақырына дейін ат шабысқан олардың асыл сүйек қожамен бірге дін Исламды шымырландыруға қосқан үлесі де еселі: олардың арасынан Ыстамбул, Қазан, Уфа жоғары дәрежелі медреселерін оқып тауысқан Жазықтың Омары, Ысмағұл, Қашғари, Ғұмар молда Шомбалов, Ғұбайдолла Ғалікеев, Қажығали және Ғабдрахман Ғайсиндер, Жұмағали Шанов және мәшһүр Ғұмар Қараш сынды аты данды дін иелері, алым кісілер шыққан. Бұлардың көпшілігі Камараддин хазіретпен замандас не болмаса оған жетеғабыл жетілген жандар. Ескі шежірелерді негізге алған, ең толымды Амангелді Уәлиевтің «Ноғайқазақ шежіресінде» де ноғайқазақтың Қостаңбалы, Қазанқұлақ, Үйсін және Қояс дейтін негізгі төрт арысы бар.

Қазақ халқының құрамындағы жүздік бөлікке кірмейтін тайпалардың бірі – сунақ. Атадан балаға ауызша және жазбаша шежіре деректерінде «сунақ» атауын «суннит» сөзімен байланыстырады. Тарихтан аян, 7 ғасырдың алғашқы жартысында – ақ орнығып үлгерген ислам діні және ол дінге ұйытқы болған араб тайпалары кешікпей – ақ «дін үшін қасиетті соғыс!» ұранын жариялап салыстырмалы түрде аз ғана уақыт аясында шығысында Қытай шекарасынан бастап, батысында Францияның оңтүстігіне дейінгі, солтүстігінде Орал тауларынан бастап, оңтүстігінде терістік Африкаға дейінгі байтақ аумаққа ислам дінінің ықпалын жүргізіп ғасырдың екінші жартысында – ақ Орта Азияға деңдей еніп, жылы Хорасанда, жылы Тараз қаласының іргесінде күш – қуаттарының басымдығын айғақтай білді [7].

Қазақ арасындағы сунақтар өздерінің түп тегін Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) әйелі Айшаның әкесі Әбу Бәкір есімімен байланыстырады. Әбу Бәкір күрейіш (қурайшит) тайпасының құрамындағы тайм руынан шыққан белгілі көпес. Тегі жөнінен Мұхаммед пайғамбармен (с.ғ.с.) тайпалас.

Қазақ құрамындағы қожа тайпасы сияқты, сунақ тайпасының арасында да ататекті тарту дәстүрі ұрпақтан ұрпаққа ауызша айтылып қана қоймаған, сонымен бірге, айрықша ыждағаттылықпен жазбаша шежірелер де жүргізіліп отырған. Ондай шежірелерді «насабнама» деп, сол шежірені жүргізушілерді «насабшы» деп

атаған. «Насеб» - араб тілінде «туысқандық байланыс», «тек», «тектік» деген мағына берсе, «наме» деген сөз парсы тілінде «хат», «шығарма» деген мағынада қолданылған.

Сунақтардың ауызша және жазбаша жеткен шежіресі бойынша Әбу Бәкір мен сунақатаға (Хисамиддинге) дейін 16 ата. Атап айтқанда : 1. Әбу Бәкір; 2. Әбділдә (ӘбдіАлла – Сұлтан Мұхаммад). Мұндағы «ӘбдіАлла» сөзі « Құдайдың құлы» мағына берсе, «Саид» деп Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) көзін көрген көсемді, билеушіні, «Сұлтан» деп Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) көзін көрмеген, бірақ ақсүйек тұқымнан шыққан билеушілерді атаған. Сұлтан Мұхаммед Әбу Бәкірұлы болса 637- 638 жылдары Мысырда билеуші өкіл (наместник) болған; 3. Әзірет – Ақсұлтан; 4. Сұлтан – Қасым; 5. Сұлтан – Кәп(Кәһп); 6. Сұлтан – Мәулүт- Шайық; 7. Мүлкиша; 8. Шабур – Мәлік; 9. Сүлеймен – Мәлік; 10. Мансу – Мәлік; 11. Піржан – Мәлік; 12. Әбділ – Мәлік; 13. Қайсар – Мәлік; 14. Қайым (Қаюм) – Мәлік; 15. Әбділда – Мәлік; 16. Сунақата – Хисамиддин [8].

Шалақазақтар бастау тарихы туралы нақты ауызша шежіре бастау бұлағы бұлынғыр. Менің пайымдауымша өзінің аты айтып тұрғандай, бұл ата қазақ жүздер, тайпа, руларының нақты орнығып, шежіреге түсіп, орта ғасыр авторларының еңбектеріне ілігіп, қайнауы болған кезде пайда болуға ұқсайды.

Тарих үшін жүздеген жылдар қасқағым сәт. Соған қарай бұл атаның тарих сахнасына шығуы тым беріде. Ары кетсе үш ғасырдан аспайды. Шамасы қолдан жасалған (искусственный) болса керек. Өйткені мен Алматы облысында бірнеше елді мекенде болып, осы рудың өкілдерімен сұхбаттасқанда әр – қилы жауап алдым. Біреулері өздерін қожамен байланыстырса, келесілері бабаларымыз Бұхар жақтан келген дейді. Бір ізділік жоқ. Осыған қарап бұл рудың өу басында қазақ даласында тағдырдың төлкегімен (аштық, індет, ірі ұлттардың қысымшылығы т.с.с.) немесе айдаудан қашқандар тұрған сияқты.

Қазақ арасында сарт өкілдеріде кездесі. Мысалы XIX ғасырда өмір сүрген ісі қазаққа белгілі атақты суырып –салма ақын Шортанбай Қанайұлы өзінің елімен, фәнимен қоштасар насихат өлеңінде өзі жайлы жырдында:

Ала көжеге қаңсыған,  
Қаратауда халық едім,  
Қожа емес едім, сарт едім,  
Көк есекті мінуші ем,  
Масақ теріп жүруші ем [9].

Немесе Абай нахымның екінші қара сөзінде сауда – саттықпен айналысатын сарттар туралы айтылады [10].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Древнетюркский словарь. – Ленинград, 1969.- 580 с.
- 2 Е. Бекмаханов. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы, 1994, - 416 б.
- 3 «Ислам» энциклопедиясы Алматы 1995 ж. 98 б.
- 4 Ж. Артықбаев Этнос және қоғам Қарағанды 1995 ж. 79 бет
- 5 С. Марков «Идущие к вершинам» жазушы. Алматы, 1981. 37 с
- 6 Арқа қырғыздарының шежіресі Астана 2004 ж
- 7 Ж. Ержанов Сунаққорған «Парасат» журналы 1991 ж. № 6 20-21 б
- 8 Т. Жұртбай Күйесің, жүрек... Сүйесің... «Айқын» № 121 2008 ж.
- 9 Бес ғасыр жырлайды. Алматы, Жазушы. 1989. -282,289 б.
- 10 Абай өлеңдер, поэмалар, аудармалы қара сөздер. Алматы Мектеп 2005 ж. 175 б.

### КОРЁДЕН ТАМЫР ТАРТҚАН ҰЛТ

БЕКЕТОВА Б. А.  
математика пәні мұғалімі, №204 мектебі,  
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

Қазақ халқының болмыс-бітімімен біте қайнасып, тұрмыс – тіршілігі ортақ болып кеткен ұлттардың бірі-кәрістер. 1939 жылғы депортация салдарынан күштеп көшірілген корейлердің көпшілігі біздің Сыр өңіріне орналасқаны белгілі. Сонау аласапыран уақытта қаншама қайғы-қасірет пен қуғын-сүргінді басынан өткерген қазақ жұрты тағдырлас халықты сыртқа теппей, бауырына басты. Сол уақыттан бері кәрістер Қазақстанды құтты мекен деп танып, қазақ елі мен жеріне адал қызмет етіп келеді. Қазіргі сәтте кез келген салада олардың өзіндік үлестері бар. Бүгінде саны аз болса да, корейлер өзіндік ұлт ретіндегі мәдени құндылықтарын елімізде қалптастырып келеді.

Өздерін корё сарам корейлері деп атайтын қазақ жеріндегі кәрістер тарихи-мәдени мұраға бай. Олар ата-бабаларынан бері келе жатқан халықтық салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын өз дәрежесінде сақтап дәріптеуде. Ата салтын бүгінгі күнге дейін жеткізген ұлттың

дәстүріне кеңінен тоқталсақ. Біздің дәуіріміздегі 918-1392 жылдар аралығында алыс-жақын елге танылған Корё мемлекетінен тамыр тартқан корейлер үш мерекені ерекше атап өтеді. Ол-баланың туған күні, екіншісі – үйлену тойы, үшіншісі – мүшел тойы (алпысқа келуі). Үйлену тойы міндетті түрде сенбі, жексенбі күндері өткізіледі. Корейлердің салты бойынша ұзатылған қызды оның шешесі күйеу жігіттің қолына өзі әкеп береді. Келінді үйге кіргізгенде оның жолына ақ мата жайып, үстіне күріш төгеді. Қалыңдық күрішті басып, ақ жолмен үйге қарай жүріп өтеді. Ол келіннің жолы ақ және ырзықты болсын болсын деген тілекті білдіреді екен. Сондай-ақ, бұл уайым-қайғысыз өтетін бақытты ғұмырдың белгісі болса керек. Қазақтарда мұндай ақ мата жаю ырымы қыз ұзатарда орын алады.

Мұнан соң келін алдын ала дайындалып қойылған айнаны енесіне береді. Жігіттің шешесі оны күріш салған қаптың ішіне тығады. Бұл-келін мен ене тату болсын дегені меңзейтін ырым. Қазақ халқы үшін махаббаттың символы ретінде екі үйрек жас жұбайлардың бір-біріне деген сенімі мен адалдығының белгісі болып саналады. Сондықтан той кезінде бұл құстар міндетті түрде болады. Енді бір айта кетерлігі, той салтанаты басталмас бұрын жас жұбайлар «пхйебэксыл» бөлмесіне келеді. Бұл бөлмеде оларды жігіттің туыстары мен ата-анасы күтеді. Жас жұбайлар жігіттің ата-анасының алдына тізерлеп отырып, өз құрметін көрсетеді. Осыдан кейін барлығы салтанат залына өтіп, өздерінің тілектері мен лебіздерін білдіреді. Тойда жастар жібек магадан тігілген ұлттық киім киеді. Әдетте, той киімінің түсі қызыл, күнгірт, жасыл, күлгін болады. Киімге арнайы ою-өрнектер тігіледі. Сондай-ақ, той киіміне неше түрлі жібек баулар тағылады. Бұл жас жұбайлардың ғұмыры сәтті әрі берекелі болсын деген мағынаны береді. Корейлердің дәстүрі бойынша келін түскеннен кейінгі үшінші күнінен бастап үй шаруасымен айналысады. Тойдан кейінгі салт «сямири» деп аталады. Жас жұбайлар мен күйеу жігіттің ата-анасы келіннің ата-анасының үйіне қонаққа барады.

Кәріс халқы үшін екінші маңызды мереке әулеттің тағы бір мүшемен толығуы. Ең алғаш олар «Пэк иль» мерекесін тойлайды. Бұл мереке баланың дүниеге келгенін 100 күн толғанда атап өтіледі. Яғни, баланың осы уақыт ішінде шетінеп кетпегініне шүкіршілік білдіріп, 100 күн кішігірім дастархан басына жиналып туыс-жолдастардың арасында тойланады. Кәрістерде ерте кезде ер баланың бірнеше есімі болған. Егер бала ауқатты отбасынан шыққан болса жақсы аттар, ал, шаруа адамының баласы болса мағынасы

ыңғайсыз аттар қойылған. Себебі, баланың есімі неғұрлым тұрпайы болса, соғұрлым оның өмірі жеңіл болады деп ойлаған. Бұл баланы көз тиюден сақтайды деп білген. Дәстүр бойынша немерелерінің есімін ата тегіне қарай оның атасы қояды. Осылайша ататекке байланысты аттар онша көп болмай корей халқында Цой, Пак, Ким, Ли деген аттар бүкіл ру, тайпалардың балаларына ортақ ат болып тараған.

Корей халқы үшін «толь» мерекесінің маңызы зор. «Толь» -баланың бір жасқа толған кезі, яғни алғашқы туған күні. Мерекенің басты ерекшелігі баланың болашағын болжау рәсімі. Яғни, бұл сәтте кішкентай баланың алдына бірнеше затты бар шағын үстел қойылады. Әдетте, арқан жіп, кітап, қалам, ақша, күріш, кеспе, т.б. дүниелер, сондай-ақ қыздар үшін қайшы, ұлдарға арнап қанжар немесе садақ қойылады. Бала үстелге жақындап, қалған дүниесін алуы керек. Егер де ол арқан жіп не кеспе алса, оның ғұмыры ұзақ болады. Кітап я қалам таңдаса, болашақта заңғар жазушы, күріш не ақша алған балақай келешекте байлыққа кенеледі деп болжанған.

Сонымен қатар, корей халқында алпыс жасқа толған азаматтың мүшел тойы салтанатпен атап өтіледі. Тойға ағайын-туыстар көп қаржы жинап беретін болған. Бұл қаржымен қарттықты жақсы өткіз деген ырым. Бұл мерейтой егер отбасындағы баллардың барлығы ер жетіп, отбасын құрып, олардың тойлары жасалып, отбасында ешқандай қайғылы жағдай болмаса ғана тойланады. Егер ондай болса, мерейтой кейінге қалдарылып 2, 4, 6 жылдан кейін тойланып отырады.

Корей халқында кейбір мейрамдарды жыл мезгіліне, шаруашылыққа байланысты өткізілген. Соның ішінде жаңа жыл салтанатын өткізуге ерекше көңіл бөлген. Олар жаңа жылды қалай көңілді өткізсең, жаңа егіннің өнімі де мол болады деп есептеген. Сондай-ақ, көктемнің басы мен егін салу кезі де бұл халықтарда үлкен мәнге ие.

Осындай өздеріне тән дәстүрі мен салты, рухани-мәдени құндылықтары бар көріс халқы бүгінде әдет-ғұрыптарын ерекше сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу арқылы өздерінің бекем әрі өміршең халық екендіктерін дәлелдеуде.

Қазіргі уақытта ұлыстардың ішінде 22 ұлттың өз жазуы бар. Олардың арасында бұрыннан бері қалыптасқан дәстүрлі жазу мен заманауи Қытай қалыптасқаннан кейін өзгертілген жазу түрлері де бар. Сонымен қатар партия мен жаңа Қытай ойлап тапқан жаңа әліпби түрлері де жоқ емес. Кейбір ұлыстар ертеде өз әліпбиі болған,

бірақ жаңа Қытай құрылғаннан кейін өздерінің жаңа әліпбиін ойлап шығарды. Бұлай етудің әртүрлі себептері бар. Кейбір ұлыстар бұл әліпбиді пайдалануды қойған, ал енді біреулері сирек пайдаланады. Ондай әліпбилер ресми әліпби болып есептелмейді.

Тіл мен әліпби саласындағы мемлекеттің негізгі саясаты мынаған негізделеді: барлық ұлттар өздерінің тілі мен әліпбиін дамытып, еркін пайдалануға құқылы. Аудандық-ұлыстық автономиядағы басқарушы органдар жұмыс кезінде бір немесе бірнеше танымал тіл мен әліпбиді қолданады. Егер жұмыс барысында бір мезетте бірнеше тіл пайдаланылатын болса, онда сол автономиядағы ұлттық тіл деп есептелетін тілді пайдалануға болады. Әрбір халықтың азаматтары заң саласында өздерінің ана тілдерін пайдалануға құқылы. Ұлыстар білім беру мен мәдениет саласындағы көмекті ана тілдерінде көрсетеді. Егер жағдайлар мүмкіндік берсе, яғни мектепте ұлыстар отбасынан шыққан балалар басым оқитын болса, ұлттық тілдегі кітапты пайдалануға болады. Тіпті мұғалімдер сабақты да ана тілдерінде өткізеді. Сонымен қатар, бастауыш сыныптарды қытай тілі жеке сабақ ретінде өтіледі. Үкіметтің бағдары мен әрекеттері барлық халықтарды бір-бірінің тілдерін, әліпбилерін құрметтеуге үйретуге бағытталған. Ұлыстық аудандарда қызмет ететін басқарушы қызметкерлер жергілікті халықтың тілін меңгереді. Ұлыстар өз тілдерін, қытай тілін және стандартты әліпбиді үйренеді. Қытай үкіметі мемлекеттік мекемеде жұмыс істеп, жергілікті халықтың екі тілін меңгеріп, қытай тілінің деңгейін көтеріп жүрген қызметкерлерге қолдау көрсетуге тырысады. Жоғарыда айтылған қағидалардың барлығы Конституцияда бекітілген. Ұлыс аудандар заңы мен басқа да заңдар мен ережелерде жазылған.

Көпұлтты қазақ елі Ассамблеяны құру арқылы этностық немесе діни ерекшеліктеріне қарамастан барлық ұлттың мәдениеті мен тілдерін, олардың дәстүрлерінің дамуына қажетті жағдай жасауды. Жыл сайынға халықтық мерекелер Наурыз, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі, Масленица, Сабантой, Рождество мерекелерін бір халық болып тойлау Қазақстанда дәстүрге айналды. Себебі, өзгелерді өзектен теппей, өз бауырларынан кем көрмеген қазақ жұртының оларға деген құрметі ерекше. Осындай татулықтың негізінде елімізде барлық ұлт пен ұлыстың теңдігі, еркіндігі тұрақты сақталып отыр. Егер мемлекеттің қалыптасу кезеңінде басты міндет этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісім негізінде қоғамды ұйыстыру болса, ел дамуының жаңа кезеңінде Қазақстан бұл үдеден шыға білді. Мұның дәлелі ретінде 2010 жылы қабылданған азаматтық қоғам мен мемлекеттік институттардың, азаматтардың

сындарлы ұсыныстарын жинақтаған Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасын айтуымызға болады. Соынмен қатар, 2008 жылы 20 қазанда қабылданған «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңы да ел ішіндегі бірлікті одан әрі бекемдей түсуге берік негіз қалады. Бүгінде бұл заң еліміздегі ұлттық саясатты іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету мен мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындап отыр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2007, Астана, 2008. Б. 672

2 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995. – 30 тамыз. 10 Б.

3 Назарбаев Н.А. «Шынайы конституционализмсіз ашық өркениетті қоғам жоқ». //Қазақстан Республикасы Конституциясының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Жеті Жарғы, 1996. 14 Б.

### **ТУРКИ-МЕСХЕТИНЦЫ В ЭТНОПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ СОВРЕМЕННОСТИ**

ЕРЖАНОВ Е. А.

ст. преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Последствия распада Советского Союза изменили геополитическую ситуацию на постсоветском пространстве, вследствие чего наметилась тенденция к изменению этнических идентификационных критериев в массовом этнополитическом сознании населения. Неадекватность предыдущих социальных, статусных этатических идентификаторов новыми реалиями вызвала возрождение этнического сознания и этнокультурных традиций тюркоязычных народов, одновременно детерминируя поиск стержневых основ для устойчивости идентичностей. В этих условиях наиболее универсалистскими и интегрирующими идеями стали этнокультурное возрождение, как фактор реставрации и укрепления новых идентичностей, самосознание личности со своей этнической принадлежностью.

И в этом аспекте нам представляется одним из актуальных вопросов современности проблема родственных нам, тюркоязычного народа – турков – месхетинцев.

Историографическая панорама турков-месхетинцев демонстрируют удивительно скудный спектр исследовательских работ изучения истории и культуры этого народа. Учитывая ограниченные рамки исследования обратимся лишь к специальным работам: фундаментальные монографии изданные Академией Наук СССР Институтом этнографии имени Н. Миклухо-Маклая «Этнические процессы в современном мире» и «Современные этнические процессы в СССР» [См.:1]. Следовательно, в этих фундаментальных трудах ведущих советских ученых под общей редакцией академика Ю. В. Бромляя нет ни одной страницы посвященной этому народу. По-видимому, это объясняется как недооценкой роли этого народа в истории общества в советском и постсоветском пространстве, ибо на сегодняшний день нет комплексного научного исследования этой проблемы.

Однако было бы неверным утверждать, что этой проблемы, так или иначе не касались отдельные авторы, за исключением редких, фрагментарных ремарок общего характера об этносоциальных процессах в Грузии [2]. Следовательно, турки-месхетинцы — малоизученная этническая общность, в настоящее время переживающая процесс консолидации в самостоятельный этнос, отличный от анатолийских турок.

Вследствие этого, исходя из актуальности темы и степени ее изученности, мы поставили цель: сделать краткий, но емкий ретроспективный анализ данной проблемы.

Прежде всего, следует сделать дискурс этнического названия «турки-месхетинцы». Этноним «турки-месхетинцы» состоит из двух понятий «турк» - самоназвание, «месхетинцы» – географическая принадлежность, регион их расселения в южных и юго-западных районах Грузии, расположенных к югу от хребта Месхет-Джаваheti. Малого Кавказа.

Турки-месхетинцы относятся к огузской подгруппе тюркской группы алтайской языковой семьи, язык турецкий. Антропологический облик относится среднеземноморскому расовому типу белой расы, рослые, мужественные с гордой осанкой, красивой внешности люди. Религиозно-конфессиональная принадлежность – мусульманы-сунниты.

В концептуальном отношении о происхождении турков Месхетии в настоящее время существуют в основном две научные гипотезы: первая из них гласит, о грузинском происхождении этого этнического общества, что в результате военной агрессии XVI века Османской империей, захватившей земли Месхет-Джаваheti, Аджарию и Лазику население Месхетии было ассимилировано турками, исламизировано и утрачена их грузинская идентичность [3]; вторая гипотеза представляет данную этническую общность турецкой ирредентой, которая при проведении демаркации и делимитации государственных границ оказалась вне этнической территории.

Вследствие этого данная проблема переросла по существу в борьбу двух «фракций» в этнополитическом процессе месхетинских турок - «турецкой» и «грузинской», соответственно отражающих два взгляда на способы реэмиграции.

Хозяйственно-культурная типология – земледелие и мелкое скотоводство (в основном козы и овцы). В культурологическом аспекте традиционная культура месхетинских турков близка к анатолийским туркам, однако прослеживается синкретизм элементов турецкой и грузинской материальной и духовной культуры (например, в одежде: традиционная кавказская черкеска, папаха, кавказский обоюдосторонний кинжал, пища: близка к грузинской национальной кухне, жилище: на горных склонах преобладают каменные строения - сакли и некоторых элементах духовной культуры) [4].

Мы прекрасно знаем, что 30-50 годы прошедшего столетия ознаменовались депортацией целых народов на территорию Казахстана [См.:5]. Следовательно, сталинские репрессии и депортации народов СССР являются самыми кровавыми страницами истории нашей полиэтничной Родины. Репрессированы были человеческие позиции, политические взгляды, научные концепции, целые социальные слои общества и этносы. Казахстан, будучи в составе Советского Союза закономерно был втянут в этот исторический омут, оказался огромным лагерем для миллионов депортированных именно по этническому признаку. Все эти мероприятия проводимые «во имя блага народа» привели к надлому социально-экономической, этнокультурной платформы депортированных народов.

Сообразно с этим, попробуем проиллюстрировать сверхсложную, драматическую историю турков-месхетинцев.

Во-первых, это насильственная депортация из их этнической территории и, во-вторых, не менее трагическая судьба – ферганские события 1989 года.

Прежде всего, следует рассмотреть ту причинно-следственную цепь явлений и процессов, которые являлись исходной точкой социально-политических потрясений.

Итак, насильственная депортация. В ноябре 1944 года, Советское Правительство объявляет турков-месхетинцев, курдов, хемшинов, лазов как врагов советского народа и принимает решение о депортации их из территории Южной Грузии. Надо отметить, что в этот период месхетинские турки компактно населяли Адигенский, Ахалцихский, Аспиндзский, Ахалкалакский и Богдановский районы.

Как утверждают российские ученые, что «Сталин преследовал одну из стратегических целей, войну с Турцией. Именно по этой причине в ноябре 1944 года выселены турки-месхетинцы. Война с Турцией не разразилась, но татары Крыма и турки Месхетии были уже выселены «на всякий случай» и на радость тем русским, украинцам, грузинам и армянам, которые вселились в их дома. Так счастье, мир и жизнь людей бестрепетно приносились в жертву своим экспансионистским мечтаниям» [См.:6]. Турки-месхетинцы были депортированы на правах спецпереселенцев без изменения места жительства в Среднюю Азию и Казахстан, и по неуточненным данным составляло около 110-120 тысяч человек [7].

Конечно, было бы не справедливо не сказать о том, что турки-месхетинцы были призваны в действующую армию и участвовали во многих фронтах Великой Отечественной войны, которые в историческом аспекте, к сожалению не изучены.

- 3 Здравомыслов А.Г. Потребности. Интересы. Ценности. - М.: Политиздат, 1986.
- 4 Лебедев О.Е. Компетентностный подход в образовании. // Школьные технологии. - 2004.- №5. - с.3.
- 5 Наролина, В.И. Подготовка специалиста к межкультурной коммуникации [Текст] // Высшее образование в России. №1. 2009. - С. 124-128.
- 6 Процесс создания европейского образовательного пространства [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.rudn.ru/pagec=289>.
- 7 Свиридон, Р. А. Формирование межкультурной компетенции будущего специалиста в области мировой экономики средствами делового английского языка / Р.А. Свиридон / Сборник научных



трудоу II Международной летней школы для молодых исследователей «Инновационные образовательные технологии в преподавании иностранных языков». Томск, Изд-во ТГПУ, 2005. С. 72–84.

8 Сусоколов А.А. Структурные факторы самоорганизации этноса // Расы и народы. - Вып. 20. - М., 1990. С. 8.

9 Тажин М.М. Приветственное слово на IV Конгрессе социологов Казахстана // Социальная модернизация казахстанского общества: достижения, проблемы и перспективы: Материалы IV Конгресса социологов Казахстана. - Алматы, 2011. - 568 с. - С. 14-15.

10 Талызина Н.Ф. Природа индивидуальных различий. - М.: Просвещение, 1991. С. 13.

11 Тоффлер Э. Метаморфозы власти // www.gumer.info.ru

12 Тугжанов Е.Л. Политика межэтнической толерантности и общественного согласия в Республике Казахстан: политологический анализ. Автореф. на соискание уч. степени доктора полит. наук. по спец. 23.00.02. - Астана, 2010. - 44 с.

13 Шадже А.Ю. Роль этнического фактора в миротворческом процессе // Взаимодействие культур, возрождение традиций народной дипломатии - залог мира и согласия. - Майкоп: Изд-во РИПО «Адыгея», 2000. - С. 131-134.

14 Этнологический словарь / Под ред. Козлова В.И. и др. - М.: ВИТТАН, 1996.-с. 115.

## **САН ҰЛТТЫ БАУЫРЫНА БАСҚАН АУЫЛ**

**ИСМАЙЛОВ Б. Т.**

оқу ісінің меңгерушісі, №258 мектебі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

Тарихқа көз жүгіртсек, Қазақстан халқының көпұлттық құрамының қалыптасуы тым әріден басталса керек. Ресейден жер аударылғандар, екінші дүниежүзілік соғыс секілді түрлі оқиғалар алуан ұлттың бір жерде топтасуына әкелді әкелді. Орыс, ұйғыры бар, өзбек, шешен, татар, түрік, еврей секілді республиканың барлық аймағына орналасты. Тарихтың бетіне өшпестей із қалдырған мұндай зұлматты жылдарда Сыр өңірі де сырттан келген этностық топтарды құшақ жая қарсы алды.

Осындай қазақ халқының кеңпейілдігін, қонақжайлығын көрсетіп, ешқайсысын бөле жара қарамай, құшағына енген барлық

ұлтқа пана болған ауылдардың бірі Қармақшы ауданында қарасты III Интернационал ауылы. Бүгінде ауылда бір атаның баласындай болып 11 ұлттың өкілдері өмір сүруде. Бұлардың барлығы тату-тәтті. Ауылға кіргеннен ақ, береке мен бірліктің, татулық пен ынтымақтың бекем орныққанан аңғару қиын емес. Әңгімені әріден ауыл тарихынан бастасақ.

1937 жылдың қазан-қыркүйек айларында еліміздің Қиыр Шығысынан сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған корей халқы Қазақстанға көшірілді. Олардың бірсыпырасы Қармақшы ауданына келді. Бұларды ең алдымен аудан басшылары алдары қыс болғаннан соң жертөлелерге уақытша қоныстандырды. 1938 жылдың сәуір айынан бастап Қашқансу ауыл советіне қарасты жерге шағын екі артельді, яғни, 48 отбасын әкеліп орналастырады. Олар «Червоная земля» председатели Пак Ин Гван басқарған артель болса, екінші Цай Ден Хак жетекшілік еткен «III Интернационал» ауылы болатын. Үшінші ұйымдастырылған колхоз председатели Ким Тен Сем Бозарқаш ауыл советіне қарасты «Утренняя заря» колхозына орнығады.

Табиғатына еңбекқор болып келетін кәрістер жергілікті халықпен етене араласып кетеді. Бұл жерде олар қол қусырып қарап отырмай жер жыртып, егін еккен. Өңірді құтты мекенге айналдыруға күш салады. Сол уақытта аудан көлемінде барлығы 38 колхоз болған екен. Мұндағы қазақтар да келген жұртты бөтенсімей, олардың толық орнығуы үшін үй тұрғызып, мектеп салу жұмысын жүргізеді. Алғашқы жылы колхозда 48 үй, еңбекке жарамды 120 жұмысшы болған. 1940 жылы колхоз шаруашылығы едәуір нығаяды. Үй саны 84-ке жетіп, колхоз мүшелері көбейе түседі. Шаруалары дөңгеленіп, халық егін шаруашылығымен қатар, төрт түлік мал өсіруді қолға алады. Дәл осы жылы колхозда 150 бас ірі қара, 50 бас жылқы, 180 бас қой өсірілген екен. Осылайша, нәсібін қара жерден айырған тұрғындар Ұлы Отан соғысы жылдары да аянып қалмай «Тыл да майдан!» деген ұранмен еңбек етеді. Нәтижесінде соғыс басталған жылдың күзінде колхоз дихандары 215 гектарға егілген күріштен 3689 центнер өнім алады. Оның 2450 центнерін мемлекетке тапсырыпты.

1944 жылы Ұлы Отан соғысының нағыз қайнап тұрған ауыр кезінде Грузия Республикасындағы Месхетин таулы өңірінен түріктер Қазақстанға жер аударылады. Сол уақытта Қашқансу ауыл советіне тағы 28 отбасы келеді. Түрік ағайындарға да қолдан келгенше көмек беріледі. 1950 жылдары елде майда колхоздарды

ірілендіру жұмысы басталады. Осы кезде Қашқансу табанындағы шағын «Червоная заря», «III Интернационал» мен Бозарқаш маңындағы «Утренняя заря» колхозшылары өз еріктерімен біріктіріліп III Интернационал колхозы құрылды. Оған төраға болып Цай Ден Хак сайланды. Осылайша, бір-біріне деген жанашырлық, татулық пен қамқорлықты әріден бастау алған ауыл тұрғындарының бірлігі мұнан сайын жалғасын тауып, нығая түседі. Ауылдың тұрғындары ел алдында еңбектерімен ерлейді. Шежірелі тарихы бар, тірлік пен тіршіліктің берекесі кірген ауылды жарты ғасыр бойы Еңбек Ері Цай Ден Хак басқарып елдің бірлігін сақтап келген. Міне, содан бері қанша уақыт өтсе де, ауыл тұрғындарының шаруалары тұралап, татулықтарына сызат түскен емес. Мұндағы бірліктің тамыры тереңде қанат жайған. Ауылға келе қалсаңыз, ең алдымен ұлттар достығы әңгіме арқауы. Өйткені, еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін ұйысып отырған, берекелі ел екендіктерін жатқа айтады.

– Ауылда үш мыңға жуық халық бар. Оның 1343-і қазақтар, 910-ы түріктер, 23-і орыс болса, қырғыз-15, әзірбайжан-18, өзбек-9, татар-6, украин-5, беларус-5, чуваш-1. Біздің ауыл осындай ұлтаралық бірлігімен ерекшеленеді. Себебі, тұрғындардың өзара түсінушілігінің арқасында ауылда татулық дінгегі ажыраған емес. Қазіргі сәтте тілі басқа болғанмен, тірегі бір, жүзі басқа болғанмен жүректері бір болып кеткен бұлардың ауылымызда түтін түтетуі қазақ халқының қолы ашық, қонақжай екендігін білдіреді. Олардың бірін-бірі жат санамай тығыз қарам-қатынаста болуы, тіпті құда-жекжат болып араласуының өзі ауылымыздың көркін келтіргендей ауыл әкімі Бақытбек Байбарқов.

Расымен де бұл мекенде орыс пен көріс те, түрік пен қырғыз да, әзірбайжан мен өзбек те, татар мен украин да, беларус пен чуваш та қазақ халқымен біте қайнасып, аралас-құралас болып кеткен. Жылдар жылжыған сайын ауыл тұрғындарының бір-бірімен төс түйістірген құдандалы болуының өзі көпке үлгі болып, ауыл ажарын айшықтағандай. Қай ұлт өкілімен тілдессеңіз де, қазақ халқының тіліне шорқақтық танытпайды. Керісінше, мақалдап, астарлап сөйлегенде қала қазақтарын далада қалдырады. Татулықты басты мұрасы деп санайтын халықтың негізгі қағидасы ел бірлігіне негізделген.

– Елдің бұлай ұйысуы қуанарлық жай. Мұның бастауы Цай Ден Хак секілді белгілі тұлғаның салып кеткен жолы деп білемін. Осы жерді басқарған басшыларға қарасам олардың дені өзге ұлттардан

болған. Мәселен, Ким Петр, Ким Анатолий, Тен Роман, Васип Гейдаров секілді білікті басшылар туған жерді түлеткен азаматтар. Қазірдің өзінде ауылда 5 шаруа қожалығы жұмыс жасаса, оның ішінде «Достық Жер МК» ЖШС-ның директоры Милияр Арифов та осы ізді жалғастырып келеді. Сондай-ақ, ауылдық дәрігерлік амбулаторияның дәрігері Зулфия Муханбетова да өз ісінің маманы. Білім беру саласында да қазақ тілінде білім алып жатқан ұлттар аз емес. Оған қоса ауылдық мәдениет үйінің жанынан құрылған түрік «БААР» би ансамблі де түрлі шараларға қатысып, өнердің дамуына үлес қосуда, -деді Б. Байбарқов.

Қалай десек те, ынтымағы жарасқан III Интернационал ауылында бір-бірін ұлтқа бөлеп жүрген ешқайсысы жоқ. Керісінше, бір-бірлеріне құрметпен қарап, адамдақ пен адалдықты өскелең ұрпақтың бойына сіңіруде. Ауыл тұрғындары бұл қалпынан еш танбақ емес, қайта үлгі-өнеге етіп, ата-баба салтын кейінгі жастарға мұра етіп қалдырмақ. Осындай салт-дәстүрді берік ұстаған, бірлігі жарасқан ауылдар барда еліміздің келешегі кемел, түтіні тұзу болмақ.

Қазақстан халқы Ассамблеясы жүздеген ұлттың басын қосып, арман-тілегін бір арнаға тоғыстырғын толеранттылықтың өзге елде жоқ ерекше үлгісі. Аумалы-төкпелі заманда жерімізге қоныс тепкен түрлі этностардың тағдыры бүгінде қазақ елімен бір. Олардың бүгінгі күні бір ғана Отаны бар. Ол – елдігін биік ұстаған Қазақ елі.

Бүгінгі күні ел іргесін нығайту, халықтар бірлігін сақтау, бейбітшілік деген қасиетті ұғымды баянды ету жолындағы ауқымды шаралар мен нақты қадамдар Елбасы Н. Назарбаевтың көрген саясатының арқасында жүзеге асуда. Сондай іргелі де игі бастаманың бірі Президент Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы еді. 1995 жылы 1 наурызда Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган ретінде құрылған ұйымының ел тарихында аларорны зор.

Елбасы Н. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылына арналған Қазақстан халқының бірінші форумында жариялаған болатын. Десе де, 20 жылдың ішінде ҚХА қарқынды дамып, этносаралық қатынасты дамыту мен қоғамдық келісімінің нығаюы жолында ауқымды жұмыстар жасап, елеулі өзгерістерді бастан кешіріп келеді. Оның дамуы барысында этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімінің қазақстандық үлгісі қалыптасты. Сондай-ақ , Ассамблеясының институционалдық

құрылымы нығайып, қоғамды ұйыстырушы әлеуеті толысты, ол халық дипломатиясының маңызды күретамырына айналды. Оған қоса, еліміздегі барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстыра отырып, республикадағы тұрақтылықты сақтау мен ел дамуының мақсатына айтулы үлес қосып келеді. Қазіргі сәтте Ассамблеяның негізгі міндеттері болып этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету мен қоғамда этносаралық келісімді және толеранттылық одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау; халық бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негіз қалаушы құндылықтары мен бостандықтарына қысым жасауға бағытталған әрекеттерге қарсы тұруда мемлекеттік органдарға жәрдемдесу; азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениет қалыптастыру; Ассамблеяның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін этномәдениет және өзге де қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіруді қамтамасыз ету; Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін өркендету, сақтау және дамыту саналады.

Көпұлтты қазақ елі Ассамблеяны құру арқылы этностық немесе діни ерекшеліктеріне қарамастан барлық ұлттың мәдениеті мен тілдерін, олардың дәстүрлерінің дамуына қажетті жағдай жасауды. Жыл сайынға халықтық мерекелер Наурыз, 1 мамыр –Қазақстан халқының бірлігі, Масленица, Сабантой, Рождество мерекелерін бір халық болып тойлау Қазақстанда дәстүрге айналды. Себебі, өзгелерді өзектен теппей, өз бауырларынан кем көрмеген қазақ жұртының оларға деген құрметі ерекше. Осындай татулықтың негізінде елімізде барлық ұлт пен ұлыстың теңдігі, еркіндігі тұрақты сақталып отыр. Егер мемлекеттің қалыптасу кезеңінде басты міндет этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісім негізінде қоғамды ұйыстыру болса, ел дамуының жаңа кезеңінде Қазақстан бұл үдеден шыға білді. Мұның дәлелі ретінде 2010 жылы қабылданған азаматтық қоғам мен мемлекеттік институттардың, азаматтардың сындарлы ұсыныстарын жинақтаған Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасын айтуымызға болады. Соынмен қатар, 2008 жылы 20 қазанда қабылданған «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңы да ел ішіндегі бірлікті одан әрі бекемдей түсуге берік негіз қалады. Бүгінде бұл заң еліміздегі ұлттық саясатты іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету мен мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға

бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындап отыр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан за годы независимости. 1997-2007. (Статистический сборник), Астана, 2008. С.17.

2 Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2007, Астана, 2008. Б. 672.

3 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995. – 30 тамыз. 10 Б.

4 Мырзаев Б., Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер және дін саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері // «Дін және құқық» журналы №2 (10), Астана – 2009.

#### ҰМЫТЫЛЫП БАРА ЖАТҚАН МҰРА

КАИРГЕЛЬДИНОВА К. К.  
оқытушы, Павлодар медицина колледжі, Павлодар қ.  
СУЛАЙМОНОВА А. Н.  
210 тобының студенті, мамандығы «Медбикелік іс»,  
Павлодар медициналық колледжі, Павлодар қ.

Салт – дәстүр ұғымы өте тереңде жатады. Ол әр ұлтта халықтың білімі мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы. Қай ұлтты алып қарайтын болсақ та, салт-дәстүрі, наным-сенімі жоқ ұлттарды табалмас едік. Сондықтан да халықтарды даралап көрсететін белгі іспеттес. Мысалыға келтіретін болсақ әйгілі жазушы Элиот Т.С. салт-дәстүр тек қана ұрпақтан-ұрпаққа берілетін болса мұндай дәстүр тұрақсыз, оны әрі қарай дамытудың мағынасы жоқ. Салт-дәстүр мағынасын кеңінен қарау керек: оны тек жаттап алу емес, оны түсіну үшін көп еңбектену керек. Сондықтан әр елдің мәдениеті- бұл ақыл ойы, жан дүниесінің еңбегі. Салт-дәстүр мәдениеттің аралы, оның негізі, шығармашылық ізденіс-осы мәдениеттің шарттарының бірі. Жалпы адам мәдениеті тарихта өмір сүрген өзінің салт-дәстүрінің дамуына байланысты болып келеді деп айтқан болатын.

Біздің қазақ халқының ата-бабаларымыздың заманына бері жалғасып келе жатқан қаншама тәрбиелік мағынасы зор салт-дәстүрлеріміз бар. Сол дәстүрлеріміздің мән-мағынасын түсініп, өз

орнымен қолданса екен деймін. Осылай дейтін, себебім дәстүріміздің қолдану аясы тарылып бара жатыр, бұрынғыдай емес. Кейбір дәстүрлер ұмыт болып барады. Бұрында кең тараған «Ат тергеу», дәстүрін алып қарайтын болсақ, мағынасы өте тереңде жатыр. Бұл сыйластықтан туындаған ежелгі салт. Дәстүрді ұлтымыздың бойына ана сүтімен дарыған имандылық пен ибалылықтың, ілтифаттылық пен ізгіліктің айқын көрінісі деуге тұрарлық. Ат тергеу, ат қою – біздің халқымыздың адам сыйлау жөніндегі ізеттілік, кішіпейілдік қасиеттердің биік көрінісі. Өзінен үлкен адамның атын тура атау тәрбиесіздік, көргенсіздік болып табылады.

Қазақтың келіні өзі түскен шаңырақтың үлкен-кішісінің, яғни жолдасының туысқан-туғандарының атын тіке атамай құрметтеп, ізет көрсететін. Үлкенін сыйлап, кішісін еркелетіп шақыратын. Олар ат қойғанда үлкен адамдардың жасы мен жолына, туыстық жақындығына қарап «Атеке», «Төраға», «Үлкен аға», «Кенже аға» деп атаған, ал өзімен тұрғылас төтелес қайындарын кескін-келбеті мен мінез-құлығына сай «Мырза жігіт», «Кішкенем», «Сұңғақ бойлым» деп атаса, ал қайын-сіңлілерін «Еркем», «Үкілім», «Нәзігім», «Аппағым» деп еркелете атайтын болған. Мысалы Абайды жеңгелері еркелетіп «Телғара» деп атап кеткен.

Қазіргі таңда бұл дәстүр мүлде жойылды деп айта алмаймыз, тек қолдану аясы тарылуда. Басты себеп келіндердің шетелдерге електеуінде және дәстүрді жетік түсінбеуінде. Көп қазақ отбасыларына қарайтын болсақ, келіндері қайындары мен қайын сіңлілері бұлай тұрсын, қайын ағаларын аттарымен атап жүргендері өтірік емес. Егер жеңгелері еркелетіп шақыратын болса, жүрекке жылы, құлаққа жағымды естілетін еді.

Тағы бір ұмыт болып бара жатқан мұраларымыздың бірі – бесікке салу дәстүрі. Соңғы кездері жас аналар мен дәрігерлердің көбісінің ойы бір жерден шығып отыр. Олардың ойынша баланы бесікке бөлеу, бала денсаулығына зиян келтіреді деп түсінеді. Сондықтан да апаларымыз бен әжелеріміздің сәбилерін ақ бесікке бөлеп, бесік жырын айтып ұйықтатын заман баяғыда артта қалған. Соңғы 30 жыл ішінде, жас аналардың өмірін жеңілдететін неше құралдар мен заттар пайда болды. Бүгінгі балалы әйелдердің көбісі сәбилерін бесікке бөлесе де, дұрыс бөлеуді білмейді. Сөйтіп, халқымыздың көне замандардан бері аса қастерлеп келген, қасиетті де киелі бесік қазір қолданыстан шығып қалды деп есептеуге болады. Ал бесік болса баланың гигиеналық тазалығына да, денсаулығы мен дамуына да, тіпті

ананың психологиясына қолайлы. Жалпы бесіктің ұлтымыздың салт-дәстүрінде, тәлім-тәрбиесінде алатын орны ерекше. «Баланың өскен бесігі- кен дүниенің есегі» деп ата-бабамыз бекер айтқан жоқ. Соған қарамастан бүгінгі аналар бесікті қолданбайтыны өкінішті-ақ. Бұл жағдай салт-дәстүрімізді ата-бабаларымыздың қалдырған өнегесін сыйлауды қойғанымызды көрсетеді. Онсыз да қазіргі заманда батыс елдеріне еліктеп, өз рухани байлығымызды, ұлттық құндылықтарымызды жоғалтып барамыз.

Өз ойымды қортындылап кететін болсам, дәстүрдің дамуы мен болашаққа жеткізілуі ұрпақтар қолында деп ойлаймын. Жастар дәстүрімізді ұмытпас үшін жасы үлкендер жастарға салт-дәстүрдің мән-мағынасын түсіндіріп, орынымен қолданылуын қадағалулары шарт. Осындай жағдайда ғана дәстүріміз мәңгілік жалғаспақ.

## ӨНЕГЕСІ КӨПKE ОРТАҚ (ӨЗБЕК ХАЛҚЫ ТУРАЛЫ)

КАРТАЕВА С. Т.

физика пәні мұғалімі, №78 орта мектебі, Қызыорда облысы, Қазалы ауданы

Қазір Қазақстандағы Жүздеген ұлттың достығы «Бірлік басы береке» деген тәмсілдің дұрыстығын айғақтап тұр. Тәуелсіздіктің елең-алаңында Қазақстан ұлтаралық қақтығыстан аман шыққаны. Қайта ел іргесі бекіп, ортақ мақстан сан ұллы ұйыстырған достық дәнекеріне айналды. Еліміздегі жеті ірі этнос өкілдерінің бірі - өзбек ұлты. Кейбір мәдени ерекшеліктері болмаса, қазақ пен өзбектің тілі, діні, ділі бір деуге болады. Түркі халықтарының ішінде бір-бірінен ең соңғы болып ажырап, егемендік алған халықтар осы қазақ пен өзбек десек, артық айтпағанымыз болар. Өзбек ағайындылар өздерін қазақ халқының бір бөлшегіндейміз деп есептейтіні сондықтан. Тағы бір айта кетерлігі оған Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстандағы қоғамдық келісім, ең алдымен қазақтың келісімі. Татулық пен тұрақтылық ел иесі ретінде, ең алдымен қазаққа керек. Қазақ жері 100-ден астам этносты біріктірді. Әрине, осы этностық әр алуандылықтың бәрі бір тұтас ұлтқа айналуы үшін жақсы іргетас қызметін атқарып отыр» деген ұлағатты сөзі де дәлел бола алады.

Бүгінде өзбек ұлтының басым бөлігі Оңтүстік Қазақстанды мекендеуде. Өзбек ағайындылар Жер-анаға біртабан жақын, еңбекқорлығы, салт-дәстүрі, ас мәзірлеу мәдениеті және

қонақжайлылығымен ерекше бағаланады. Және де бізге етене жақын. Сол себепті де түбі бір түркі халықтары болғандықтан салт-дәстүрі мен мәдениеті, әдет-ғұрпы ұқсас келеді.

Басынан айтар болсақ, бәрі де сыйластықтан, құрмет білдіруден басталатыны белгілі. Олар сәлемдесуден басталатыны белгілі. Олар сәлемдесудің жақсы үлгісін қалыптастырған. Кішкентай баладан бастап, еңкейген қартқа дейін бір-бірімен «Ассаламалейкум» деп амандасады. Хал-жағдайын сұрап, амандық білісіп, ізеттілік көрсетеді. Үлкенге құрмет көрсету үлкен іске баланады. Мәселен, Оңтүстікте тұратын өзбектердің тыныс – тіршілігі бізге жақын таныс. Олар балаларын ерте жастан бастап еңбекке баулиды. Еңбексүйгіш халық өз беттерінше ізденіп, шағын кәсібін ашып, аз уақыт ішінде дөңгелентіп алады. Осы бейімділік пен еңбексүйгіш қабілеттерінің арқасында кез келген істің көзін таба біледі. Сондықтар оларды еңбекке жақын халық деп атайды. Қарап отырсақ, шашгараз, асхана, сұлулық салондары, сауда орындары секілді бір қарағанда қарапайым кәсіп болғанымен үлкен еңбекті талап ететін салаларды меңгеріп алған.

Тағы бір айта кетерлігі, бұл халықтың тойы ерекше тойланады. Қонақжай бауырларымыз қашанда мейрамына дастарханын мол жайған. Бір қызығы онда ерлер мен әйелдері бөлек билеп, өз ортасын құрады. Қызға құда түсу салты жасалып, екі жасты үйлендіреді. Қазақта отыз күн ойын, қырық күн тойын деген сөз бар болса, бұл теңеу өзбек халқына да айтылған деуге болады. Өзбек ұлты да барын тойға шашады.

Дініне берік, тіліне бекем бауырлар ұлттық құндылықтарын сақтап, кейінгі ұрпаққа қалпын бұзбай жалғастырып келеді. Ислам дінін дәстүрімен қалыптастырып, салтымен сабақтастырып отыр. Олар өзіміздің мұсылман бауырымыз.

«Қызың бойжетсе ұзатуға асық» деген қазақы ұғым бұл ұлтта да берік сақталған. Мектеп бітірген қызды мамандық алумен қатар отбасын құруды алдыңғы қатарға қояды. Нәресте өмір есігін ашқанда жасалатын ырымдар да бала болашағымен тікелей байланыстырады. Әсіресе, бала өмірге келгенде оны қырық бір күн ешкімге көрсетпейді екен. Тек сол күн толған кеште ғана жақын туыстарын шақырып, нәрестені бесікке алғаш салып, ырымын жасайды. Жаңа туған баланы бірден бесікке салу, бала өміріне зиян әкеледі деп ұғынған. Себебі бесік шайқалғанда балаға ауыртпашылық болады деп есептелген. Сондықтан қырық бір күннен кейін ғана бесікке бөлеген. Бала ержеткенше ата-әжесінің тәрбиесінде болады.

Сонымен қатар түркі елдеріне ортақ ең үлкен мейрам Наурыз мерекесіне де үлкен дайындық жасайды. Белгілі ұлттық тағамдарын дайындайды. Ұлттық киімдерін киіп, мерекені жоғары деңгейде атап етеді. Ұлттық қолөнер бұйымдары крмесін, би, ән шырқап, татулыққа бірлікке шақыратын жылы лебіздерін білдірді. Мәселен, мейрамда халванын 8 түрін, «Сумаләк» секілді дәмдерін дастарханға қояды. Бізде Наурыз мерекесінде «Наурыз көже» жасасақ, өзбектер «Сумаләкті» ерекше әсермен жасап шығарады. «Тату елге тыныштық пен татулық нәсіп» деп Күлетін бабамыз айтқанда, біздің берекеміз бірлік пен ынтымақ, татулықта екені айдан анық. Осы тұста айта кетерлігі, облыстағы өзбек мәдени орталығы өкілдері өңіріміздегі өтіп жатқан шараларға белсене араласып келеді. Ұйымдастырылған шаралар барысында ұлтаралық келісімді нығайту, бірлік пен татулық идеялары мен патриотизмді насихаттауға үлкен мән берілген. Сонымен қатар олар өзінің ділін, ана тілі мен мәдениетін жатқызады. Сондай-ақ облыстағы өзбек мәдени орталығы белсенді іс-әрекеттерімен ерекшеленеді. Олар түрлі қоғамдық маңызы бар шараларды да жиі ұйымдастырып отырады. Тақарыптық кештер, ардагерлерді құрметтеу, ұрпақтар кездесуі, фестивальдар, мемлекеттік және ұлттық мерекелерді кең көлемде атап өтеді. Түрлі ұйымдармен, жастармен етене араласып, тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасап келеді.

Бірлігі жарасқан елдің керегісі берік. Мемлекетімізді үлкен бір отбасы деп алсақ, онда сан ұлтты біріктіріп, бір атаның баласындай ынтымағы мен татулығы жарасқан ағайындылар өмір сүруде. Өзбек ұлты да қазақтың бір бауыры. Елдегі жүздеген ұлттардың татулығы ұйысқан хәм ынтымағы мен бірлігі жарасым таба берсін.

Халықтың саулығы – отбасының беріктігін, ал берік отбасы – мемлекеттің күшеюіне ықпал етеді. Өзбектердің мемлекеттік саяси ұстанымы осындай қағидаға негізделеді. Мемлекеттің негізін құрайтын әрбір азамат дүниеге шыр етіп келген сәттен бастап, салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүрді отбасында меңгеріп өсуге тиіс. Сондықтан әрбір өзбек азаматы отбасының бұлжымас өзіндік заңдылықтары қатаң сақталып, атадан балаға жалғасып, ұлттық тәрбиенің желісі үзілмеуіне үлкен мән береді.

Өзбек отбасындағы тәрбие берудің қайнар көзі махалладан басталады. Махалла – бір аймақта ағайын-туыстың бірімен бірі етене жақын араласып, көршілес өмір сүретін жері. Өзбектер көне дәстүр, салт, ғұрпын осы күнге дейін сақтап қалған ұлт саналады. Көптеген ұлттар бұрынғы дәстүрлерін жанартып, қазіргі заманға сай

өзгертуге кіріскені мәлім. Ал бұл мәселеде өзекеңдер керісінше, ата-бабасынан қалған ескі дүниелерді қастерлеп, болашақ ұлт санасына сіңіруге көп көңіл бөлген. Дүниеге келген сәтінен бастап баланың бесігін ана тіліндегі тарихи-эпикалық жырлармен тербететін ата-анасы баласының нағыз өзбек азаматы болғанын қалайды. Сондай-ақ отбасының өзге мүшелері де “өзбек баласы өзбекше тәрбиеленуге тиіс” деген ұстанымды сақтайды. Махаллада тұратын барлық адамның өзіне бауыр екенін сәби шағынан біліп өсетін бала кейін осы қауыммен бірге болудың мән-мағынасын түсінеді. Қайғыда да, қуанышта да махалла тұрғындары бірге болады. Егер бір тұрғын көшеге ағаш отырғызса, міндетті түрде өзгелері де бұл игі істі әрі қарай жалғастырып, қайталайды. Махалладағы барлық мәселені көпті көрген ақсақалдар ақылдасып шешеді. Үлкендердің айтқанын жастары бұлжытпай орындауға міндетті. Үлкен мен кішінің арасындағы айырмашылық пен сыйластықты сақтау – өзбек халқының ең басты парыздарының бірі саналады. Міне, осындай ортада өскен бала күні ертең айналасынан көргенін қайталап, жасы үлкендердің ісін өнеге тұтары анық.

Өзбек отбасында бір-екі баламен шектелу деген түсінік бұған дейін де болмаған. Қазір де жоқ. Үбірлі-шүбірлі, көпбалалы отбасындағы береке-бірлікті айтпағанда, олардың ерекше бауырмал болып өсуіне осындай көпшілік орта әсерін тигізеді. Бұған махалладағы өзге туыстарды қосыңыз, сонда өзбек жұртының бір-бірін қорғап, қолпаштау сырын түсінесіз.

Бұл елде үйленген жас-жұбайлар ата-анасының шаңырағынан ұзап кетпейді. Үлкен әулінің бір шетінен үй салып, туыстарымен жақын қоныстанады. Өзбек отбасындағы басты құндылықтардың бірі – баланың ата-анасына деген шексіз құрметі. Бұл елде ата-анасының разылығын алмай, тіпті некесін қидыруға да рұқсат жоқ. Өзбекстанда көрі әке-шешесін қараусыз тастау немесе қарттар үйіне өткізу сияқты жағдайлардың сирек кездесетіні содан болса керек.

Есін білгелі әке-шешесінің өзара қарым-қатынасын бойына сіңіретін өзбек баласы өсе келе сол тәрбие-тәртіпті өз шаңырағында жалғастырады. Өздерін ер – азаматтан бір саты төмен ұстайтын өзбек қыздары күйеуін ерекше құрметтеуді анасынан үйренеді. Ерінің бетінен алу, дауыс көтеріп “сен” деп сөйлеу, күйеуінің атын атап шақыру, ашық-шашық киіну, өзге еркекпен той-томалақта қатар отыру – өзбек әйелдеріне жат дүние. Күйеуін әркез “сіз” деп тіл қататын олар ешқашан ер-азаматтың алдын кесіп өтпеді отбасындағы анасынан үйренеді. Осылардың бәрі бұл халықтың

шынайы ұлттық болмысы саналады. Ата-анасы мен айналасынан көріп өскен тәлім-тәрбиенің мұртын бұзбай сақтау өзбек баласына сәби шағынан бастап жүктеледі.

Қимыл-қозғалыс арқылы бала физиологиялық жағынан ғана емес, психологиялық тұрғыдан да дамиды. Үлкендерге көмектесу, бау-бақшаны күтіп-баптау сияқты ұсақ шаруаларға өзбек баласы 3-4 жасынан бастап-ақ икемделеді. Күннен бұрын ұйқыдан оянтатын өзбектердің еңбекқорлығы сонау бала кезінен қанға сіңген қасиет екені даусыз. Сонымен қатар ата-әже, әке-шеше – бала тәрбиесіндегі ең жауапты тұлғалар. Махалла баласы балабақшаға бармайтыны да содан болса керек. Мектептің бастауыш сыныптарында тек өзбек тілінде білім алатын оқушылары жоғары сыныпта да ана тілінде тереңдетіліп оқытылатын сабақтарды оқиды.

Өзбек әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Ғафур Ғулямның “қоғамдағы нағыз азаматтың қалыптасуы ең алдымен отбасындағы тәрбиеден басталады” деген сөздері бар. Ол сондай-ақ, баланың білім алуы мен тәрбиесін ғасырларға жалғасқан ата салтымен ұштастыруды, халықтық педагогикамен байланыстыруды келешектің мызғымас іргетасы деп бағалаған. Халықтық педагогиканың түп тамыры саналатын махалла – күні бүгінге дейін өсіп келе жатқан жас ұрпақ үшін таптырмас тәрбие бесігі болып табылады. Бір атадан тараған туыстардың бір аймақта мекен етіп, тығыз байланыста болуы қоғамдық күрделі проблемаларды шешуде де рөлі зор. Өз баласының қандай болғанын қалайтын әрбір ата-ана өздері сондай үлгі көрсетуге тиіс. Осындай түсінікке құрылған өзбектердің тәрбиесіне тәнті болуға да, үлгі тұтуға да тұрарлық.

Өзбектер ұлттық тәрбиесін, тілін, ділін, дінін, рухани құндылықтарын, тарихи жәдігерлерін кешегі кеңес дәуірінде де жоғалтпай, шетін бұзбай сақтаған халық. Сол кезеңнің өзінде Өзбекстаннан баратын делегаттар компартияның Мәскеудегі жиындарына ала тақиясы мен шапанын киіп барып, өзбек тілінде баяндама жасаған. Осыдан-ақ олардың ұлттық рухының мықтылығын мойындайсыз. 15 республика тәуелсіздігін алып, егемен ел атанғанда, тілі, салт-санасы таза сақталған мемлекеттің бірі Өзбекстан болды. Осының өзі бұл халықтың ерекше қасиетін айқындап тұрса керек.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2007, Астана, 2008. Б. 672

2 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995. – 30 тамыз. 10 Б.

3 Назарбаев Н.А. «Шынайы конституционализмсіз ашық өркениетті қоғам жоқ». // Қазақстан Республикасы Конституциясының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Жеті Жарғы, 1996. 14 Б.

## БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҒЫМЫЗ – ЕЛ БІРЛІГІ

ҚЫРЫКБАЕВА А. О.

ағылшын тілі пәні мұғалімі, № 266 мектеп- лицейі, Қызылорда облысы,  
Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті

Өмір- өзен, өз кезегімен жылжып тағы бір жыл артта қалды. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бұл жылды Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияланғаны белгілі. Айтулы жыл мызғымас бірлігі мен бұлжымас татулығын ту еткен еліміздегі ең белді институттардың бірі – Қазақстанхалқы Ассамблеясының құрылғанына 20 жыл толуына тұспа – тұс келип отыр.

Ассамблея жылы қатардағы көп мерейтойлардың бірі емес. Бұл – Елбасы айтқандай, той тойлайтын жыл емес, ой ойлайтын жыл. Себебі, елдегі бейбітшілік пен келісімді, тұрақтылық пен татулықты сақтап, дамытудың бірегей тетігіне айналған Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің өшпес құндылығы.

Тәуелсіздікке тірек болған ең басты тұтқа- Ел бірлігі. Қоғамды біртұтас ағаға баласак. Оған қан жүгіртетін алуан түрлі қантамырлар барлық салаларды біріктіріп, бөрінің жолын бір арнаға тоғыстырып, бір ағысқа бағыттайтын бір жүрек бар. Ол жүректің аты- Ел бірлігі.

1995 жыл- тәуелсіздігін дүйім дүниеге паш етіп, өзін егімен ел ретінде жариялағанына бірнеше жыл ғана болған Қазақстанның құлдыраған эканомикасының ауған жүгін түзету жолындағы арпалыспен қатар шегарасын шегендеп, мемлекеттілігін нығайтып, ешкімге ұқсамайтын, ешкімді қайталамайтын бірегей Қазақстан жолын салуға кіріскен кезі болатын. Сол жылы көктемнің алғашқы күзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы Жарлыққа қол қойды.

Қазақстан халық Ассамблеясының мақсаты- республикадағы оқиғаларға баға беру және саяси жағдайларға болжам жасау негізінде қоғамдағы ынтымақтастықты қамтамасыз ететін іс- тәжірибелік ұсыныстар жасау, ҚР Президентінің республика азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қоғау кепілі ретіндегі қызметіне атсалысу. Ассмблея мәдени- ағартушылық, атап айтқанда, тілдер мен ұлттық мәдениеттерді, ұлтаралық қатынастарды қадағалау негізінде ұлтпалық татулық пен келісімді нығайту, Қазақстанды меке еткен ұлт өкілдері арасында достық қарым қатынастардың дамуына негіз болатын мемлекеттік саясат жүргізу жөнінде ұсыныстар дайындау ісімен айналысады.

Ассамблея мемлекет жүзеге асырып отырған ұлттық саясатта сан алуан ұлт мүдделерінің ескерілуін қамтамасыз ету, қоғамдағы ексдескен әлеуметтік қиыншылықтар, қиыншылықтарды шешу жолында, сондай-ақ қоғамдық пікірді қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстарды дайындайды.

Ұлтаралық келісімге жетуде тіл саясаты жетекші рол атқарады. Қазақстан тәуелсіздік алғанан бері қаладағы қазақ мектептерінің саны 33-ке дейінкөбейіп, ұйғыр тіліндегі мектептер ашылды және мектептерде неміс, татар, поляк тілдері оқытылатын болды.

Қазақстан топырағында тұрып жатқан басқахалықтардың тілдерінде кітаптар мен газеттер шығарылады.

Тәуелсіздік алысымен мемлекеттің саяси бағытын- ұлтаралық келісім мен татулықты сақтауға негізделген Елбасының сындарлы саясатына көп ұлтты Қазақстан халқының қолду білдіруі мен өзара түсіністіктің арқасында әлем жұртшылығына кең танымал тұғырлы мемлекетке айналдық.

Біздің қол жеткізген жеңісіміз- ұлтаралық татулық. Бізді, Қазақстандықтарды, жппы ұлттық идея, Қазақстан халықтарының идеясы берік топтастырады. Сол идея арқылы бейбіт жағдайда гүлденген өмірге жететін боламыз. Халықтар арасындағы достық нығыз қасиетті қазына болуы тиіс.

Ассамблеяның қызметі ұлтаралық келісім мен елдегі тұрақтылықты сақтауға ықпалдасу, барлық ұлттық топтардың өкілдері арасында достық қарым қатынасты дамытатын мемлекеттік саясат жүргізу жөнінде ұсыныстар жасау, олардың рухани- мәдени жаңаруына және тендік негізінде дамуына жәрдемдесуі, өркениетті және демократиялық нормаларға сүйенетін азаматтардың саяси мәдениетін қалыптастыру.

Бүгінде Ассамблея арнаулы Заңмен айқындалған жаңа құқықтық мәртебенің аясында жұмыс істейді. Ол ұйымдық тұрғыда әлдеқайда күшейтілді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмыс тәжірибесі шетелде кеңінен белгілі. Бұл тәжірибені АҚШ-та, Қытайда, Ресейде, Францияда, Ұлыбританияда және басқа елдерде зерттеу үстінде. Тұтастай алғанда, Қазақстан халқы Ассамблеясы- таза қазақстандық саяси жаңашылдықтың нәтижесінде қалыптасқан өзіндік бірегей институт. Ол этносаралық келісімнің басты тетігі ретінде ел тарихында маңызды рол атқарады және атқарып келеді. Бүгінде біздің Ассамблея көмелеттік кезеңге аяқ басты. Біз оның қызметі жаңа жүйелік қасиеттер дарытуға тиіс шепке келіп жеттік. Барлық қазақстандықтар өзінің этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан, Конституцияда көрсетілген азаматтық құқықтар мен бостандықтарға ие болып табылады. Мемлекет әрбір қазақстандық этностың өзіндік ғұрпын, тілі мен мәдениетін жаңғырту және сақтауға ықпал етеді.

Мемлекет басшысымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы мәдениетаралық және этносаралық үнқатысудың ерекше тетігіне, халықтық дипломатияның, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс- әрекетінің нақты құралына айналады.

Біз Қазақстанда тұратын барлық этнос өкілдері, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың күшті және өркендеген Қазақстанды құруға, қазақстандық қоғамды ұйымдастыруға бағытталған саясатын толықтай қолдаймыз.

Ассамблея институты азаматтық қоғамның ең дамыған салаларының біріне және қоғамдық бірлестіктер мен мемлекеттің өзара әрекеттестігіне қажетті басты сұхбаттастық алаңға айналды. Қазақстанда 820 этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Ассамблея мен этномәдени бірлестіктердің активі 67 мыңнан астам адамды қамтиды. Ассамблеяның жанына құрылған Отбасында толеранттық тәрбие беру жөніндегі Аналар кеңесі еліміздің ең басты құндылықтары- татулық пен тұрақтылықты ұрпақ жадына сіңірудің тиімді тетігі ретінде өз жұмысын бастады.

Қазақстан халқы Ассамблеяның қызметі мен мемлекеттік Ел бірлігі саясатын насихаттау тұрғысынан жүйелі ақпараттық жұмыс жолға қойылды. Ассамблея қабырғасында еліміздегі маңызды оқиғалар мен іс- шараларға байланысты 40-тан астам медиажоспар жасасып, жүзеге асырылады. Ассамблеяның ақпараттық әуелеті де өте маңызды. Әлемнің 47 мемлекетіне таралатын « Достық – Дружба»

журналы, 4 телеарнада тұрақты түрде шығатын 5 телебағдарлама, 9 республикалық басылымдағы 22 тұрақты айдар – осының барлығы қоғамдық келісім мен бейбітшілікті насихаттаудың қуатты құралы. Ассамблея жанынан құрылған этносаралық қатынастар мәселелері жөніндегі журналистер мен сарапшылар клубы да ортақ іске өз үлестерін қосуда.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев жақында бірінші бесжылдығының қорытындысы шығарылған Үдемелі индустриялық- инновациялық даму бағдарламасының табысты жүзеге асуына Ассамблеяның қосар үлесі зор екенін атап өтті. Елбасы « табыстың кілті- бірлік » екенін атап өтті. Яғни, еліміздің өркендеп дамуы жолында жасалып жатқан қыруар еңбек Ел бірлігімен үндескенде ғана баянды болатынын әрбір азамат жадына тоқуы қажет.

Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымында, Біріккен Ұлттар Ұйымында жасалған бейбітшіліктің Қазақстандық моделінің арнайы беташарлары халықаралық сарапшылар тарапынан жоғары бағаға ие болды. Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлесі Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына мүше 56 мемлекеттің тіліне аударылып, Қазақстанның барлық елдердегі елшіліктеріне таратылды. Қоғамдық келісімнің Қазақстандық моделін зерттеу үшін Ассамблеяға әлемнің 15 мемлекетінен, атап айтқанда, Болгария, Ұлыбритания, Германия, Франция, Испания, Италия, Қытай, Малайзия, АҚШ, Ресей, Түркия, Украина және Армения елдерінен шетелдік сарапшылар мен ғалымдар дипломаттар мен журналистер 60-тан астам рет өтініш білдірді. Ассамблея Ел бірлігінің жарқын жетістіктерін әлемге паш етудің тағы бір тамаша алаңы ретінде ЭКСПО – 2017 көрмесін пайдалануды көздейді. Ол үшін ЭКСПО көрмесін өткізу шараларының аясында Қазақстандағы этномәдени бірлестіктердің жетістіктерін көрсетудің арнайы тұжырымдамасы дайындалды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев: « Біздің баға жетпес байлығымыз- бірлігіміз. Татулық – тұрақтылықтың ең басты тұғыры. Ал тұрақтылық- ұдайы дамудың бірден бір кепілі », деп қоғамдық келісім бақуатты тұрмысқа апаатын баламасыз жол екенін айта отырып, елдегі бейбітшіліктің барлық мүдделерден биік екенін барша халыққа жете ұғындырған еді. Содан бері елін ерен биіктерге бастаған Елбасы азаматтардың санасына түбегейлі төңкеріс жасады. Тәуелсіз Қазақ елін өз қолдарымен құрған бүгінгі буынды ғана емес, осы



тәуелсіздікті ғасырлар бойы аңсап, армандаған, арман жолында аянбай арпалысқан, ақыры азаттық атты аялы арманын қанымызға сіңіріп, жадымызға түйіп бізге аманаттаған батыр бабаларды және жасампаз елдің жарқын істерін лайықты жалғастыратын, ұлы бастамаларды ұрпақ сабақтастығымен мыңжылдықтарға ұластыратын болашақ Қазақстандықтарды, яғни кешені бүгінмен және ертеңмен біріктіріп- « Мәңгілік Ел » ұлттық идеясына ұштастырады.

Уақыт өлшемі бір оқиғаға тұтас ғасырды, бір кезеңге тұтас дәуірді сыйғызардай сығымдалған қазіргі Мәңгілік Ел болуды мақсат еткен Қазақ елі- бүгінгі мен ертеңі ғана емес, көз жетпес көкжиектен арғысын ойлаған ел. Ешқашан мызғымайтын тұғыры мықты, ешқашан үзілмейтін ғұмыры ұзақ Мәңгілік Еліміздің кемел келешегі үшін атқарылып жатқан қыруар шаруа мен жасалып жатқан ұшы – қиырсыз еңбекті баянды ететін бір ғана ұйытқы- Ел бірлігі. Бірлік болмаса, қандай қуатты империяның да күлі көкке ұшатынын тағылымы мол тарих талай мәрте адамзат баласына көрсеткен. Сондықтан, ешбір байлықпен салыстару мүмкін емес, құн жетпес қазынамыз – бірлігімізді сақтай отырып, Елбасы айқындап берген « Нұрлы Жолмен » келешекке нық қадам басып көзделген биік мақсаттарға сеніммен қол созамыз.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – барын да, нарын да салып, ұлттық ынтымырақастық пен ұлтаралық келісімнің сақталуына аянбай үлес қосатын ұйым. Қосып та келеді, қоса да береді. Өйткені Қазақстан – баршамыздың ортақ үйіміз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Дала мен қала. Газеті 2007жыл 28 қыркүйек
- 2 Егемен Қазақстан газеті 2010 жыл 16 наурыз
- 3 Дала мен қала газеті 2008 жыл 30 қазан
- 4 Жас қазақ газеті 2006 жыл 27.10-02.11
- 5 Егемен Қазақстан. 2015 жыл 1 қаңтар

## ЖАҢА ӘЛЕМДЕГІ ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ

ТӘЖІБЕК А. Ә.  
бастауыш сынып мұғалімі, №204 мектебі,  
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін еліміздің алдына жаңа мемлекеттілік жүйесін қалыптастыру мәселесі қойылды. Осы орайда құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам құру, ұлт және ұлттық идея, этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынас мәселелері өзекті зерттеу тақырыптарына айналды. Өйткені Қазақстан сияқты полиэтникалық мемлекетте аталған мәселелерді біржақты шешу мүмкін емес.

Көпұлтты Қазақстан үшін әсіресе ұлтаралық келісім мен татулық мәселелері ең маңызды саяси ұстаным болып табылатындығы бүгінгі күні дәлелдеуді қажет етпейтін факт. Тәуелсіз Қазақстанның ішкі саясатының негізгі басымдықтарының бірі, бұл- елімізде саяси тұрақтылықты мақсатты түрде сақтау және оны одан ары нығайта түсу.

Бүгінгі күні Қазақстанның 140-қа жуық этнос өкілдерінен тұратын 15 миллионнан астам халқы бар. Қазақстанның этникалық құрамы белгілі бір уақыттарда әр түрлі себептерге байланысты айтарлықтай өзгеріске ұшырап отырғандығы мәлім. Мәселен, 1990-жылдары посткеңестік мемлекеттерде миграция процесі өте күшті болды. Өйткені КСРО құлаған соңғы уақытта бұрынғы Одақ құрамында болған республикадағы басқа ұлт өкілдері өздерінің этникалық Отанына қайтуға мүдделі болды, әрі соған мүмкіндік алды. Мұндай жағдай көпұлтты Қазақстанда да айрықша байқалды. Мәселен, 1991 жылы республикаға сырттан 170 787, оның ішінде ТМД елдерінен 161 738, ал ТМД-дан басқа мемлекеттерден 9 049 адам келсе, 228 437 адам, оның 150 731-і ТМД-ға, 77 692 адам ТМД-дан басқа елдерге кеткен болатын.

Әсіресе, 1994 жылғы миграциялық тасқын Қазақстан демографиялық құрылымында ерекше көрініс берді. Көрсетілген жылы 70 398 адам елге келсе, олардың 63 863-і ТМД-дан, ал 6 526-ы ТМД-дан өзге елдерден болды, өзге елдерден кеткендердің санын 477 068 адам құрады, оның 372 053-і ТМД-ға, 105 015 адам бұдан басқа мемлекеттерге кетті[1]. Осылайша басқа этнос өкілдерінің Отанына қайтуы, сол сияқты шет жерлердегі қазақтардың елге келуі республиканың этникалық құрамының өзгеруіне тікелей ықпал етті.

1999 санақ мәліметтері бойынша, еліміздің тұрғындар санының 53,30 % -ын жергілікті ұлт өкілдері-қазақтар, 30, 02%-ын орыстар, 2, 47% -ын өзбектер, 3, 68% -ын украиндар, 1, 41%-ын ұйғырлар, 1, 67% -ын татарлар, 2, 38 %-ын немістер, 5, 07%-ын басқа этностар құрайды. Сондай-ақ, кейінгі кезде республикада реэмигранттар саны да артып келеді. Мәселен, 2007 жылы республикаға 42 246 орыс, 1 663 өзбек, 5 594 украин, 2 770 ұйғыр, 3 145 татар, 3 256 неміс, 11 012 басқа ұлт өкілдері қайта келген [2].

Мұндай жағдайды бірнеше себептермен түсіндіруге болады. Біріншіден, Қазақстанда ұзақ уақыт бойы басқа ұлт өкілдерінің бірнеше ұрпағы қалыптасқан, яғни жақын туыстық байланыстың орнығуы.

Екіншіден, республикадағы өзге этнос өкілдерінің саяси құқығы мен бостандығы толығымен Қазақстан Республикасы Конституциясында заңды түрде бекітілген. Атап айтқанда бұл Бас құжатта: «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең; тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды (14-бап)». Сондай-ақ, «әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін тандап алуға құқығы бар» (19 бап 2 бөлімшесі) [3].

Үшіншіден, қазіргі кезде Қазақстан саяси тұрақты және экономикасы қарқынды дамып келе жатқан мемлекет, бұл қазақстандық басқа ұлт өкілдерінің елімізде қолайлы өмір сүрулеріне барлық жағдайды жасайды. Сондықтан Қазақстан бүгінгі күні тек қана полиэтникалық мемлекеттердің бірі ғана емес, ең бастысы-тағдыры қазақ халқы тарихымен тығыз байланысқан басқа ұлт өкілдері үшін туған Отанына айналды. Ендеше осындай жағдайда қазіргі күні бірыңғай қазақстандық азаматтық қоғам қалыптастыру мәселесінің туындауы заңды деп айтуға болады. Өйткені көпұлтты республика тұрғындары өздерін Қазақстан азаматы деп қабылдауы аса қажет, өйткені бұл мемлекеттің тәуелсіздігін баянды етудің басты кепілі.

Осы мәселеде Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың рөлі өте зор. Өйткені Елбасы «қазақстандық ұлт» қалыптастырудың негізгі бастамашысы және оны жүзеге асырудың нақты жолдарын айқындаушы тұлға болып табылады. Әрине бұл мәселе қысқа уақыттың ішінде және оңай шешілетін

мәселе еместігі айдан анық. Сондықтан Елбасы бастамасымен бұл мәселе бірнеше кезеңдер бойынша жан-жақты қарастырыла отырып, жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, 1996 жылы сәуірде өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының III сессиясында Елбасы республикада азаматтық ортақтық құру мәселесін көтерген болатын. Ал 1997 жылы маусымдағы ҚХА IV сессиясында Президентпен жаңа қазақстандық азаматтықты қалыптастыру ең маңызды саяси мәселелердің бірі ретінде аталып көрсетілген еді. ҚХА VІІ сессиясында «қазақстандықтар қалыптастыру», ал кейінгі жылдары бәсекеге қабілетті қазақстандық ұлт қалыптастыру мәселесі қойылуда.

«Қазақстандық ұлт» терминін этникалық жағынан емес, азаматтық тұрғыдан түсіну қажет. Мәселе еліміздің бір азаматтық ортақтығы турасында,- деген Елбасының айтқаны бұл мәселеде ешқандай түсіндіруді қажет етпейді. Десек те бұл арада бір-ақ мәселені ерекше атап өту қажет, бұл «қазақстандық ұлт» тек қана қазақ ұлты негізінде қалыптаса алады.

Негізінен алғанда, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялағаннан бергі уақытта құқықтық мемлекет құру, қоғам өмірінің экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістер енгізу, нарықтық экономиканы, көппартиялық жүйені қалыптастыру, қоғамдағы көптеген демократиялық және құқықтық институттарды нығайту салаларында елеулі нәтижеге жетті.

Қазақстанда ұлттық саяси-құқықтық жүйені негіздеудің ерекше үдерісі 1990 жылдың басынан басталды. Ең алғаш заңдық негізде «құқықтық мемлекет» термині - 1993 жылы қабылданған Конституцияның кіріспе бөлімінде тәуелсіз мемлекетті негіздеу мақсатында Қазақстан халқының құқықтық мемлекет құруға ұмтылысы ретінде айқындалды.

Құқықтық мемлекеттің негізгі принциптерінің, ерекшеліктерінің бірі- барлық құқықтық актілердің мемлекеттің негізгі заңы – Конституцияға сәйкес болуы. 1991 жылы 16 желтоқсанда қабылданған «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Заң Қазақстан Республикасының егемендігін заңды түрде бекітті. Бұл заңның құрылымы және мазмұны тәуелсіз Қазақстан дамуының ең алғашқы кезеңдерінің мемлекеттік және қоғамдық қатынастарының реттелуіне сәйкес келді.

Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде дамуының жаңа кезеңі егеменді Қазақстанның қажеттіліктеріне жауап бере алатын Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамызда

осы екінші Конституциясының қабылдануымен сипатталады. Ол Конституцияның негізінде құқықтық мемлекетке бастау болған демократиялық дамуды бекіткен конституциялық заңдар қабылданды. Мемлекеттік-құқықтық жүйені түбегейлі өзгерткен реформалар жүргізіліп, қазіргі күндегі мемлекетті басқару жүйесі қалыптасып, жұмыс істей бастады.

Конституцияда заңның үстемдігін бекіткен, заң мен сот алдындағы тепе-теңдікті көрсететін басқа да баптарында құқықтық мемлекеттің идеясы өз дамуын тапты.

Құқықтық мемлекетті одан әрі дамыту жолында мынадай Конституциялық заңдар қабылданды: «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және ондағы депутаттардың мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», «Қазақстан Республикасының соттар және соттар дәрежесі туралы», «Республикалық референдум туралы», «Қазақстан Республикасының сайлау туралы». Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан Республикасындағы Конституция кеңесі туралы» конституциялық заңдық күші бар Жарлығы және басқа да заң актілері Қазақстанның ұлттық заң жүйесінің негізін қалыптастырды.

Жалпы алғанда, Қазақстанда құқықтық мемлекет құрудағы ең негізгі жетістіктердің бірі 1995 жылы қабылданған Конституцияда биліктердің тармақтарға бөлінуінің демократиялық принципінің бекітілуі болып табылады. Бұл қағидат Конституцияның 3-бабының 4-тармағында былай деп көрсетілген: «Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады».

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен 2002 жылы 20 қыркүйекте бекітілген Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының тұжырымдамасы Қазақстандағы құқықтық мемлекетті қалыптастыру жұмысын жеделдету және жетілдіруге қуатты серпіліс берді.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатты жүзеге асырудағы ең басты мақсаты халықаралық шартты-құқықтық саясат, ол әлемдік қарусыздану, экология, сауда, халықаралық терроризм, ұйымдасқан қылмыс, кіріс көзін жасыру, этносаралық қатынастар, адам құқықтарын қорғау, адамзаттың мәдени мұрасын сақтау.

Бүгінгі күні Қазақстан халқы өз алдына құқықтық мемлекетті негіздеп әрі жетілдіруді биік мақсат етіп қойып отыр. Бұл мақсатқа оңай жолмен жету мүмкін емес екені анық. Қазақстан Республикасы Президенті атап өткендей: «Ең алдымен, конституционализм дегеніміз – құқықты мемлекеттің басы, өйткені, ол енді абсолютті емес, бірақ әлі жан-жақты дамымаған. Мемлекетті конституцияландыру оны бастапқы ұйымдастыру көрінісі іспетті, ал мемлекеттік органдардың жанды тініне және қоғамның күнделікті өміріне конституциялық-либералдық ережелер мен нормалардың әрі қарай дендеп енуі құқықты мемлекет пен азаматтық қоғамға жол тарту болып табылады. Құқықтық мемлекет – бұл тұрақты конституциялық құқық тәртібінің нәтижесі. Азаматтық қоғам – экономикалық еркіндіктер мен либералдық-демократиялық тәртіп негізінде, кеңестік кезеңдегі көзі ашық авторитаризм элементтерімен болса да, жеке тұлғаның дербестігін орнықтыру және қоғамның өздігімен реттелуі салдары. Осыған байланысты айрықша айтарым, Қазақстаннан жоғары дәрежеде дамыған елдердегідей сияқты конституционализм жағдайына көзді ашып-жұмғанша көшуді талап ету әділетсіздік болар еді» [4].

Құқықтық мемлекеттің ең негізгі белгілерінің бірі заңның үстемдігі болып табылады. Құқықтық мемлекеттің қалыптасуын, дамуын, жетілуін, еліміздің конституциялық дамуынан көре аламыз. Өйткені, Конституцияда мемлекеттің дамуының барлық кырлары айқындалған.

Қазақстан Республикасы бүгінгі таңда конституциялық-құқықтық дамудың жаңа кезеңінде өмір сүріп отыр. Халықаралық талаптарға сәйкес жүргізілген конституциялық реформалар қоғамдағы саяси күштер мүмкіндіктерінің заңды консенсусы ғана емес. Ол жеке тұлға, қоғам және мемлекет арасындағы қолайлы қатынастарды орнықтыруға қызмет етеді.

Азаматтық қоғам – құқық және мемлекет тарапынан қорғалатын, қоғам мен мемлекеттің және оларға әсерін тигізетін, мемлекет тарапынан құрылатын қоғамдық құрылымдардың өміріндегі мәселелерді шешуге белсене қатысатын, жеке бостандыққа ие экономикалық тәуелсіз адамдардың қоғамы.

Кейінгі жылдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік тіл саясатын одан ары қарай жетілдіру жөніндегі комиссиясымен Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік тіл туралы» Заңын қабылдау туралы мәселе көтеріліп жүргені белгілі. Әйтсе де бұл Заң жобасы әлі талқыланып,

қарастырылуда. Алдағы уақытта бұл жобаның өз тиісілі деңгейіне жеткізіліп заңды күшіне енетіні анық. Өйткені бүкіл Қазақстан халқын біріктіретін маңызды бірнеше құндылықтар қатарында мемлекеттік тіл ең бастысы. Сондықтан барлық қазақстандықтардың тағдырына қатысты тіл саясаты қашан да болсын жалпыұлттық мүддені шешуге бағытталып құрылады және соған қызмет жасайды.

Сонымен, қорыта келгенде, қазіргі кезде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-саяси және экономикалық жағынан қарқынды дамуының негізі- мемлекеттегі ішкі саяси тұрақтылық болып табылады. Ал мұның басты кепілдігі- елдегі ұлтаралық татулық пен қоғамдық келісім екендігі еш даусыз. Сондықтан қазіргі кезеңдегі республикадағы ұлтаралық және дінаралық қарым-қатынас, этносаяси үдерістер, құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам құру, Қазақстан халқы Ассамблеясының саяси-құқықтық және тарихи мәні, мемлекеттік тіл және үштұғырлы тіл саясаты, мемлекеттік сәйкестілік қалыптастыру сияқты мәселелері Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтары болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан за годы независимости. 1997- 2007. (Статистический сборник), Астана, 2008. С.17
- 2 Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2007, Астана, 2008. Б. 672
- 3 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995. – 30 тамыз. 10 Б.
- 4 Назарбаев Н.А. «Шынайы конституционализмсіз ашық өркениетті қоғам жоқ». //Қазақстан Республикасы Конституциясының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Жеті Жарғы, 1996. 14 Б.
- 5 Мырзаев Б., Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер және дін саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері // «Дін және құқық» журналы №2 (10), Астана – 2009.

## РОЛЬ МИФОЛОГИИ И ИДЕОЛОГИИ В УПРАВЛЕНИИ МЕЖЭТНИЧЕСКИМИ ОТНОШЕНИЯМИ

ШАХАНОВ Е.

доцент, Академия государственного управления при  
Президенте Республики Казахстан, г. Астана

Своевременный анализ феноменов общественного сознания, особенно в межэтнических отношениях - веление времени. Идеология и мифология всегда играла роль доминант общественного сознания. Анализ их природы и значимости в период кризиса общества является задачей актуальной. Их взаимоотношения друг с другом, их влияние на поведение людей и на практику межэтнических отношений, их вклад в межэтнические отношения и процессы общественного согласия в нашем обществе является предметом данной статьи.

Нет общества без идеологий. Без идей значимых для существования определенной этнической группы и обеспечивающие их взаимодействия не может развиваться ни одна страна, ни один народ. Каждая социальная группа имеет собственную идеологию, которая способствует реализации их потребностей и устремлений. В содержании идеологии отражаются несколько ведущих идей, которые надлежит реализовать на практике в ближайшей или дальнесрочной перспективе. Примером является «Стратегия Казахстана 2050. Новый политический курс состоявшегося государства», определяющий вектор устойчивого долгосрочного развития нашей страны в XXI веке в быстро меняющихся исторических условиях [1].

Кризис в экономической жизни повлиял на падение уровня жизни населения, политической культуры, социального самочувствия. Ослабли общественные институты, резко снизился уровень гуманизма населения, которые могут привести к нарушению и разрушению культурно-идеологических основ общества, в том числе уникального во всемирном масштабе достижения общественного согласия в нашей стране. Потери от деградации и распада духовно-идеологической сферы социума могут стать невозвратными и невозвратными.

Прежде чем говорить о значении идеологии в общественных преобразованиях рассмотрим, природу идеологии и ее основные функции. Идеология – система политических, правовых, религиозных, эстетических и философских взглядов людей, где

осмысливается и оценивается их отношения к действительности. Она является относительно самостоятельным средством воздействия ускоряющее или тормозящее развитие общества. А.И. Яковлев определял ее как «духовно-практическую структуру в виде совокупности жизненных взглядов и практической деятельности, направленных на осуществление интересов и потребностей различных классов и социальных групп, где выражаются и защищаются сложные и противоречивые интересы народа и государства» [2, 74 с.]. Она обеспечивает стабильную деятельность общества и показывает уровень участия ее членов в материальной, политической и духовной сферах. Эффективность такого общественно-идеологического осмысления социума нельзя недооценивать.

Идеологическое осмысление носит универсальный характер. Основные функции идеологии:

- консолидирующая – объединение членов коллектива посредством единства идей и их стремление к действиям (или бездействию);

- аксиологическая – формирование и распространение ценностей и социальных норм;

- прогнозирующая – осуществление гипотетического образа идеи в определенной форме;

- нормативная – деятельность по созданию правил утверждающие поведенческие нормы в организации, нормы восприятия, мышления, отношений и т.п.;

- самоидентификация – разработка и представление членам общества социально-оценочных параметров для осмысления своего места и роли в обществе, ответы на вопросы «кто мы?», «куда мы идем?» и «почему мы, а не они?», а также сформировать условия для осмысления каждым своего места и роли в организации общественной жизни.

Если в стратегическом плане идеология выполняет свою (особенно прогностическую) роль, то на уровне группового сознания, т.е. жизнедеятельности этнических сообществ и социальных групп она не всегда выполняет свои задачи. В современном общественном сознании наряду с идеологиями социальных групп функционируют и мифологии. Причиной этому является слабость группового сознания. В ситуации когда в ней не находят четкого отражения основное содержание идеологических конструктов, этот вакуум занимают мифологии массового сознания.

Мифологии в групповом сознании выражают стихийный уровень реакции людей на реальное положение дел в обществе. Сколь бы идеологии, как рациональный инструмент влияния не были бы важны, они не могут заполнить все пространство сознания группы. В нем всегда присутствует мифологии, посредством которых члены групп, индивиды укореняются в наличном бытии. Мифологическое сознание по своей природе не является рациональным. Это непосредственное, внерефлексируемое мировосприятие. Мифологическое объяснение явлений и событий всегда имеет много вариантов и может оказаться недостоверным. Их значения в различных социумах может быть различным. Мифология может противостоять идеологии, но все же они функционируют в едином поле. Определять закономерности их взаимодействия является важной задачей. Поскольку сознание группы является целостной конфигурацией, то баланс между идеологией и мифологией может определяться нахождением границ их схождения.

Отсюда вытекает актуальность мифологического и идеологического сознания для межгрупповых взаимодействий, т.к. областью реализации мифологического сознания является повседневность, где живут и действуют представители этнических групп.

Надо отметить, что здесь постоянно бытуют старые и создаются новые мифы. Эти мифологии отображают интерпретацию современных межэтнических реалий и является важной частью межкультурного общения. Бытовая мифология существует по весьма старым мифологическим принципам, например, смешения каузальной и пространственно-временной смежности (отсюда происходит масса суеверных практик-примет, «счастливых», «несчастливых» и проч.). Страхи, включая массовые, также обусловлены не рациональным анализом их возможных причин, а мифологическим осмыслением происходящего и актуализацией мифологем (например, мифологемы социальной катастрофы, мифологем этнических чисток и погромов). Мифологическому сознанию следует приписать и обязательный поиск обывателем лично ответственного за что-либо происходящее, равно как и преувеличение роли участия в событиях, имеющих характер системной динамики, какой-либо личности. Здесь проявляется и чисто мифологическая установка одушевлять и персонифицировать окружающее. Ибо только таким образом осуществляется жизненность идей входящих в состав идеологий этнических групп.

Что выберет каждый человек из того, что предлагает идеология, задача всегда актуальная. Как правило, индивиды осуществляют выбор исходя из значимости той или иной идеи для него лично. Все остальные объекты в этот момент сливаются, становятся нечеткими и уходят в так называемый фон. Критерием выбора в данном случае является соответствие содержания идеологий и действительности, т.е., чем больше помогает идеология обеспечивать существование человека, тем начимей, притягательной она является. В результате идеология, переходя из внешнего во внутренне, становится индивидуальной установкой человека, преимущественно определяющее его поведение. Если же идеологии расходятся с жизненными, повседневными реалиями, то в сознании людей преобладают мифологии, а идеология отходит на второй план. В индивидуальном и групповом сознании доминируют мифологии, которые более всего способствуют обеспечению жизнедеятельности людей. Полнота ощущения жизни и признание ими мира реализуются и в этом случае. Здесь можно вспомнить В. Парето, который подчеркивал значение мифологии: «мифология не соответствует реальности, но его социальная роль огромна» [3, 47 с.].

Когда управление общественным сознанием не регулируют ситуацию, то некоторые этнические группы стремятся выдать собственные интересы, которые не соответствуют ценностям другой этнической группы, за всеобщие, не считаясь с идеологией другой этнической группы. Чем больше общенационального содержания в групповом сознании, тем публичным становится интересы той или иной группы.

Идеи ставшие притягательными для большинства населения обеспечивает высокий статус социальной группы в обществе. Если же идеология которую придерживается этническая группа является локальной, не в полной мере отражающей общественный интерес, то это означает, то что группа еще переживает стадию становления как этноса. В такой ситуации групповое сознание этносов более всего функционирует на основе мифологий, которые создают образы будущего состояния, нежели сегодняшний общественный статус. И чем дальше находится сознание этнической группы от всеобщего интереса, тем ниже социальная активность членов данной группы.

Борьба идеологий в обществе – закономерное явление. Именно совокупность идеологий способствует продвижению и реализации общественных интересов. Наибольшее распространение получают те идеологии, которые в своем содержании придерживаются идеи «общественного блага». А идеи обслуживающие интересы только

одной группы, не выходят за рамки ее интереса. Естественно такой интерес может быть менее притягательным для представителей другой группы.

Но идеология не может быть внедрена в сознание человека и группы силой. Это запрещено основным законом нашей республики. А автоматизма здесь нет, как себе думает массовое сознание.

Миф первый: в социальных отношениях казахи имеют преимущество. Миф очень распространенный. В качестве аргумента приводят статистические данные о том, что половину населения республики составляют казахи. Считают, что идеология казахского этноса, составляющего большинство, дает возможность довести ему в общественном сознании. Значит идеология казахов получает преимущество над идеологиями остальных этносов. Такие благодусные установки тиражируются СМИ и создают в массовом сознании представителей этнических групп фетиши и симулякры. Хозяева СМИ, журналисты вытаскивают из глубин сознания читателей этнические, зачастую эгоистические обрывки старых установок не соответствующие новым реалиям, некритически воспроизводят их, не доводят до осознания и оценки человеком и обратно вносят в обыденное сознание читателей. Естественно, что через осознание такую информацию они не пропускают, употребляют как готовую. Таким образом у определенной части казахов создается уверенность в наличии преимущества по отношению к другим представителям этносов. Они иногда «прозревают», узнав, что они оказываются имеют равные права как все, вмиг чувствуют себя обманутыми, обойденными. Такая ситуация опасна, тем что «обманутые» в своих завышенных ожиданиях готовы совершать эмоциональный эпатаж, на поиски недозволенных, иногда незаконных путей решения проблемы.

Миф второй: государство должно иметь идеологию. Защитники государственной идеологии ссылаются на опыт Советского Союза. Мол там идеология была, она оказывала сильное воздействие на сознание людей и на их воспитание. Вследствие этого, якобы был порядок. Но порядок был античеловеческим. Идеология тотально предписывала каждому человеку что сказать и что делать. Все было жестко регламентировано. Человек был винтиком, никого не интересовала его воля, интересы. Это стало возможным в силу слияния государственной власти и коммунистической идеологии. Советская власть поддержала только одну – коммунистическую, тогда как существовали и другие идеологи (демократическая,

либеральная, монархическая, демократическая и т.д и т.п.) Такой симбиоз создал ситуацию, когда одной-единственной идеологии было дано правообслуживать интересы и других социальных групп. Естественно, что коммунистическая идеология выполняла несвойственные ей функции быть «общенациональной идеологией» и одновременно быть и идеологией существующих в стране социальных групп. Интересы последних официальная идеология декларировала, но не защищала. Поскольку задача заведомо невыполнимая, коммунистическая идеология для влияния на членов других социальных групп использовала силу власти. Государство была рупором одной только коммунистической идеологии и вела соответствующую политику возвышающую среди множества социальных групп, лишь одну. Опора на принцип классовой борьбы внутри страны превратила ее в «тюрьму народов», когда большинство этносов стали изгоями общества.

Общественное сознание состоит из совокупности различных идеологий. Классы, слои, объединения, группы входящие в социальную структуру общества имеют собственную идеологию, объединяющие их членов в единое целое. Содержание идеологий определяется несколькими ведущими идеями. В них аккумулированы базовые ценности которые признаются и придерживаются большинством членов группы. Многие члены группы не только разделяют эти ценности, но готовы их отстаивать и защищать. Специфическое содержание ценностей является критерием различия идеологий друг от друга. Поэтому не может быть одинаковых идеологий. Именно различные идеологии манифестируя ведущие ценности способствуют реализации собственных групповых интересов. Защита этих интересов главная цель членов группы, которое инициирует борьбу идеологий. В общественном сознании представлены идеологии, всех без исключения, этносов. Имеются условия для их беспрепятственного функционирования гарантированное государством.

И сегодня каждая социальная группа хотела бы видеть свою идеологию в качестве государственной. Но за это нужно побороться публично на страницах СМИ, дискуссионных площадках, повлечь на человека словом и делом. Необходимо реально доказывать состоятельность собственной идеологии, не прибегая к манипулированию. Государство создает равные условия для всех идеологий и дает возможность защиты групповых интересов. Не может быть государственной идеологии и оно не

может придерживаться только одной идеологии. В основном законе нашей республики это закреплено законодательно. Иначе государство превращается в Левиафана. Страна вмиг лишается всех демократических, либеральных традиций и ценностей.

Миф третий: мессианская роль казахов. Стабильность межэтнических отношений в республике, в основном, зависят от представителей следующих этносов: казахского, русского, уйгурского и чеченского. А главную роль как государствообразующая, титульная нация играют – казахи. Только казахи смогут сформировать все этносы в единый Казахстанский народ. Эта мысль о том, именно благосостояние казахов является ключом дружбы и толерантности, на разные лады повторяются на страницах многих СМИ. Если трезво рассудить, то речь идет о возвышении казахов, и принижении остальных этносов. Все этносы, без исключения, управляют собой и являются самодостаточными социальными группами. В недавнем прошлом русские были «большим братом», а теперь казахам приписывается выполнение этой роли.

Миф четвертый: казахов спасет ислам. Казахи большой промежуток времени придерживались исламо-тенгрианской установки. Ислам в Казахстане сохранил в своем содержании и законсервировал элементы древних архаических религиозных представлений казахов. Сегодня казахи повернулись лицом к классическому исламу избавившего их от старой архаики. Тенгрианство автохтонное явление вынашивала в себе национализм и местничество. А ислам не укладывается в эту схему. Тем самым ислам как универсально-всеобщее знание, помогает казахам преодолеть узкий горизонт национализма.

Но, ислам и национализм казахов разные явления. Если в стране, где укоренено суннитское направление ислама и ханафитский мазхаб, часть населения входят в состав ваххабизма, бахаизма и др. сект, то это показатель низкого уровня имламкого религиозного просвещения. Опора казахских националистов на ислам не оправданы. Исламские секты могут поддержать национализм казахов, лишь одном случае, если они примут идею установления Халифата на территории Казахстана. Они предлагают вместо казахства (казахскости) мусульманство и идею «чистого ислама». Сектанты целенаправленно влияют на размывание семейных, национальных ценностей. Нельзя забывать, что благодаря этим ценностям, традициям и обычаям (уважение к старшим, кровнородственным и общинным взаимосвязям) казахи ощущают

себя полнокровным современным этносом. Такая ментальность защищает казахов, отторгая влияние сектантов, создавая иммунитет против их идей. Казахские националисты и исламские сектанты находятся по разные стороны и у каждого свои интересы. Казахских националистов больше интересует борьба за власть в своей стране. Это им намного ближе, чем смутный образ Халифата, с которым казахи себя не идентифицируют.

Исторически успехи распространения ислама в казахской среде в большей мере было связано с его просветительским содержанием. Благодаря этому религиозное образование получило достаточно широкое распространение в ареалах обитания казахского населения. Современные казахи переживают вторую волну приобщения сокровищнице ислама. Понимание ислама как культуры и образования остается все также ведущим мотивом. Обращаясь Корану и Сунне приучая себя к осознанному восприятию требований, норм и строгому выполнению их, казахи формируют в своем поведении на новом уровне культуру и ценности ставшие частью общечеловеческой культуры. Своевременное отправление намаза, обязательное участие в пятничном намазе, соблюдение уразы независимо от природных сезонов, своевременное передача зекет – приучает казахов мусульманским порядкам. Выполняя нормы и положения священных книг, казахи формируют в себе толерантность, соблюдение норм, уважение к человеку, организованность и другие культурные ценности. Осознавая их, и посредством этого казах достигает большей внутриличностной целостности, наполненности и осмысленности жизни, улучшение контакта с представителями других этносов и с внешним миром в целом. Главное, вера в единого Аллаха способствует возвышению авторитета государства как его представителя на земле.

Миф пятый: деидеологизация межэтнических отношений. Во-первых, согласно этому мифу в сознании этносов уменьшается роль идеологии. Деидеологизация влияет на усиление роли мифов в сознании представителей этносов. Во-вторых, раз нет идеологии, то этносы исключаются от идеологической борьбы за собственные идеалы. Это равно отказу в признании этнических групп в качестве закономерных элементов социальной структуры общества. Таким образом имеется попытка защитить этносы от излишней опеки политиков и идеологов и от влияния традиционной среды, защищающей свои этнические ценности. Для властных структур деидеологизация означает защиту от морально-идеологической цензуры со стороны этнических групп.

В заключение отметим, что своевременный анализ процессов происходящих в общественном сознании казахстанцев, дает возможность определить риски в области межэтнических отношений, для опережения социальных конфликтов.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 «Стратегия Казахстана 2050. Новый политический курс состоявшегося государства».
- 2 Яковлев А.И. Оптимизация идеологической работы. –М.: Политиздат, 1990.
- 3 Парето В. Трансформация демократии. – М., Территория будущего, 2011.
- 4 Гуревич П.С. Социальная мифология. М., Мысль, 1983.

### ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС КОНТЕКСТІНДЕГІ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ

ТЫШКАНОВА Н. С.

Этносаралық және конфессияаралық үрдістерді зерттеудің аймақтық ғылыми практикалық орталығының директоры,  
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
АУБАКИРОВА С. С.

докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Толеранттылық басқаны сол қалпында өз бойындағы ерекшелігімен қабылдауды, адамдардың сұхбат пен келісім негізінде бір-бірімен араласуын білдіреді. Сондықтан, ол қазіргі халықтардың бір-бірімен араласуының, қарым-қатынас жасауының шарты болып табылатын, этносаралық, конфессияаралық процестердің талабына сай келетін маңызды феномен болып табылады. Қазіргі өркениет әр түрлі этностардың, діндер мен мәдениеттердің өкілдеріне толерантты қатынас жасау негізінде ғана сақталып, дамиды. Бүгінгі құндылықтар дағдарысынан шығу қоғамның ескі құндылықтық жүйесінен жаңа жүйеге ауысып, жаңа гуманистік дүниетаным қалыптастыру арқылы өзгеге қатынас жасау механизмін өзгерту негізінде ғана мүмкін болмақ.

Өлемдік қауымдастықтағы күрделі халықаралық қатынастардың, конфессияаралық және мәдени қарым-қатынастардың тиімді әрі әділетті болуының бірден-бір шарты болатын толеранттық принципі ғылыми тұрғыдан түсіндіруді, пайымдауды қажет



ететіндігі белгілі. Толеранттылық халықаралық, қоғамдық және тұлғааралық қатынастардың маңызды талабы болып табылады. Басқа этностардың, діндер мен мәдениеттердің өкілдеріне деген құрмет, тең қатынас, төзімділік – бұл өркениеттің жемісті болуының бірден-бір шарты.

Қазіргі күні әлем қатыгездіктің кең тарап отыруының куәсі болып отыр, бүгінде әлеуметтік-саяси, діни, этникалық мәселелердің шешілуі күш көрсетумен ғана жүзеге асырылатындығы ешкімге де жасырын емес. Осыдан басқа өмірлік құндылықтарды және басымдылықтарды негіздейтін жаңа толеранттылық философиясын тарату заңдылығы туындайды.

Толеранттылықты этикалық тұрғыдан қарастыратын болсақ, ол өздігінше маңызды құндылық болып табылады. Мұнда толеранттылық ешқандай шарттармен шектелмейтін жалпы принцип, іс-әрекет ретінде пайымдалады. Мұндай типтегі толеранттылық кез-келген идеялардың, пікірлер мен көзқарастардың тең дәрежелігін талап етеді. Бұлай десек, «толеранттылық» «плюрализмге» сәйкес келеді. Осылай сипатталатын толеранттылық зомбылықты мүлдем жоққа шығарады, оны абсолютті зұлымдықпен теңестіреді [1, 72-81 б.].

Толеранттылықты бұлай қарастыру оның салыстырмалы сипатын анықтайды, ол басқалардың пікірлері мен принциптерін қабылдауды мүмкіндік ретінде қарастырады. Әрине, олар мораль принциптеріне қайшы келмеуі керек [2, 5-27 б.].

Толеранттылықты өзінше бір мақсат ретінде қарастырмау қажет, ол бір қоғамда бірлесіп тіршілік етудің белгілі бір құралы, механизмі болуы керек. Төзімділік ретінде түсінілетін толеранттылық адамдардың бір-бірін, белгілі бір топтарды құрметтеп, оларға төзімділікпен қарауын, мәртебесін, құқықтарын бағалап, сыйластықпен ықлас білдіруін көрсетеді. Ол мәдениеттердің сұхбатын, консенсусқа келуді, бейбіт тіршілік етуді басымдылық ретінде ұстанатын жағдайдың сипаты іспеттес.

Бүгінгі қоғамда басқа этнос, мәдениет, діни конфессиялардың өкілдеріне нейтралды төзімділікпен ғана емес, белсенді, қызығушылықпен, өзінің позициясына рефлексивті қатынасқа негізделген толеранттылық бағаланады.

Қазақстан – қазақ ұлтының, оның мәдениетінің, тілінің, тарихи дәстүрлерінің жетекші рөлін сақтай отырып, көп дінді және көп ұлтты қоғам және мемлекет ретінде дамып отырған ел. Қазақстанда бірнеше этностардың бірге өмір сүруінің зор

әлеуметтік, саяси, адамгершіл-этикалық тәжірибесі жинақталып, көптеген этностардың рухани құндылықтарының жемісті алмасуы жүзеге асқан. Қазақстан халқының тарихи жадында этносаралық қатынастардың ерекше тәжірибесі бар.

Әлемде қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени қатынастардың ең күрделі, қарама-қайшы әрі нәзік қырларын этностардың арасындағы қатынастар құрайды және олар елдегі саяси ахуалға, экономикалық және әлеуметтік қатынастардың жағдайына, мемлекеттік-құқықтық институттардың тиімділігіне, мемлекеттік ұлттық саясатының пәрменділігіне негізделеді. Адамдардың материалдық және рухани құндылықтармен, тәжірибемен, этностардың мәдени жетістіктермен, өмір сүру салттарымен, тұрмыстағы ерекшеліктермен өзара алмасуы этностардың қарым-қатынас жасау барысында жүзеге асады. Мәдениеттердің өзара кірігуі ұлтты байытып қана қоймай, адамдардың өзара әрекеттері мен өзара түсіністігін, олардың инновациялық құндылықтарды қабылдауын қамтамасыз етіп, ұлтаралық қатынастардағы келеңсіздіктерді түзеуге көмектеседі. Әлемдік мәдениеттің бір бөлігі ретінде әрбір мәдениет адамзатқа ортақ рухани құндылықтарды жасауда серіктес ретінде қызмет атқарады.

Сонымен бірге, этносаралық қатынас барысында өзара әрекет жасайтын халықтардың дәстүрлі түсінігіндегі, көзқарасындағы, мүддесіндегі, дәстүрі мен құндылықтарындағы ерекшеліктер қақтығысы орын алады, сондықтан оларнайы моральдық, әлеуметтік-психологиялық, саяси-құқықтық реттеуді, тікелей этносаралық байланыс саласында тұлғаның мінез-құлқына әлеуметтік бақылау жүргізуді қажет етеді. Этносаралық қатынастардың жоғарғы мінез-құлықтық мәдениеті күнделікті этносаралық байланыстарды реттеудің ең маңызды факторы болып табылады. Бұл салада тиісті моральдық, саяси-құқықтық реттеу болмаса, этносаралық қарама-қайшылықтар этносаралық қарсылыққа, жанжалға ұласып кетуі мүмкін.

Қарым-қатынас жасау мәдениеті топтар мен тұлғалардың байланысы контекстінде этносаралық өзара әрекеттердің қайшылықты жағдайында адамның мінез-құлқына әлеуметтік бақылау жүргізудің маңызды түрі болып табылады. Бұл тұста, қарым-қатынас мәдениетінің мәні оның төзімділікті этносаралық сұхбатқа бағытталған әртүрлі ұлттың адамын біріктіретін рухани және саяси құндылықтарға, этномәдени дәстүрлер мен ұйғарымдарға негізделуінде.

Қарым-қатынас мәдениеті ұлттық-мәдени дәстүрлерден тыс, өздігінен өмір сүрмейді. Ол аталған қоғамдастықтың жалпы мәдениеті контекстінде жүзеге асады. Сонымен, ұлтаралық қарым-қатынастың мәдениеті ұлттық мәдениеттердің бір бөлігі болып табылады. Қызметтік тұрғыда ол адами қарым-қатынастардың мәдениетімен байланысты. Ол белгілі бір дәуір мен белгілі бір қоғамға тән қасиеттермен сипатталады. Оның негізінде әр халықтың бейбіт, өркениетті қатар өмір сүру, достық қарым-қатынастың ғасырлар бойы жинаған тарихи тәжірибесі жатыр. Бұл тәжірибе дәстүрлерде бекіп, ортақ мүддені көздеп, қатар өмір сүруде жүзеге асады.

Этносаралық қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуы күрделі, ұзаққа созылған үдеріс және ол қоғам өміріне өздігінен кірігіп, адамдар мінез-құлқында механикалық түрде жүзеге аспайды. Адамзатқа ортақ құндылықтар мен нормалар ұлтаралық қатынастарды реттеудің негізгі факторы болып табылады. Түзу, әдепті, төзімді қарым-қатынастан шүбәсіз нақтылыққа айналуы тиіс. Ол үшін тұрғындарды, ең алдымен, жас буынды үйретудің, білім беру мен тәрбиелеудің барлық сатыларында тиімді жұмыс атқару қажет.

Тарихи тәжірибе мен әлемдегі қазіргі жағдай ұлтаралық қатынастар саласындағы әлеуметтік шындықты гуманистік рухани-тәжірибелік тұрғыда өзгертуді талап етеді. Бәріміз де этносаралық қарым-қатынастардың гуманизациясы қажетті әлеуметтік мұқтаждыққа айналғанын және оның сұхбат пен төзімділік қағидаларына негізделіп, құрылуын мойындаймыз. «Бүгінгі таңда қажетті және қалаулы келісімге жеткізетін мәдениеттер мен өркениеттер кеңістігін қалыптастыру жанжалды әлемді әлеуметтік және мәдени тұрғыда реттеудің басым түріне айналып отыр. Қатар өмір сүру мен ынтымақтастықтың бір түрі ретіндегі сұхбат монополияның, үстемдіктің, басымдылық пен зорлықтың баламасы болып табылады» [3, 134 б.]. Сондай-ақ, қоғамдағы әлеуметтік-саяси, экономикалық тұтастықты және қоғамдық келісімді сақтап қалу үшін, ең алдымен, қоғамдық дамудың қазіргі талаптарына сай қоғамдық институттардың бірінші кезекте, гуманизм мен төзімділік қағидаларына негізделген білім беру институтының қызмет етуінің жаңа үлгісін жасау керек. Білім беру жүйесі арқылы жастардың өмірдің бағыт-бағдарының қалыптасу үдерісіне ықпал етуге болады. Білім беру жүйесі ұлтаралық қатынастарды реттеу тетігі саналады, өйткені жастар қоғамдық дамудың әлеуеті болып

табылады. Жастардың моральдық-адамгершілік жағдайы қоғамның дамығандығының нақты белгісі болады.

Әлеуметтік саладағы қазіргі жағдай білім беру мекемелерге жастар санасында қоғамдық түсініктер мен ұстанымдарды қалыптастыруға байланысты өте күрделі міндетті қояды. «Қазіргі қазақстандық жастар, ТМД-ның басқа елдеріндегі жастар сияқты, көптеген дәстүрлі құндылықтардың құнсыздануы және жаңа әлеуметтік қатынастар мен нормативтік-құндылықтық түсініктердің қалыптасу жағдайында өмірге есік ашуда» [3, 69 б.]. Қоғамдық түсініктер мен ұстанымдардың негізін жалпы азаматтық және этникалық бірлікке, ұлтаралық қарым-қатынастардың мәдениетін қалыптастыруға, ұлтаралық төзімділік пен менталдық сәйкестілікке септігі болатын адамгершілік, келісім мен төзімділік, құндылықтар мен мұраттар құрауы тиіс, өйткені осындай негізде ғана рухани және өнегелілік саласындағы жағымсыз үрдістерді жоюға болады.

Рухани және әлеуметтік-мәдени дағдарыстан шығу жолы қоғамды ұйыта алатын жаңа өнегелілік бағдарларда жатқан сияқты. «Жалпы азаматтық бірігудің құндылықтық, рухани-адамгершілік негіздері діни ілімдердің мазмұны мен этникалық дәстүрдің мәдени құндылықтарына тәуелді емес. Тұлғаның және қоғамдағы топтардың рухани-адамгершілік әлемін қалыптастыратын діннің жағымды не жағымсыз әсері туралы әңгіме мәңгі болмақ. Бұл жерде адамның басқа этникалық қоғамдастыққа жататын, өзге өмірлік құндылықтарды, діндерді, идеологиялар мен саяси көзқарастарды ұстанатын адамдарға өзінің гуманистік қарым-қатынастарының саналы түрдегі негізі ретіндегі осындай дүниетанымдық және мәдени универсалияларға деген *тұлғалық көзқарасының* маңызы зор» [4, 232 б.].

Адамгершілік, руханият, төзімділік, бейбітшілік, ізгілік, әділдік, өзара түсіністік, өзара құрмет – ұлтына, нәсілі мен дініне қарамастан, барша адам үшін сөзсіз маңызды тегеурінді талаптар. Бұл негіздегі ұлтаралық қарым-қатынастың мәдениеті адамның ұлттық ар-намысына тікелей немесе жанама түрде қысым жасаудың, кемсітушіліктің, құқық теңсіздігінің, этникалық негізде зорлықтың кез келген түрін қабылдамауды білдіреді.

Ұлтаралық қарым-қатынас саласындағы гуманизм этникалық тамырлары мен нәсілдік ерекшеліктеріне қарамастан адамның тұлға ретіндегі құндылығын, оның еркін дамып, өз қабілеттерін көрсету құқықтарының шартсыздығын мойындауды талап етеді. Гуманистік ұлттық саясатты жүргізу дегеніміз – ұлтаралық

қарым-қатынастарды барлық интернационалдық өзара әрекетке қатысушылардың мүдделерін ескеріп, реттеу деген сөз. Этноұлттық саясаттың гуманистік стратегиясы жалпы адами басымдылықтарды, құндылықтарды, рухани бастауларды жүйелі жүзеге асыруды, қазіргі саяси және экономикалық пайдадан гөрі, адамгершілік стимулдардың басымдылығын білдіреді. Қоғамдық-саяси, ұлттаралық қарым-қатынастардың гуманистік құндылықтары мен дәстүрлері ғасырлар бойы қалыптасып, қазіргі маңызды құқықтық құжаттар мен саяси декларацияларда (БҰҰ жарғысы, ЕҚЫҰ құжаттары және т.б.) бекітілген. Олар Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасында жүзеге асқан. Мәселе оларды ұлттаралық өзара әрекеттер мен қарым-қатынастардың барлық деңгейінде нақты саяси және құқықтық тәжірибеде жүйелі әрі мүлтіксіз жүзеге асыруға байланысты.

Тәуелсіздік жағдайында алынған тәжірибе этникалық императивтердің ел ішінде немесе басқа елдермен байланыста орындалмауы мүмкін емес белгілі бір шарттарды қоятынын көрсетіп отыр. Сондықтан Қазақстанда, негізінен, жағымды бағытта дамып отырған ұлттаралық өзара әрекеттерді реттеудің белгілі бір үлгісі жасалған. Сонымен бірге, талдау көрсеткендей, жарияланған ұлттық саясаттың бағыты мен оны жүзеге асырудың нақты тетіктері арасында, этносаралық бірігудің мінсіз нормативті үлгісі мен этносаралық өзара әрекеттің қайшылықты, көбінесе, жанжалды сипаты арасында белгілі бір алшақтық бар. Мұның бәрі кейбір жағдайда ұлтшыл және шовинистік уәждерді бүркемелеудің, өзін басқа этникалық қоғамдастықтардың өкілдерінен ерек санап, тіпті, артық көру сезімін туғызудың құралы ретінде отансүйгіштік құндылықтардың қабылдануына әсерін тигізеді.

Қазіргі Қазақстан – тарихи-мәдени мұрасы бай жас, амбициясы зор мемлекет ретінде алдына биік әрі бекзат мақсаттарды қояды және оларға қол жеткізуге әлемдегі қаржылық-экономикалық жаһандық дағдарыс та кедергі бола алмайды. Қазақстанның ұлттық идеясының рухани-адамгершілік негізіне адамның жаңа дүниетанымының және практикалық өмірінің қалыптасуындағы негіз ретінде гуманизм алынуы тиіс.

Бірге-бірте Қазақстан өзінің даму жолына түсуде, сонымен қатар, өзінің біртектілігі мен тұтастығын сақтай отырып, сол жолмен жүру қабілетін де қалыптастырып келеді. Қоғамның тарихи-мәдени дәстүрлері бізге гуманистік дүниетанымды, адам мен оның қазіргі қоғамдағы орны туралы жаңа тұжырымдаманы жасауға мүмкіндік

береді. Біздің пікірімізше, ондай дүниетанымда зор жасампаз бастау бар және ол адамға әлеуметтік өзгерістер ағысында тұрақтылық теңгерімін табуға мүмкіндік беретін маңызды құндылықтық бағдар болып табылады.

Қазіргі жаһанданып бара жатқан әлемде ең қауіпті нәрсе қазіргі өмір сүріп жатқан адамдардың, әсіресе, жастардың ұлттық-мәдени мұрадан мақсатты түрде ажырату, буындар арасындағы байланыстарды үзіп, ежелден қалыптасқан бейімделу және өзін-өзі тану тетіктері мен өлшемдерді бұзу. Ол үшін әртүрлі құралдар қолданылуға: таза алдау мен олардың санасы мен мінез-құлқына арсыз әсер етуден бастап, өмірлік мәні бар құндылықтар бағанын өзгертуді талап ететін өктем шарттарды қою (үрейлендіретін тәсілдер арқылы экономикалық, саяси өктемдік жүргізу)...

Бұл жағдайда бұрында терең рухани-адамгершіл мазмұнды жеткізетін, әмбебап мағынасы бар категориялар өзінің дүниетанымдық сипатынан айырылып, саяси-идеологиялық және технологиялық құралға айналады. Ондай «аластанған категорияларға»: «парызды», «намысты», «арды», «ұжданды», «әділдікті», «отаншылдықты» жатқызуға болады және олардың шынайы мазмұны құнсызданып, бұрмалануда.

Гуманист Г. Гивишвили төзімділікті «ұлттық, діни немесе таптық сезімдермен салыстырғанда, жетілген өркениетті деңгейдегі әлеуметтік түйсіктің көрінісі» ретінде бағалайды. Төзімділік – ең жоғарғы деңгейдегі әлеуметтік түйсіктің, яғни гуманизмнің даму жолында алға басқан қадам [5, 202 б.].

Қазақстандық қоғам көп ұлтты болғандықтан, ұлттарды жақындасуға және қосылуға итермелейтін мүддені ынталандыратын тетіктер қажет. Г.Гивишвилидің пікірін қостай отырып, біз, гуманизм бұл ауқымды міндетті орындауға шамасы келеді дей аламыз. Өйткені қазіргі әлем полисемантикалық сипат алған. Ю. Хабермас айтқандай, біз бір мәдениеттің екінші мәдениеттен жоғарылығы туралы қазіргі күні айту мүмкін емес. Қазіргі жаһандану процесінің кең таралған кезеңінде мәдениеттер бір-бірімен тең дәрежеде араласады, сұхбатқа түседі, бір-бірін байытып, бүкіл адамзат үшін ортақ құндылыққа айналады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Гусейнов А. А. Этика ненасилия // Вопросы философии. - 1992. - № 3.

2 Федотова Н.Н. Толерантность как мировоззренческая и инструментальная ценность // Философские науки. - 2004. - № 4.

3 Нысанбаев А.Н. Становление толерантного общественного сознания в Казахстане //Формирование толерантного сознания в современном казахстанском обществе. - Алматы: Институт философии и политологии Комитета науки МОН РК, 2009, - 327 с.

4 Айдарбеков З.С. Казахская молодежь: ценности, приоритеты, стратегии самоопределения. - Алматы: издательство «Исламнур», 2008. – 328 с.

5 Гивишвили Г. Гуманизм и гражданское общество. Учебное пособие для учащихся средних и общеобразовательных учреждений. – М.: Российское гуманистическое общество, 2003. - 239 с.

## МАЗМҰНЫ

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті ректорының м.а., с.ғ.д., профессор А. А. Ақышев алғы сөзі .....3

### Пленарлық отырыс Пленарное заседание

<b>Жетпысебаев С. К.</b> Роль Ассамблеи народа Казахстана в процессе формирования казахстанской идентичности.....	6
<b>Ифандопуло Л. П.</b> Ассамблея народа Казахстана – институт консолидации гражданского общества (современный тренд национального единства страны) .....	14
<b>Мамытова С. Н.</b> Ассамблея народа Казахстана: история, актуальное положение, перспективы.....	18
<b>Жапекова Г. К.</b> Сохранение этнокультурного разнообразия мира в условиях глобализации .....	26

### 1 Секция. Этникааралық тұрақтылық пен әлемдік қауымдастық қауіпсіздігін нығайтудағы Бірінші Президенттің, Ұлт көшбасшысы Н. А. Назарбаевтың рөлі 1 Секция. Роль Лидера Нации, Первого Президента Н. А. Назарбаева в укреплении межэтнической стабильности и безопасности мирового сообщества

<b>Абдакимова Д. А.</b> Внешнеполитические инициативы Президента Республики Казахстан ...	32
<b>Аскарова А. А.</b> Қазақстан Республикасында саяси ұлт қалыптастыру стратегиясы.....	39
<b>Беденқұлова А. Ж.</b> Мәңгілік ел – Қазақстан жолының ұлттық идеясы .....	43
<b>Жолдасбаева Ж. Ж.</b> Тәуелсіздік тұғыры.....	49
<b>Қалдыбай Б. О.</b> Этносаралық татулық-саяси тұрақтылық кепілі .....	55
<b>Меркеева А. Т.</b> Ырыс алды ынтымақ.....	60

<b>Науқенова А. Г., Сартова Р. Б.</b> Государственное регулирование трудовой миграции в Республике Казахстан.....	65
<b>Теренченко И. С., Пряхин В. П.</b> Инициативы президента РК Н. А. Назарбаева в вопросе интеграции .....	73
<b>Устаева А. С., Муслимова Р. С.</b> Қазақстан халқы Ассамблеясы – Ел бірлігі мен бейбітшілік пен келісімінің Назарбаев моделі.....	80

**2 Секция. Қазақстан халқы Ассамблеясы – этникааралық және  
конфессияаралық келісім мен бейбітшіліктің кепілі**  
**2 Секция. Ассамблея народа Казахстана – залог  
межэтнического и межконфессионального согласия и мира**

<b>Артықбаева С. А.</b> Қазақстан ұлтаралық рухани мүддені сақтау- жастарға сабақ.....	89
<b>Асылханова К. Ж.</b> 2015 жыл – Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы.....	92
<b>Байкежанова Б. Р.</b> Қазақстан халқы Ассамблеясы- этникааралық келісім мен бейбітшілік кепілі.....	94
<b>Бисен Д. А.</b> Ассамблея мың балаға мемлекеттік тілді үйретеді.....	101
<b>Енсенбаева Ж. Ә.</b> Бірлік түбі-береке.....	104
<b>Жетписбай Х., Устаева А. М.</b> Мемлекетіміздегі ұлттар арасындағы бейбіт қарым-қатынас .....	108
<b>Итемгенов Б. Ұ.</b> Қазақстан халқы Ассамблеясы: еліміздегі этникааралық саясаттың тәжірибесі мен болашағы.....	117
<b>Кашенова Г. Ж.</b> Ассамблея народа Казахстана и ее роль в укреплении единства и толерантности .....	122
<b>Кусайнова С. К.</b> Қазақстан халқы Ассамблеясы – этникааралық және конфессияаралық келісім мен бейбітшілік кепілі .....	125
<b>Муканова А. А.</b> Толерантное воспитание подрастающего поколения на основе идей мира и согласия (К 20-летию Ассамблеи народа Казахстана) .....	130
<b>Мырзалиев А.</b> Ассамблея – татулық халық мұраты .....	133
<b>Орынбаева Ю. В.</b> Ассамблея народа Казахстана – залог межэтнического и межконфессионального согласия и мира.....	139

<b>Рахимова А. А.</b> Жастар Қазақстан халқының бірлігі үшін.....	142
<b>Тоғайбекова Г. К.</b> Ассамблея народа Казахстана – залог межэтнического и межконфессионального согласия и мира.....	150
<b>Тыщенко Г. И.</b> Роль Ассамблеи народа Казахстана в межэтническом согласии.....	158

**3 Секция. Көпұлтты мемлекеттердегі этноұлттық  
құрылымдар мен этникааралық үрдістерді басқару**  
**3 Секция. Этнонациональные конструкции в  
многонациональных государствах и управление  
межэтническими процессами**

<b>Аимбетова Г. А.</b> Бірлігі жарасқан елдің ырысы мол.....	162
<b>Алтаева А.</b> Ата дәстүрін сақтаған ұлт.....	165
<b>Баданов Т.</b> Тыныштық, туыстық, ұғыстық.....	169
<b>Бауыржан А., Неғыманов Е. Ө.</b> Қазақ жүздері мен тайпа – руларына кірмейтін ру – этностар.....	173
<b>Бекетова Б. А.</b> Корёден тамыр тартқан ұлт.....	178
<b>Ержанов Е. А.</b> Турки-месхетинцы в этнополитической истории современности .....	182
<b>Жубанышева С. Ж.</b> Мемлекетіміздегі ұлтаралық қатынастар тұтастығы.....	190
<b>Жұматаева Е., Беисова А. Е., Исақова З. С.</b> Ұлттық құндылықтардың консолидацияға ықпалы .....	196
<b>Исаева З. А.</b> Актуальные проблемы и перспективы развития профессиональных кадров в сфере межэтнических и межконфессиональных отношений ...	202
<b>Исмаилов Б. Т.</b> Сан ұлтты бауырына басқан ауыл.....	208
<b>Каиргельдинова К. К., Сулаймонова А. Н.</b> Ұмытылып бара жатқан мұра .....	213
<b>Картаева С. Т.</b> Өнегесі көпке ортақ (Өзбек халқы туралы) .....	215
<b>Қырықбаева А. О.</b> Баға жетпес байлығымыз – Ел бірлігі.....	220
<b>Тәжібек А. Ә.</b> Жаңа әлемдегі Қазақстан мемлекетінің басымдықтары.....	225

**Шаханов Е.**

Роль мифологии и идеологии в управлении межэтническими  
отношениями .....231

**Тышканова Н. С., Аубакирова С. С.**

Этносаралық қарым-қатынас контекстіндегі толеранттылық .....239

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ  
20 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ  
– ЖАҒАҢДАҢУ ҮРДІСІНДЕГІ БІРЕГЕЙ ҮЛГІСІ» АТТЫ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Техникалық редактор Б. В. Нургожина  
Корректорлар: А. Елемесқызы, А. Р. Омарова  
Компьютерде беттеген А. Елемесқызы  
Басуға 23.02.2015 ж.  
Өріп түрі Times.  
Пішім 29,7 × 421/4. Офсеттік қағаз.  
Шартты баспа табағы 13,1 б. Таралымы 500 дана.  
Тапсырыс № 2503

«КЕРЕКУ» баспасы  
С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.